

## Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 906 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 наурыздағы № 139 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.03.2018 № 139 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 16) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 5 тамыздағы  
№ 906 қаулысымен  
бекітілген

## Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

### 1. Жалпы ережелер

#### Қолданылу саласы және тәртібі

1. Осы Талаптарда отын ретінде пайдаланылатын артық қысымы 1,2 МПа (12 кгс/ шаршы см.) аспайтын сұйытылған табиғи газбен және артық қысымы 1,6 МПа (16 кгс/ шаршы м.) артық сұйытылған мұнай газымен (бұдан әрі – СМГ) жабдықтау жүйелерін жобалауға, салуға және пайдалануға қойылатын талаптар белгіленеді.

2. Талаптар мыналарға:

1) қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің (кентаралық елді мекендерді қоса алғанда), өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы және басқа да кәсіпорындардың газ құбырларына (бұдан әрі кәсіпорын – газ жабдықтау жүйелері объектілерінің иелері болып табылатын заңды және жеке тұлғалар);

2) газ реттейтін пункттерге (бұдан әрі – ГРП) және газ реттейтін қондырғыларға (бұдан әрі – ГРҚ);

3) газ толтыру станцияларына (бұдан әрі – ГТС), газ толтыру пункттеріне (бұдан әрі – ГТП), аралық баллондар қоймаларына (бұдан әрі – АБК), шкафты газ реттеу пунктіне (бұдан әрі – ШРП), стационарлық автомобильді газ құю станцияларына (бұдан әрі – АГҚС), сұйытылған газдардың резервуарлық, топтық және жеке баллон қондырғыларына;

4) газбен жабдықтау кәсіпорындарына (ұйымдарына) – тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді, сондай-ақ газбен жабдықтау жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын газ тарату не газ желісі ұйымдарына;

5) барлық мақсаттардағы ғимараттардың ішкі газ құбырлары мен газ жабдығына қолданылады.

## **Терминдер мен анықтамалар**

3. Осы Талаптарда мынадай анықтамалар мен терминдер пайдаланылады:

1) авария – қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарылуы;

2) инцидент – қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе зақымдалуы, технологиялық процесс режимінен ауытқу, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы;

3) аварияға қарсы қорғану – газды авариялық ажырату қондырғысы;

4) блоктау – персонал қауіпсіздік талаптарын бұзған жағдайда газ жіберуге немесе агрегатты қосуға тыйым салу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылғы;

5) газ пайдалану жабдығы (қондырғылар) – технологиялық процесінде газ отын ретінде пайдаланылатын жабдық. Газ пайдалану жабдығы ретінде қазандықтар, турбиналар, пештер, газ піспекті қозғалтқыштар, технологиялық желілер және басқа жабдықтар пайдаланылуы мүмкін;

6) газ қауіпті жұмыстар – газдалған ортада орындалатын немесе олардың кезінде газ шығуы ықтимал жұмыстар;

7) газ қазандықтары – тауарлық газдарды ғана жағуға арналған қазандықтар;

8) енгізу газ құбыры – таратушы газ құбырына қосылатын жерден ажырату құрылғысына немесе ғимаратқа енгізілетін футлярға дейінгі газ құбыры;

9) ГРП, ГРҚ – газ қысымын төмендетуге және газ тарату тораптарында оны берілген деңгейде ұстап тұруға арналған технологиялық құрылғы;

10) блокты газ реттеу пункті – газ қысымын төмендетуге және газ тарату тораптарында оны берілген деңгейде ұстап тұруға арналған, тасымалдауға жарамды блок түрінде жасалған (контейнерде), толықтығымен зауытта дайындалған технологиялық құрылғы;

11) газ-ауа жолы – газ пайдалану қондырғысының ішкі жағу кеңістігін қоса алғанда, ауа құбырлары мен түтін (газ) құбырлары жүйесі;

12) газ тұтыну объектісі – ішкі газ құбырларының желісін, газ жабдықтары мен газ пайдаланатын қондырғыларды, қауіпсіздік автоматикасы, блоктау, сигнализация, газдың жану процесін реттеу және басқару жүйесін, бір өндірістік аумақта орналасқан ғимараттар мен құрылыстарды қоса алғанда, өндірістік және технологиялық жүйе;

13) газбен жабдықтау жүйесінің объектілері – кәсіпорын аумағында орналасқан газдандырылған өндірістік және әкімшілік – тұрмыстық ғимараттардың газ құбырлары, ГРҚ, ГТЖ қондырғылары, газ құбырларындағы құрылыстар, электр химиялық коррозиядан қорғау құралдары, ГРП, газ реттеу қондырғылары, газ жабдықтары;

14) газдың қауіпті шоғырлануы – газдың жарылысқа бейімділігінің ең төменгі шегінің 20 %-ына тең шоғырлану (газдың көлемді үлесі);

15) диагностика – қалған ресурстарды айқындау мақсатында оны тіршілік циклін ұзартудың бүкіл мерзімінде қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін ұсынымдарды немесе ауыстыру қажеттілігінің негіздемесін әзірлей отырып, газ құбырларының, газ жабдықтарының (техникалық қондырғылар) техникалық жай-күйін айқындауға арналған ұйымдық және инженерлік-техникалық іс-шаралар кешені;

16) ретке келтіру жұмыстары – сенімді және қауіпсіз пайдалана отырып, жабдықтарды, жүйелер мен коммуникацияны берілген көлемдегі, техникалық-экономикалық көрсеткіштері оңтайлы талап етілетін сапасындағы өндірістік процесті қамтамасыз ететін технологиялық операцияларды орындауға дайындау жөніндегі ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені. Реттеу жұмыстарына іске қосу-реттеу (жабдықтарды жеке сынау және кешенді сынамалау) және режимдік-реттеу сынақтарын қамтиды;

17) дәнекер болып тұратын бөлшектер (фитингтер) – газ құбырының бағытын өзгертуге, учаскелерді жалғастыруға, тармақтауға, қосуға арналған газ құбырының элементтері;

18) есептік қысым – есептік ресурс ішінде сенімді пайдалануды қамтамасыз ететін негізгі мөлшерлерді негіздеу кезінде беріктікке есептеу жүргізілетін газ құбырындағы барынша артық қысым;

19) есептік пайдалану ресурсы – объектіні пайдалану басталғаннан немесе жөндеуден соң қайта қалпына келтіргеннен кейін оның шекті жағдайға өтуіне дейінгі жиынтық жұмыс көлемі;

20) есептік қызмет мерзімі – объектіні пайдалану басталғаннан немесе жөндеуден соң қайта қалпына келтіргеннен кейін оның шекті жағдайға өтуіне дейінгі күнтізбелік ұзақтық;

21) жөндеу – бөлшектерін немесе тораптарын әзірлеумен, қалпына келтірумен немесе ауыстырумен байланысты операциялар кешені, олар орындалғаннан кейін одан әрі пайдалану мерзімінде газ құбырлары мен газ жабдықтарының жарамдылығына және авариясыз жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

22) кәсіпорынның газ шаруашылығы – кәсіпорын аумағында орналасқан газдандырылған өндірістік және әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардың газ құбырлары, СМГ қондырғылары, газ құбырларындағы құрылыстар, электр химиялық коррозиядан қорғау құралдары, ГРП, ГРҚ, газ жабдықтары;

23) кентаралық газ құбыры – газ тарату жүйелерінің қалалар мен елді мекендердің аумағынан тыс салынған газ құбыры;

24) коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар – газ жабдығы пайдаланылатын мектептер, ауруханалар, асханалар, фабрикалар, ас бөлмелер, шаштараздар және басқалар;

25) консервациялау режимі, жөндеу режимі – газ құбыры қондырғылары газдан босатылатын, тығын орнатыла отырып ажыратылатын режим;

26) мамандандырылған ұйым – негізгі қызмет түрі газбен жабдықтау жүйелерін жобалауға, салуға және пайдалануға байланысты жұмыстарды орындау болып табылатын ұйым;

27) резерв режимі – газ пайдалану қондырғысының газ жағылмайтын және газ құбырларындағы артық қысым болмайтын жай-күйі. Газ құбырының қондырғыға бұрылатын жеріндегі бекіту арматурасы "жабық" күйінде болуға тиіс;

28) сыртқы газ құбыры – ажырату құрылғысына дейін немесе ғимаратқа енгізілетін футлярға дейін ғимараттардан тыс салынған жерасты жер және жер үсті газ құбыры;

29) сұйытылған мұнай газдарын пайдаланатын объекті – СМГ сақтауды және (немесе) өткізуді, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілерде оны отын ретінде пайдалануды қамтамасыз ететін өндірістік және коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объект;

30) сұйытылған мұнай газы – жеңіл көмірсутегілердің (пропан-бутан фракциясының, пропанның, бутанның) тасымалдау және сақтау мақсатында сұйық күйге түрлендірілген қоспасы;

31) сигнал беру – бақыланатын параметрдің ескерту берілетін мәніне қол жеткізген кезде дыбыспен және жарықпен сигнал беруді қамтамасыз ететін қондырғы;

32) ГБХ – газдануды бақылау хабаршысы – дыбыспен және жарықпен белгі беруді, сондай-ақ үй-жай ауасында газдың бақыланатын шоғырлануының белгіленген деңгейіне жеткен кезде газтұтыну желісінің ішкі газ құбырында газ беруді автоматты түрде ажыратуды қамтамасыз ететін құрылғы;

33) таратушы газ құбыры - газ тұтынушыларға газбен жабдықтау көзінен бастапқы газ құбырларына дейін тауарлық газдың берілуін қамтамасыз ететін газ тарату жүйелерінің газ құбыры;

34) техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесі – газбен жабдықтау жүйелерінде ақаулардың алдын алу үшін қажетті өзара байланысты құралдардың, материалдардың, құжаттамалар мен орындаушылардың жиынтығы;

35) техникалық қызмет көрсету – газ тарату жүйесінің және газ тұтынудың объектілерін пайдалану кезінде бұйымдардың (техникалық құрылғылардың) жұмысқа қабілеттілігін қолдау жөніндегі операциялар кешені немесе операция;

36) шекті жағдай – конструкторлық (жобалау) құжаттамасында және (немесе) техникалық нормативтік құқықтық актілерде белгіленген белгілер бойынша объектіні одан әрі пайдалануға болмайтын немесе пайдалану орынсыз не оның жұмысқа қабілетін қалпына келтіру мүмкін болмайтын немесе орынсыз жай-күй;

37) шкафтық газ реттейтін пункт – газ қысымын төмендетуге және газ тарату тораптарда оны берілген деңгейде ұстап тұруға арналған шкаф түріндегі технологиялық құрылғы.

## **Талаптар нормаларының сақталуын бақылауды ұйымдастыру**

4. Газ тарату жүйесін жобалау, құрылысын салу, жөндеу және қайта жаңарту, пайдалануға енгізу және пайдалану, пайдаланудан шығару, консервациялау және (немесе) жою және газ тұтыну процесінде осы Талаптардың сақталуын бақылауды аталған жұмыстарды орындайтын ұйым жүзеге асырады.

Әрбір ұйымда (объектіде) өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі ереже (нұсқаулық) әзірленеді және оны басшы бекітеді.

5. Тұрғын үй мақсатындағы объектілерде талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

6. Талаптардың сақталуын өндірістік бақылауды объектілердің иелері жүзеге асырады.

## **2. Газбен жабдықтау жүйелерін пайдалану**

### **Жалпы талаптар**

7. Әрбір кәсіпорында техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесін қоса алғанда, газ тарату жүйесінің және газ тұтыну объектілерін жарамды күйде ұстауды және осы Талаптардың газ құбырларын, жабдығы мен газ тұтыну агрегаттарын пайдалану қауіпсіздігі жөніндегі нормаларының сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені орындалады. Іс-шаралар кешенінің орындалуын қамтамасыз ету кәсіпорынның бірінші басшысына жүктеледі.

8. Газбен жабдықтау жүйесіне техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі осы Талаптарда және техникалық нормативтік құқықтық актілерде айқындалады.

9. Газбен жабдықтау жүйесінің объектілеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу осы Талаптарда және жабдықтар мен агрегаттарға арналған нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген көлемде және мерзімдерде орындалады.

10. Газбен жабдықтау жүйесінің объектілеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу кестелерін иелік етуші кәсіпорынның немесе шарт бойынша көрсетілген жұмыстарды орындайтын кәсіпорынның басшысы бекітеді.

11. Газбен жабдықтау жүйесін техникалық пайдаланумен айналысатын тұлғалар үшін лауазымдық, өндірістік нұсқаулықтар және жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар әзірленеді. Өрт қауіпті учаскелерде жұмыс істейтіндер үшін – өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтар әзірленеді.

12. Лауазымдық нұсқаулықта басшылар мен мамандардың міндеттері мен құқықтары айқындалады.

13. Өндірістік нұсқаулықта әртүрлі операцияларды орындаудың техникалық дәйектілігі, орындалатын жұмыстардың сапасын тексеру әдістері мен көлемдері жөніндегі талаптар қамтылады.

ГТП жабдығына, газ реттеу қондырғыларын, ГТС, АГҚС мен қазандықтарға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі нұсқаулыққа бекіту арматурасы мен бақылау-өлшеу аспаптары орнатылған жерлер көрсетілген технологиялық схемалар қоса беріледі.

Қайта жаңартылғаннан, техникалық қайта жабдықталғаннан және технологиялық процесс өзгертілгеннен кейін жабдық іске қосылғанға дейін өндірістік нұсқаулық пен технологиялық схема қайта қаралады және қайта бекітіледі.

14. Кәсіпорын пайдаланудағы газ құбыры мен газдандырылған объектілерге арналған жобалық және атқарушылық құжаттаманы сақтайды.

Басқа (пайдаланушы) ұйымдарға аталған құжаттарды сақтауға тапсыру олар техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді орындаған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

15. Әрбір сыртқы газ құбырына, электрлік қорғау, резервуарлық және топтық баллон қондырғысына, ГРП (газ реттеу қондырғылары), ГТС (ГТС, АГҚС) негізгі техникалық сипаттамадан, сондай-ақ жүргізілген жөндеулер туралы деректерден тұратын пайдалану паспорты жасалады.

16. Арматураның сермерінде арматураны ашып-жабу кезіндегі бұрау бағыты белгіленеді.

17. Қазандықтардың газ құбырларында, ГРП (газ реттеу қондырғыларында), ГТС (ГТП), АГҚС газ ағынының қозғалу бағыты көрсетіледі.

### **Газбен жабдықтау жүйесінің объектілеріне техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру**

18. Әрбір кәсіпорында оның атқарушы органының бұйрығымен (өкімімен) ҚР аумағында қолданыстағы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама мен осы Талаптар бойынша білімін белгіленген тәртіппен тексеруден өткен басшылардың немесе мамандардың қатарынан газбен жабдықтау жүйесі объектілерін қауіпсіз пайдалану үшін жауапты тұлға тағайындалады.

Коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға жатқызылған ұйымдарда, сондай-ақ штатында бөлімше басшысы немесе техникалық білімі бар маман лауазымы көзделмеген кәсіпорындарда газбен жабдықтау жүйесін қауіпсіз пайдалануды бақылауды "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес даярлықтан өткен қызметкер жүзеге асырады.

19. Ұйымдарда кәсіпорынның газбен жабдықтау жүйесін қауіпсіз пайдалану үшін жауапты тұлғаға лауазымдық нұсқаулық әзірленді, онда мыналар:

- 1) газбен жабдықтаудың қауіпсіз режимін қамтамасыз ету;
- 2) газбен жабдықтау жобаларын келісуге және газдандырылған объектілерді пайдалануға қабылдау комиссиясының жұмысына қатысу;
- 3) газ шаруашылығында аварияларды оқшаулау және жою нұсқаулықтарын, жоспарын әзірлеу;
- 4) кәсіпорын жұмыскерлерінің газ шаруашылығы жөніндегі қағидаларды, нормалар мен нұсқаулықтарды білуін тексеру комиссияларына қатысу;
- 5) мамандар мен жұмысшыларға өз бетімен жұмыс істеуге рұқсат етудің осы Талаптарда белгіленген тәртібінің сақталуын тексеру;
- 6) газ құбырлары мен газ жабдығын қауіпсіз пайдалану мен жөнделуді тұрақты түрде бақылауды жүргізу;
- 7) пайдалану және жөндеу кезінде техникалық құжаттаманың дұрыс жүргізілуін тексеру;

8) цехтардың (учаскелердің) газбен жабдықтау жүйесін қауіпсіз пайдалану үшін жауапты тұлғаларға жұмыста көмек көрсету;

9) ескірген жабдықты ауыстыру және жаңғырту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын және бағдарламаларды әзірлеу;

10) мамандармен және жұмысшылармен аварияларға қарсы жаттығулар өткізуге қатысу;

11) мемлекеттік бақылау органы жүргізетін тексерулерге қатысу көзделеді.

20. Кәсіпорынның газбен жабдықтау жүйесін қауіпсіз пайдалану үшін жауапты тұлға:

1) газбен жабдықтау ұйымымен, сондай-ақ шарт бойынша техникалық қызмет көрсету мен оларды жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындайтын кәсіпорындармен байланысты жүзеге асыру;

2) қағидалар, нормалар мен нұсқаулықтар бойынша білімін тексеруден өтпеген немесе олар бойынша білімінің қанағаттанғысыз екенін көрсеткен адамдардың газ жабдығына қызмет көрсетуден және газ қауіпті жұмыстарды орындаудан шеттетілуін талап ету;

3) басшылыққа Талаптардың нормаларын бұзған тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс жасау;

4) осы Талаптардың нормаларына сай келмейтін газ тұтыну қондырғыларын пайдалануға енгізуге рұқсат етпеу;

5) одан әрі пайдалану қауіпті, сондай-ақ өз бетінше іске қосылған газ құбырлары мен газ жабдығының жұмысын тоқтата тұру;

6) цехтардың газбен жабдықтау жүйесін қауіпсіз пайдалану үшін жауапты адамдарды, газ қызметінің мамандары мен жұмысшыларын іріктеуге қатысу;

7) газ қызметі цехтарының басшыларына Талаптардың нормаларын бұзуды жою жөніндегі орындау үшін міндетті нұсқау беру бойынша жұмыстар жүргізеді.

21. Қалалардағы, кенттердегі және ауылдық елді мекендердегі тұрғын үйлердің, мектептердің, ауруханалардың, қоғамдық және әкімшілік ғимараттардың, коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ құбырлары мен газ жабдығына техникалық қызмет көрсету мен оларды жөндеуді өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында аттестатталған ұйымдар жүзеге асырады.

22. Өнеркәсіптік, коммуналдық және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының газбен жабдықтау жүйесін пайдалануды олардың иесі не шарт бойынша газбен жабдықтау ұйымы қамтамасыз етеді.

23. Газбен жабдықтау жүйесін өз күшімен пайдаланатын кәсіпорындарда газ қызметі ұйымдастырылады.

24. Газ қызметінің міндеттері, құрылымы мен саны (газбен жабдықтау жүйесі объектісінің көлеміне және күрделілігіне қарай) кәсіпорын басшысы бекіткен



және уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісілген Газ қызметі туралы ережеде белгіленеді.

25. Кәсіпорынның әкімшілігі газ қызметін телефон байланысымен, жеке қорғану құралдарымен, құралдармен және аспаптармен қамтамасыз етеді.

26. Сұйытылған газдың болаттан жасалған жерасты газ құбырлары мен резервуарларындағы коррозиялық қауіпті аймақтарын анықтау мен оларды жоюды, электр химиялық қорғау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету мен оларды жөндеуді газбен жабдықтау кәсіпорындары немесе металдан жасалған жерасты құрылыстары мен коммуникацияларды коррозиядан қорғау жөніндегі жұмыстарды орындауға мамандандырылған ұйымдар ғана жүзеге асырады. Дайындықтан өткен персоналмен жасақталған, сондай-ақ аспаптармен, механизмдермен және басқаларымен жарақтандырылған газ құбырларына иелік етуші кәсіпорында коррозияға қарсы қорғау қызметтері болса, оған көрсетілген жұмыстарды орындауға рұқсат етіледі.

27. Иелік етуші кәсіпорынның техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі жұмыстарды газбен жабдықтау кәсіпорнына беруі шартпен ресімделеді.

Шартта техникалық қызмет көрсету мен оларды жөндеу жөніндегі жұмыстардың шекаралары мен көлемі нақты айқындалады, тараптардың газбен жабдықтау объектілерін қауіпсіз пайдалану шарттарын қамтамасыз етудегі міндеттемелері регламенттеледі.

## **Сыртқы газ құбырлары мен құрылыстары**

28. Қала мен елді мекен желілеріндегі газ қысымын бақылау жылына кемінде екі рет (жазғы және қысқы кезеңдерде) газ барынша көп тұтынылатын сағаттарда әртүрлі нүктелерде өлшеу жолымен жүзеге асырылады.

29. Газ құбырларында ылғал мен конденсаттың болуын тексеру, оларды жою бітеліп қалу мүмкіндігін болдырмайтын кезеңділікпен жүргізіледі.

Тексеру кезеңділігін газ шаруашылығы кәсіпорны белгілейді.

30. Газ құбырларына орнатылған бекіту арматурасы мен компенсаторларға жыл сайын техникалық қызмет көрсетіледі, ал қажет болғанда – жөнделуге тиіс. Ысырмаларды, крандарды, компенсаторларды ауыстыру, сондай-ақ күрделі жөндеу кезінде орындалған жұмыстар туралы мәліметтер газ құбырының паспортына енгізіледі.

31. Пайдаланылудағы, жүйелі бақылаудағы газ құбырлары техникалық жай-күйін тексеруге, ағымдағы және күрделі жөндеуге тартылады.

32. Сыртқы газ құбырлары мен құрылыстарының техникалық жай-күйі кезең-кезеңмен аралап шығу арқылы бақыланады.

33. Жер үсті газ құбырларын аралап шығу кезінде:

- 1) газдың шығуы;
- 2) газ құбырларының тіректер шегінен асып кетуі;
- 3) газ құбыр дірілінің, жапырылуының, рұқсат етілмейтін иілуінің, ректердің отыруының, майысуы мен зақымдануының болуы;
- 4) сөндіру құрылғыларының және оқшаулағыш ернемекті қосылыстардың, электр сымдарының түсуінен, бекіткіштер мен газ құбырларын бояуын қорғайтын құралдардың ақауы;
- 5) автокөлік жүретін жерлердегі, өтпе жолдардағы электр химиялық қорғаныс және габаритті белгілер құрылғыларының ақауы анықталады және уақтылы жойылады.

Аралап шығу үш айда кемінде 1 рет жүргізіледі.

34. Жерасты газ құбырларын аралап шығу кезінде:

- 1) газ құбырлары трассалары тексеріледі және сыртқы белгілері бойынша газдың шығуы анықталып, газ анализаторымен немесе газ индикаторымен барлық құдықтар мен бақылау түтіктері, сондай-ақ басқа да жерасты коммуникацияларының құдықтары мен камералары, ғимарат жертөлелері, шахталар, коллекторлар, газ құбырының екі жағында 15 м дейінгі арақашықтықта орналасқан жерасты өткелдері, қабырғадағы көрсеткіштер мен газ құрылыстары бағдарларының сақталуы, жай-күйі бақыланады;
- 2) газ құдықтарының қақпақтары мен төсеніштері қардан, мұздан және ластан тазартылады, топырақтың опырылуын, оның еріген немесе жаңбыр суларымен шайылуын анықтау мақсатында газ құбыры трассасы бойындағы жердің жай-күйі тексеріледі, газ құбырының екі жағынан 15 м арақашықтықты және оның зақымдалудан сақталуы көзделетін құрылыс жұмыстарын жүргізу жағдайлары бақыланады.

35. Газ құбыры трассасында құрылыстардың газдануы немесе газдың шығуы байқалған жағдайларда:

- 1) авариялық диспетчерлік қызметке және қызмет басшылығына жедел хабарланады;
- 2) газдану және ашық отты, электр құралдарын пайдалануға жол бермеу және үй-жайлардың ауасын желдету қажеттігі туралы айналадағы адамдарға (үйлердің тұрғындарына, жүргіншілерге) ескерту жөнінде шаралар қабылданады;
- 3) аспаптармен тексеруді және газдалған жертөлелерді, іргелік және бірінші қабаттардағы ғимараттардың, 15 метрлік және 50 метрлік аймақтағы құдықтар мен жерасты құрылғылары (коммуникациялары) камераларының ауасын тазарту ұйымдастырылады.

36. Жерасты газ құбырларының трассаларын аралап шығу кезеңділігі олардың техникалық жағдайларына, электр қорғау қондырғылардың болуы мен

тиімділігіне, газ құбырының топырақ қысымы, ұйықтығы, отыру және ісіну деңгейі бойынша санатына, ауданның сейсмикалығына, жердің сипаты мен ондағы құрылыс салыну тығыздығына, жылдың мезгіліне және басқа да факторларға байланысты, бірақ 1-кестеде келтірілген кезеңділіктен сиретпей белгіленеді.

### 1-кесте

Газ құбырлары	Қоныстардың құрылыс салынған бөлігіндегі төмен қысымды	Қоныстардың құрылыс салынған бөлігіндегі жоғары және орташа қысымды	Қоныстардың құрылыс салынбаған бөлігіндегі сондай-ақ, кентаралық барлық қысымдағы
1. Жаңадан салынған газ құбырлары	Тікелей пайдалануға енгізілген күні және келесі күні		
2. Авария және инцидент болмаған кезде 40 жылға дейін пайдаланылатын болат газ құбырлары	Газ тарату ұйымының техникалық басшысы белгілейді, бірақ мынадан сиретпей:		
	айына 1 рет	айына 2 рет	Жыл сайын аспаппен тексеру кезінде 6 айда 1 рет немесе ол жүргізілмеген кезде 2 айда бір рет
2.1. Авария және инцидент болмаған кезде 50 жылға дейін пайдаланылатын полиэтилен газ құбырлары	3 айда 1 рет	3 айда 1 рет	6 айда 1 рет
3. Полиэтилен құбырларын тарту немесе синтетикалық мата түтікпен қалпына келтіру әдісімен қайта жаңартылғаннан кейінгі болат құбырлар	Газ тарату ұйымының техникалық басшысы белгілейді, бірақ мынадан сиретпей:		
	3 айда 1 рет	3 айда 1 рет	6 айда 1 реттен сиретпей
4. Шашыраңқы ток көздерінің әсері бар аймақта, жоғары коррозиялық агрессивті және электр әлеуетінен ең төмен қорғанумен қамтамасыз етілмеген топырақты жерде пайдаланылатын болат газ құбырлары	аптасына 1 рет	аптасына 2 рет	екі аптада 1 рет
5. Қорғану жабындарының ақаулары жойылмаған болат газ құбырлары	аптасына 1 рет	аптасына 2 рет	екі аптада 1 рет
6. Электр әлеуетінің мәндері оң және белгісіз өзгермелі болат газ құбырлары	күн сайын	күн сайын	аптасына 2 рет
7. Ауыстырылуға тиіс, қанағаттанғысыз техникалық күйдегі газ құбырлары	күн сайын	күн сайын	аптасына 2 рет
8. Төселген топыраққа орнатылған газ құбырлары	аптасына 1 рет	аптасына 2 рет	екі аптада 1 рет
9. Газдың шығуы уақытша тоқтатылған газ құбырлары (бинт, бандаж)	Күн сайын, жөндеу жүргізілгенге дейін		
10. Құрылыс жұмыстары жүргізілетін жерден 15 м. аймақтағы газ құбырлары	Күн сайын, газ құбырының зақымдалу қаупі жойылғанға дейін		

11. Су өтпелері және жыралар арқылы өтетін жерлердегі газ құбырларының жағалаудағы учаскелері	Су тасқыны кезеңінде күн сайын		
12. Диагностика нәтижелері оң болған жағдайда 40 жылдан асқаннан кейін пайдаланылған болат газ құбырлары	айына 1 рет	айына 2 рет	жыл сайынғы аспаптық тексеру кезінде 6 айда 1 рет немесе оны жүргізбеген кезде 2 айда 1 рет
13. Диагностика нәтижелері оң болған жағдайда 50 жыл асқаннан кейін пайдаланылған полиэтилен газ құбырлары	3 айда 1 рет	3 айда 1 рет	6 айда 1 рет
14. Қайта төсеуге немесе қайта жаңартылуға арналған диагностика нәтижелері теріс болған жағдайда 40 жыл асқаннан кейін пайдаланылатын болат газ құбырлары	күн сайын	күн сайын	аптасына 2 рет
15. Қайта төсеуге арналған диагностика нәтижелері теріс болған жағдайда 50 жыл асқаннан кейін полиэтилен газ құбырлары	күн сайын	күн сайын	аптасына 2 рет

37. Жерасты газ құбырлары трассаларын аралап шығуды құрамында кемінде екі адам бар бригада жүргізеді. Қаланың (кенттің) құрылыс салынбаған бөлігіндегі, сондай-ақ жолдың көлік жүретін бөлігінен тыс жердегі газ құбырлары трассаларын тексеріп шығуды газ құбырынан 15 метр аймақта құдықтар, басқа да жерасты коммуникациялары болмағанда, бір жұмысшының жүргізуіне рұқсат етіледі.

38. Жерасты газ құбырларын аралап шығатын жұмысшыларға қолхатпен маршрут карталары беріледі, оларда газ құрылыстарының, газдануы тексерілуге тиіс ғимараттардың жертөлелері мен басқа да коммуникациялар құдықтарының орналасқан жері көрсетілген газ құбырлары трассаларының схемалары көрсетілуі тиіс. Маршрут карталары нақтыланады. Алғаш аралап шығуға жіберілер алдында жұмысшылар елді мекендегі газ құбыры трассасымен таныстырылады.

39. Газ құбырларын аралап шығудың нәтижелері осы Талаптарға 28-қосымшаға сәйкес арнайы журналда белгіленеді. Анықталған ақаулар рапортта көрсетіледі.

40. Кәсіпорын аумағында жерасты газ құбыры трассасының бойынан ені 2 м жолақтар белгіленеді, олардың шегінде материалдар мен жабдықтарды қоймаға жинауға болмайды.

41. Аумағында газ құбыры транзитпен төселген ұйымның басшылары аралап шығу, газ құбырына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу, авариялық жағдайларды оқшаулау мен жою үшін газ таратушы ұйым персоналының кіруін қамтамасыз етеді.

42. Газ құбырынан 50 м радиуста төселген сабақтас жерасты коммуникациялардың иелері олардың газдалуын тексеру үшін құдықтар мен камералардың қақпақтарын ластанудан, қардан және мұз қатудан уақтылы тазартуды қамтамасыз етеді.

43. Ғимараттардың иелері немесе коммуналдық қызметтер жерасты инженерлік коммуникациялардың кіріктірілген тұстары тығыздығының жарамдылығын қамтамасыз етеді, жертөлелер мен техникалық үңгірлерді оларды үнемі желдету және газдануын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін күйде ұстайды.

44. Пайдаланудағы жерасты газ құбырлары арнайы аспаптардың көмегімен техникалық тексеруге тартылады.

45. Болаттан жасалған жерасты газ құбырларын пайдалану ұзақтығы 25 жылға дейін болғанда, оларды техникалық тексеру бес жылда кемінде бір рет, пайдалану ұзақтығы 25 жылдан астам болғанда – үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі. Күрделі жөндеу немесе ауыстыру жоспарына енгізілген, электр химиялық қорғанышы жұмыс істемейтін газ құбырлары жылына кемінде бір рет тексеріледі.

46. Болаттан жасалған газ құбырларын аспаппен кезектен тыс кешенді тексеру герметикасыздану анықталған немесе дәнекерленген жіктер ажырап кеткен, аралық коррозиялық зақымдану байқалған, сондай-ақ жыл бойы электр қорғаныш қондырғылардың жұмысында үзілістер болған кезде:

- 1) 1 айдан астам – шашыраңқы тоқ көздерінің әсер ету аймағында;
- 2) 6 айдан астам – шашыраңқы тоқ көздері жоқ аймақтарда, газ құбырын қорғау басқа қондырғылармен қамтамасыз етілмегенде жүргізіледі.

Құбыр металының және оқшаулау жабындысының коррозиялық жай-күйі газ құбырын пайдалану процесінде ағытылатын барлық шурфтарда немесе олармен сабақтас құрылыстарда айқындалады.

47. Газбен жабдықтау жүйелерін қауіпсіз пайдалану мақсатында иелері немесе коммуникациялық қызметтер болаттан жасалған жерасты газ құбырларын техникалық тексеру кезінде мыналарды:

- 1) газ құбырларының герметикалы болуын;
- 2) дәнекерленген жіктердің сапасын;
- 3) коррозиялық қауіпке бейімділігін;
- 4) құбырлардың қорғаныш жабындыларының және металының жай-күйін тексереді.

48. Құбыр металының қорғаныш жабындысының жай-күйін анықтау мақсатында болаттан жасалған жерасты газ құбырларын қарап шығу (газ құбырларында ұзындығы кемінде 1,5 м бақылау шурфтарын ашу арқылы) тек жабындылардың зақымдануы анықталған жерлерде ғана емес, сондай-ақ

аспаптарды пайдалануға индустриялық кедергілер тудыратын учаскелерде орындалады.

Бақылау шурфтарын ашатын жерлерді, олардың индустриялық кедергілер аймақтарындағы санын газбен жабдықтау жүйесі кәсіпорнының бас инженері немесе газ қызметінің бастығы айқындайды. Шолып тексеру үшін барынша коррозия қаупіне неғұрлым бейім учаскелер, газ құбырының басқа жерасты коммуникацияларымен қиылысатын тұстары, конденсат жинақтағыштар, гидроқақпақтар таңдап алынады. Бұл ретте газ тарату құбырларының әрбір 500 метріне және енгізбе газ құбырларының әрбір 200 метрінде кемінде бір шурф ашылады.

49. Топырақ қатқан кезеңде, сондай-ақ жетілдірілген жол жабындарының астында орналасқан учаскелерде жерасты газ құбырларының герметикалылығын тексеру және газ шығып тұрған жерлерді анықтау кейіннен газ индикаторымен сынамалар алу арқылы ұңғымаларды бұрғылау жолымен жүргізіледі.

Таратушы газ құбырында ұңғымалар газ құбырының жапсарларында бұрғыланады. Жапсарлардың орналасу схемалары болмағанда, сондай-ақ енгізбе - газ құбырларында ұңғымалар әрбір 2 м сайын бұрғыланады. Қыс мезгілінде бұрғылау тереңдігі топырақтың қату тереңдігінен кем болмауға, ал қалған уақытта – түтікті салу тереңдігіне сай келуге тиіс. Ұңғымалар газ құбыры қабырғасынан кемінде 0,5 арақашықтықта салынады.

Газды анықтау үшін сезгіштігі жоғары газ индикаторларын пайдаланғанда құбырдың бас жағы мен түбінің арасындағы арақашықтық кемінде 40 см болған жағдайда, ұңғымалардың тереңдігін азайтуға және оларды газ құбырының осі бойынша орындауға болады.

50. Ұңғымаларда газдың бар-жоғын анықтау үшін ашық отты пайдалануға болмайды.

51. Газ құбырларының герметикалылығын құрылыс нормалары мен талаптарында көрсетілген сынақ нормалары бойынша ауаны сығымдаумен тексеруге болады.

52. Полиэтилен газ құбырларын техникалық тексеру кезінде пайдаланушы ұйым сезгіштігі жоғары газ индикаторының көмегімен газ құбырларының герметикалылығын тексереді (құрылыс салынған бөлігінде – жылына кемінде 1 рет, көбінесе көктемгі-күзгі кезеңде, құрылыс салынбаған бөлігінде – 5 жылда кемінде 1 рет).

53. Техникалық тексерудің қорытындылары бойынша акт жасалады, онда анықталған ақауларды және техникалық жай-күйін ескере отырып, газ құбырын одан әрі пайдалану мүмкіндігі, оны жөндеу немесе ауыстыру қажеттігі және мерзімдері туралы қорытынды берген жөн. Техникалық тексеру актісін осы жұмысты жүргізетін ұйым басшысы бекітеді.

54. Газ құбырларының су асты өтпелерін техникалық тексеруді тиісті жабдығы, жарақтары мен дайындықтан өткен мамандары бар мамандандырылған ұйым 5 жылда кемінде 1 рет орындайды. Бұл ретте газ құбырының түбіне қатысты орналасқан жері және оқшауланатын жабындысының зақымдануы нақтыланады.

Су өтпелерінде және газ құбырларының қалқып шығу мүмкіндігіне қарсы шаралар қабылданатын жерлерде тұтастықты, жүктердің өзара орналасуын анықтау да жүргізіледі.

Тексеру қорытындылары актілермен және есептермен ресімделеді.

55. Газ құбырларында газдың шығуы авариялық тәртіппен жойылады. Ғимараттардың жертөлелерінде, үңгірлерінде коллекторларда, жерасты өткелдерде галереяларда газдың қауіпті шоғырлануы анықталғанда газ құбырлары дереу ажыратылады. Герметикалылығының бұзылуы жойылғанға дейін оларды пайдалануға тыйым салынады.

56. Газдың шығуын уақытша жою үшін қосылыстардың герметикалылығын қамтамасыз ететін қамыттар мен бандаждар пайдаланылады, олар күн сайын тексеріледі.

57. Газ құбырларының дәнекерленген ақауы бар жапсарлары, аралық коррозиялы және механикалық зақымданулары, тереңдігі құбыр металының қабырғасы қалыңдығының 30 %-ынан асатын каверналар ақаулы учаскелерді кесіп тастау және ұзындығы кемінде 200 мм катушкаларды дәнекерлеу жолымен жойылады.

58. Газ құбырларын оларды жөндеуге байланысты ағыту, сондай-ақ газдың берілуін қайта қалпына келтіру уақыты туралы тұтынушыларға алдын ала ескертіледі.

59. Иелік етуші кәсіпорын болаттан жасалған жерасты газ құбырларының қорғаныш жабындарын жөндеу, одан әрі бұзылуына жол бермеу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдайды. Шашыраңқы тоқ көздерінің әсер ету аймағында немесе адамдар жиналуы мүмкін ғимараттардың жанында орналасқан газ құбырларындағы оқшаулаудың ақаулары ең алдымен, бірақ олар анықталғаннан кейін бір айдан кешіктірілмей жойылады.

60. Болаттан жасалған жерасты газ құбырларын біріктіру және жөндеу кезінде дәнекерлеу және оқшаулау жұмыстары, олардың сапасын бақылау нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

61. Газ құбырынан кемінде 15 метр арақашықтықта құрылыс, оның ішінде жерге байланысты жұмыстарды жүргізуге газбен жабдықтау жүйесінің пайдаланушы ұйымының оларды жүргізу шарттары мен тәртібі көрсетілуге тиіс жазбаша рұқсаты бойынша ғана жол беріледі. Рұқсатқа жалғанған жерлері бар газ құбырының орналасу схемасы қоса беріледі.

Жерге байланысты жұмыстарды жүргізетін ұйым келісу үшін оларды жүргізу жоспарының жобасын газбен жабдықтау жүйесінің кәсіпорнына ұсынуы қажет.

62. Жерасты газ құбыры трассасының жанында соққылау механизмдері мен жер қазу техникасы жұмыс істей бастағанға дейін шурфтарды қолмен ашу жолымен оның орналасқан жерін анықтау қажет. Топырақты қопсытуға арналған соққылау механизмдерін жерасты газ құбырынан кемінде 3 метр арақашықтықта, ал тік осінен едәуір ауытқуға бейім механизмдерді (шар, танап және т.с.с.) – кемінде 5 м арақашықтықта пайдалануға болады.

63. Болаттан жасалған газ құбыры негізгі қалпына қатысты көлденеңінен, сол сияқты тігінен де ауытқи отырып, механикалық зақымдалған кезде газдың шығуын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізумен қатар, зақымдалған жердің екі жағынан да жақын жердегі жігі бір-бірден физикалық әдіспен ашылып тексеріледі. Оларда газ құбырының зақымдалуынан пайда болған қираулар мен жарықтар анықталғанда газ құбырының келесі жігі физикалық бақылау әдісімен қосымша ашылып тексеріледі. Зақымдалған жіктер кесіп алынып, басқа катушкаларды дәнекерлеу жолымен ауыстырылады.

Ескертпе: Жіктердің жете дәнекерленбеуі, көп тесіктері мен жіктердің басқа да ақаулары анықталған жағдайда, дәнекерленетін жіктердің сапасын кезектен тыс тексеру жүргізіледі.

64. Темір жолдар мен автомобиль жолдарының қиылысатын жерлеріндегі газ құбырлары алдыңғы тексеру мен жөндеу мерзімдеріне қарамастан, аспаппен кезектен тыс кешенді тексеріледі және қажет болғанда жөнделеді немесе негізгі жолды кеңейту және күрделі жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде ауыстырылады.

Газ тарату жүйесін пайдаланушы ұйымдарға алдағы жөндеу немесе жолдарды кеңейту туралы алдын ала хабарланады.

## **Газ реттеуіш пункттер мен газ реттейтін қондырғылар**

65. Өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы және коммуналдық кәсіпорындардың ГРП мен ГРҚ, сондай-ақ бас (аралық) ГРП жұмыс режимі жобаға сәйкес белгіленеді.

66. Қалалық ГРП жабдығын ретке келтіру параметрлерін газ шаруашылығы кәсіпорнының бас инженері белгілейді, бұл ретте тұрмыстық тұтынушыларға арналған газдың реттегіштен кейінгі ең жоғары қысымы 300 мм. су бағанынан аспайды; сақтандырғыш шығару клапандары, оның ішінде қысымды реттегіштерге орнатылған клапандар реттегіштен кейін ең жоғарғы жұмыс



қысымы 15 %-дан астам болғанда газдың шығуын қамтамасыз етеді, сақтандырғыш бекіту клапандардың ең жоғарғы іске қосылу шегі реттегіштен кейін газдың ең жоғарғы қысымының 25%-ынан аспайды.

Өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы және коммуналдық кәсіпорындардың ГРП, ШРП, ГРҚ жабдықтарын, газ пайдалану қондырғыларын, сондай-ақ аралық ГРП ретке келтіру параметрлері жобада белгіленеді және іске қосу-ретке келтіру жұмыстары кезінде нақтыланады.

67. ГРП-дан немесе газ реттейтін қондырғылардан шығу кезінде газ қысымының жұмыс қысымының 10 %-нан астам ауытқуына жол берілмейді. Жұмыс қысымының жоғарылауын немесе төмендеуін туындататын реттегіштердің жарамсыздығы, сақтандыру клапандарының жұмысындағы ақаулар, сондай-ақ газдың шығуы авариялық тәртіппен жойылады.

68. Газ беру тоқтатылған жағдайда, қысымды реттегішті іске қосу сақтандырғыш бекіту клапанының қосылу себептерін айқындағаннан және оларды жою жөнінде шаралар қабылдағаннан кейін жүргізіледі.

69. Айналма желіде (байпаста) және сақтандырғыш бекіту клапандарының алдында бекіту қондырғылары пломбланады.

Айналма желі бойынша газды жабдық пен арматураны жөндеуге қажетті уақыт ішінде ғана, сондай-ақ ГРП немесе газ реттейтін қондырғылардың алдында газ қысымын қысым реттегіштің қалыпты жұмысы қамтамасыз етілмейтін шамаға дейін төмендету кезеңінде беруге болады. Жұмысты кемінде екі адамнан тұратын бригада орындайды, оның біреуі жауапты болып тағайындалады.

70. Жабдық пен өлшеу құралдары орнатылған үй-жайдағы ауа температурасы дайындаушы зауыттың паспорттыңда көрсетілгеннен төмен болмайды.

71. ГРП ғимаратының сыртында немесе газ реттейтін қондырғы қоршауының жанында көрінетін жерде "ОТ ҚАУІПТІ – ГАЗ" деген ескертпе жазу болады.

72. ГРП мен газ реттейтін қондырғыларды пайдалану кезінде мынадай іс-қимылдар орындалады:

1) пайдалану қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін нұсқаулықта белгіленген мерзімдерде техникалық жағдайын тексеру;

2) 3 айда кемінде 1 рет, сондай-ақ жабдықты жөндеу аяқталған сақтандырғыш бекіту және айыру клапандарының іске қосылу параметрлерін тексеру;

3) егер қысым реттегіштерді, сақтандырғыш клапандарды, телемеханикалық қондырғыларды дайындаушы зауыт одан да қысқа мерзімде жөндеу жүргізуді талап етпесе, техникалық қызмет көрсету 6 айда кемінде 1 рет, ағымдағы жөндеу – жылына кемінде 1 рет;

4) жабдықты, өлшеу, жылу, жарық беру құралдарын ауыстыру мен тексерудің қорытындысы бойынша жасалған ақаулар ведомостерінің негізінде ғимараттың құрылыс конструкцияларын қайта қалпына келтіру кезінде – күрделі жөндеу.

73. ГРП-ның және газ реттейтін қондырғылардың техникалық жай-күйін тексеру кезінде мыналар орындалады:

1) аспаптар бойынша реттегішке дейін және одан кейін газ қысымын, сүзгідегі, қысымның, үй-жайдағы ауа температурасының ауытқуын тексеру;

2) сақтандырғыш-бекіту клапанының балғашасының дұрыс тұруын және тетіктер ілінісуінің мықтылығын бақылау;

3) тіркейтін аспаптардың картограммаларын ауыстыру, белдіктерін тазалау және майлау, сағат механизмін іске қосу. Белдікті 15 күнде кемінде 1 рет "нөлге" қою;

4) электр жарығының, желдеткіштің, жылу жүйесінің жай-күйі мен жұмысын тексеру, негізгі және қосалқы үй-жайларды бөліп тұратын қабырғалардың жарықтары мен тығыздығының бұзылуын көзбен анықтау;

5) ғимаратты сыртынан және ішінен тексеру жүргізіледі. Қажет болғанда үй-жай мен жабдық ластанудан тазартылады.

74. Жеке тұрған ғимараттарда, ғимараттардың ішінде және оларға жапсарлас орнатылған ГРП, сондай-ақ жеке тұрған үй-жайларда орнатылған газ реттейтін қондырғыларды техникалық тексеруді екі жұмысшы жүргізуге тиіс. Шкафтарда немесе ашық алаңдарда орналасқан телемеханика жүйелерімен жабдықталған ГРП, сондай-ақ газ пайдаланылатын үй-жайларда тікелей орналасқан газ реттейтін қондырғыларды тексеруді бір жұмысшы жүргізе алады.

75. Сүзгінің ластануы дифманометрмен анықталады. ГРП-да көрсететін манометрлерді қолдануға болады. Газ қысымының барынша ауытқуы дайындаушы зауыт белгілегеннен аспайды. Сүзгі кассетасын әзірлеу мен тазалау ГРП (газ реттейтін қондырғылар) үй-жайынан тыс тез жанатын заттар мен материалдардан кемінде 5 м алшақ тұрған жерлерде жүргізіледі.

76. Сақтандырғыш клапандардың ретке келтіру және олардың іске қосылу параметрлерін тексеру кезінде реттегіштен кейін газдың жұмыс қысымы өзгермейді.

Ескертпе: Егер сақтандырғыш бекіту клапанының ең жоғарғы іске қосылу шегі осы Талаптардың 66-тармағына көрсетілген ең жоғарғы жұмыс қысымынан аспаса, ретке келтіруді және олардың іске қосылу параметрлерін ретке келтіруді және тексеруді қысымды реттегіштің көмегімен жүргізуге болады.

77. Техникалық қызмет көрсету кезінде мыналар орындалады:

1) ысырмалар мен сақтандырғыш клапандардың жабылу барысы мен тығыздығын тексеру;

2) барлық қосылыстар мен арматураның тығыздығын тексеру және газдың шығуын жою, сүзгіні тексеру және тазалау;

3) қажалатын бөлшектерді майлау және сальниктерді қайта толтыру;

4) қысым және басқару реттегіштері мембраналарының тығыздығы мен сезгіштігін анықтау;

5) бақылау-өлшеу аспаптарына, ҚБК және қысым реттегішіне импульстық түтікшелерді үрлеу;

6) бекіту және айыру клапандарының ретке келтіру параметрлерін тексеру жүргізіледі.

78. Жыл сайынғы ағымдағы жөндеу кезінде міндетті түрде мыналарды:

1) қысым реттегіштерді, сақтандырғыш клапандарды коррозия мен ластанудан тазартып, клапандардың орнына кіру тығыздығын, мембраналардың күйін тексеруді, қажалатын бөлшектерін майлап, тозығы жеткен тетіктерін жөндеуді немесе ауыстыруды, бөлшектеуге жатпайтын конструкциялық тораптардың мықтылығын тексере отырып, оларды бөлшектеуді;

2) жабылу тығыздығын қамтамасыз етпейтін бекіту арматурасын бөлшектеуді ;

3) осы Талаптардың 73-тармағында аталған жұмыстарды жүргізген жөн.

79. Жабдықты дайындау кезінде реттеу желісіндегі ажыратқыш қондырғылар жабық күйде болуы тиіс. Ажыратқыш қондырғылардан кейін ажыратылған бөліктің шекарасында газдың ең жоғарғы қысымына сай келетін бұқтырмалар орнатылады.

80. ГРП электр жабдықтарын жөндеу және жанып кеткен электр шамдарын ауыстыру кернеу басылғанда жүргізілуі қажет. Табиғи жарық жеткіліксіз болғанда жылжымалы шамшырақтарды жарылыстан қорғалған күйде қолдануға рұқсат етіледі.

81. ГРП, ГРҚ үй-жайлары осы Талаптарға 21-қосымшаға сәйкес өрт сөндіру құралдарымен жабдықталады.

Ысқылау материалдары мен жанармай материалдарын оларда сақтауға рұқсат етілмейді.

### **Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, сұйытылған мұнай газдарының автомобильге газ құю станциялары**

82. ГТС, ГТП және АГҚС өндірістік процестерін жүргізу, технологиялық және электр жабдықтарының, газ құбырларының, санитариялық-техникалық құрылыстардың техникалық жай-күйі осы Талаптарға сәйкес авариясыз жұмысты және персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

83. Өндірістік процестер бекітілген технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі, онда олардың физикалық-химиялық қасиеттері мен жарылыс қауіпті сипаттамаларын ескере отырып, сұйытылған газдар қысымы мен температураларының шекті рұқсат етілген мәндері белгіленеді.

84. Жаңа өндірістік процестерді іске асыру, жаңадан жасалатын жабдықтар үлгілерін сынауды жүргізу, тәжірибелік механикаландыру және автоматтандыру құралдарын сынамалаудан өткізу уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісілген арнайы бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Технологиялық жабдықтарды қосымша орнату, станциялар мен пункттерді кеңейту немесе қайта салу жобалар бойынша жүргізіледі. Жұмыс істеушілердің қауіпсіз еңбек ету жағдайларын нашарлату есебінен цехтардың өнімділігін ұлғайтуға тыйым салынады.

85. Газ құбырлары мен технологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу күндізгі уақытта жүргізіледі.

86. АГҚС-та қызмет көрсетуші персоналдың тәулік бойы кезекшілігі қамтамасыз етіледі. Бір ауысымда жұмыс істегенде жұмыстан тыс уақытта АГҚС күзет қызметінің жауапкершілігіне беріледі. АГҚС-ны жұмыстағы үзілістен кейін іске қосу технологиялық жабдықтарды, резервуарлар мен газ құбырлары тексеруден өткізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

87. Аварияларды жою кезінде және төгу-қюю жұмыстары кезінде ауысымды қабылдауға және тапсыруға жол берілмейді.

88. ТҚС, ТҚП және АГҚС технологиялық жабдықтары, газ құбырлары, арматурасы, электр жабдықтары, желдеткіш жүйелері, өлшеу, аварияға қарсы қорғаныш құралдары, жарылыс-өрт қауіпті өндірістерінің блоктау және сигнал беру құралдары олардың жарамсыздығын анықтау және уақтылы жою мақсатында ауысым сайын тексеріледі.

89. Пайдалану кезінде газдың шығуы анықталғанда ол дереу жойылады.

90. Жарамсыз агрегаттар, резервуарлар, газ құбырлары сөндіріледі.

91. Пайдаланудағы бекіту арматурасы, айналма және жылдамдық клапандары жылдам әрі сенімді сөндіруді қамтамасыз етеді. Арматураға қызмет көрсету және оларды жөндеу техникалық паспортында немесе арматураның сапасын растайтын басқа құжатта көрсетілген техникалық және технологиялық регламенттерге сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте ағымдағы жөндеу жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

92. Жөндеу мақсатында газ құбырларындағы бұрандалы және фланецті қосылыстардың арматурасын бөлшектеуді оларды ағытқаннан және инертті газбен немесе бумен үрлегеннен кейін орындау керек. Қысыммен тұрған қосылыстарды қысып тартуға тыйым салынады. Артық қысымды басқаннан кейін ғана фланецті қосылыстардан болттарды алып тастауға рұқсат етіледі.

93. Сақтандырғыш бекіту клапандарын ретке келтіру қысымы резервуарлар мен газ құбырларындағы жұмыс қысымының 15 %-ынан аспайды.

94. Сақтандырғыш бекіту клапандары жарамсыз болғанда және реттелмегенде техникалық жабдықтарды, резервуарлар мен газ құбырларын пайдалануға жол берілмейді.

95. Сақтандырғыш бекіту клапандарының жарамдылығы айына кемінде бір рет оларды аз ғана уақытқа ашу жолымен тексеріледі.

Клапандарды ретке келтіру параметрлерін тексеру, оларды реттеу арнайы стендіге немесе арнайы құрылғының көмегімен сол жерде жүргізілуі қажет. Тексеру кезеңділігі: резервуарлардың сақтандырғыш бекіту клапандары үшін – алты айда кемінде бір рет, қалғандары үшін – ағымдағы жөндеуді жүргізу кезінде, алайда жылына кемінде бір рет. Клапандар сынақтан кейін пломбланады, тексеру қорытындылары журналда көрсетіледі.

Жөндеу немесе тексеру үшін алынатын клапанның орнына жарамды сақтандырғыш бекіту клапаны орнатылады.

96. ГТС, ГТП және АГҚС қолданылатын ГТЖ-ның төгу мен құюға арналған қондырғылары техникалық шарттар мен стандарттарға сәйкес келуі тиіс. Олар белгіленген қысым мен температурада тасымалданатын газға тұрақтылықты қамтамасыз етуі және статикалық электрден қорғалуы қажет.

Жарамсыз қондырғылар, сондай-ақ зақымданған қондырғылар төгу-қю операцияларына жіберілмейді.

97. Құбыршектердің бұралмалы тартқыштарын тартуға, қысыммен тұрған құбыршегін ағытуға, сондай-ақ тартқыштарды бұрап алғанда және салғанда соққылау құралдарын қолдануға жол берілмейді.

98. Жұмыс істеп тұрған сорғыларды, компрессорларды бақылаусыз қалдыруға рұқсат етілмейді.

99. Сорғының сору желісіндегі газдың қысымы берілген температурадағы сұйық фазаның қанық буының созылғыштығынан 0,1-0,2 МПа (1-2 кгс/шаршы см) жоғары болуы тиіс.

100. Компрессордың нығыздау газ құбырындағы газдың қысымы нығыздау температурасында ГТЖ бу конденсациясының қысымынан аспайды және 1,6 МПа (16 кгс/шаршы см) жоғары болмайды.

101. Компрессорлар мен сорғылардың жетектеріне арналған сына тәрізді беру белдіктері оларға майдың, судың және олардың мықтылығы мен күштерінің берілуіне теріс әсер ететін басқа да заттардың түсуінен қорғалады.

102. Компрессорлар мен сорғылар үшін пайдалану жөніндегі зауыт нұсқаулығында көзделмеген жағармайды пайдалануға жол берілмейді.

103. Сорғы-компрессорлық бөлімшедегі жағар май материалдарының мөлшері жабық ыдыста сақтау шартымен олардың тәуліктік қажеттілігі көлемінде болуы тиіс.

104. Станцияның (пунктің) сорғы-компрессорлық бөлімшелерінде, темір жол төгу эстакадасында, резервуарлық парк пен май құю колонкаларының аумақтарында жөндеу, регламенттеу жұмыстары кезінде, оның ішінде отпен жұмыс істеген кезде, сондай-ақ отпен жұмыс істеген уақытта сорғылар мен компрессорлар тоқтатылады.

105. Компрессорлар мен сорғылар:

- 1) газ шыққанда және бекіту арматурасы жарамсыз болғанда;
- 2) діріл, бөтен шуыл мен тарсылдар пайда болғанда;
- 3) нығыздау мойынтіректері мен сальниктер істен шыққанда;
- 4) май мен судың шекті параметрлері өзгергенде;
- 5) муфталы қосылыстар, сына тәрізді белдіктер мен олардың қоршаулары ақаулы болғанда;
- 6) сорғы тегеурінді газ құбырында белгіленген газ қысымы жоғары немесе төмен болғанда;
- 7) компрессор сорғысында конденсат жинағындағы сұйықтық деңгейі рұқсат етілген шектен жоғары болғанда және компрессордан шығарда газ температурасы рұқсат етілген шектен асып кеткенде авариялық тоқтатылуға тиіс.

106. Жұмыс істеп тұрған технологиялық жабдықта газдың шығуын жоюға жол берілмейді.

107. Ағытылған немесе істен шыққан автоматикасы, авариялық желдеткіші бар, сондай-ақ тарту жүйелерінің желдеткіштері бар блоктау сорғылармен және компрессорлармен жұмыс істеуге жол берілмейді.

108. Компрессорлар мен сорғылардың пайдалану режимі туралы, жұмыс істеген уақыты мен анықталған ақаулары ретіндегі мәліметтер пайдалану журналында белгіленеді.

109. Технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету, ағымдағы және күрделі жөндеу осы Талаптардың, технологиялық нұсқаулықтардың және шығарушы ұйымның жабдықты монтаждау мен пайдалану жөніндегі нұсқаулығының нормаларына сәйкес жүргізіледі.

110. ГТС, ГТП мен АГҚС желдеткіш жүйесін пайдалану үшін жауапты адам тағайындалады.

111. Әрбір желдеткіш жүйесіне шартты белгі мен реттік нөмір беріледі, олар желдеткіш қаптамасына және ауа шығару желісі желдеткішінің тұсына ашық, өшірілмейтін бояумен жазылады.

112. Әрбір желдеткіш жүйесіне паспорт құрылады, онда орнату схемасы, оның өнімділігі, желдеткіш пен электр қозғалтқыштың үлгісі мен сипаттамасы белгіленеді, жөндеу және ретке келтіру туралы мәліметтер беріледі. Желдеткіш

жарылыстан қорғалған күйде жұмыс істейді, жарылыс қауіпті газ және бу-ауа қоспаларының санаттарына, сондай-ақ өздігінен жалындайтын температура бойынша жарылыс қауіпті газ және бу-ауа қоспаларының тобына сәйкес келеді.

113. Жарылыс-өрт қауіпті үй-жайларда желдеткіш жүйелерді іске қосу технологиялық жабдықтың жұмысы басталар алдында 15 минут бұрын жүргізілуі тиіс, бұл ретте алдымен тарту жүйелері іске қосылады.

114. Ауа тарту жерлерінде ГТЖ буларының және басқа да зиянды заттардың пайда болуын туындататын жұмыстарды орындауға тыйым салынады.

115. Ауа құбырларындағы ауа ағыны жүйелері тоқтағанда кері клапандар жабық күйде болуы қажет.

116. Желдеткіш жүйелеріне қызмет көрсету және жөндеу тәртібі өнеркәсіптік желдеткішті пайдалану жөніндегі ережелермен және нұсқаулықтармен айқындалады. Желдеткішті немесе электр қозғалтқышты жөндегеннен кейін желдету қондырғысын іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын орындау қажет. Жөндеу және сәйкессіздіктер туралы мәліметтер желдеткіш жүйелерінің паспортында белгіленеді.

117. Желдеткіш жүйелерінің пайдалану техникалық сипаттамаларын тексеру мақсатында оларды сынақтан өткізу жылына кемінде 1 рет, сондай-ақ қондырғылардың ауа ортасын талдаудың, қайта орнатудың, ретке келтіру мен арналық жөндеудің қорытындылары қанағаттанарлықсыз болған жағдайда жүргізіледі.

Желдеткіш жүйелерін ретке келтіруді және сынақтан өткізуді мамандандырылған ұйымдар жүргізеді. Сынақтардың қорытындысы бойынша техникалық есеп жасалады, ол жұмыс аймағында қалыпты санитариялық-гигиеналық жағдайды қамтамасыз ету бойынша желдеткіш жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін бағалаудан және желдеткіш жүйелерін пайдалану режимі жөніндегі нұсқаулардан тұрады.

118. Желдеткіш жүйелерінің конструкциясына өзгерістердің бекітілген бәрі жобалардың негізінде енгізіледі.

119. Көлік құрал ГТС, ГТП және АГҚС аумағына кірер алдында оның түтін құбырына ұшқын сөндіргіштер орнатылады.

120. ГТС аумағында бір уақытта болатын теміржол цистерналарының саны жобада көзделген төгу бекеттерінің санына сәйкес келеді.

121. Темір жол цистерналарының сұйытылған газдарын төгуге дайындау операциялары маневрлік жұмыстар аяқталғаннан, цистерналар рельс жолдарына бекітілгеннен және локомотив ГТС аумағынан кеткеннен кейін жүргізіледі.

122. Төгу-қую операцияларын орындау және газ баллонды Автомобильдерге отын құяр алдында СМГ-ның айдауға арналған сорғыларымен жабдықталған автоцистерналардан басқа, автомашиналардың қозғалтқыштары тоқтатылады.

Резеңке-мата негізді құбыршектерін ажыратқаннан және ажырату құрылғыларына бұқтырмалар орнатқаннан кейін ғана қозғалтқышты іске қосуға рұқсат етіледі.

123. Теміржол және автомобиль цистерналары, құю немесе төгу кезінде пайдаланылатын резеңке-мата негізді құбыршектер жерге тұйықталуға тиіс. Толық құйып-төгіп болғаннан және цистерналар вентильдерінің штуцерлеріне бұқтырмаларды орнатқаннан кейін ғана цистерналарды жерге тұйықтау қондырғысынан ажыратуға рұқсат етіледі.

124. ГТС, ГТП өндірістік аймағында және АГҚС аумағында найзағай разрядтары уақытында, сондай-ақ отпен жұмыс істегенде сұйытылған газдарды төгу мен құюға рұқсат етілмейді.

125. Теміржол эстакадасы, резервуарлық парк жеткілікті жарықтандырумен қамтамасыз етілген жағдайда және құрамында кемінде 3 адам бар бригада тағайындалғанда, газды теміржол цистерналарынан түнгі уақытта төгуге жол беріледі.

126. Теміржол және автомобиль цистерналарында төгу-құю операциялары ГТС бастығының, ал мереке және демалыс күндері – станция бойынша жауапты кезекшінің рұқсатымен орындалады.

127. Сынамаларды іріктеу кезеңділігі мен оларды бақылауды, сондай-ақ газ иісінің қарқындылығын (жітілігін) ГТС, ГТП, АГҚС пайдаланатын ұйымдар техникалық актілерге, технологиялық регламенттерге сәйкес айқындайды. Тексеру қорытындылары арнайы журналда белгіленеді.

Газ қысымының шамасы жобаға сәйкес келеді.

128. Газ құбырларындағы бекіту қондырғыларын гидравликалық соққы туындатпай, ақырын ашқан жөн.

129. Резервуарларды, автоцистерналар мен баллондарды бу фазасын атмосфераға айыру есебінен олардағы қысымды төмендету жолымен толтыруға жол берілмейді.

130. Теміржол цистерналарынан газ төгу кезінде цистернадағы газ қысымы мен деңгейін және резервуардың қабылдауын үздіксіз қадағалау қамтамасыз етіледі. Төгу-құю операцияларын орындайтын персонал мен сорғы-компрессорлық бөлімше машинистерінің арасында техникалық байланыс жүзеге асырылады.

131. СМГ-ның толтыру, төгу және құю колонкаларын, газ баллонды автомобильдерді төгу және құю уақытында бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.

132. Баллондарды толтыруға газ беретін газ құбырларындағы сұйық фазаның қысымы олар есептелген жұмыс қысымынан аспайды.



133. Ыдыстар конструкциясы қызметінің есептік мерзімі ішінде пайдалану сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және металды, қосылыстарды техникалық куәландыруды, тазартуды, жууды, толық босатуды, үрлеуді, жөндеуді, пайдаланылуын бақылауды жүргізу мүмкіндігін көздейді.

134. Әр ыдысты дайындаушы паспортымен және пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен бірге тапсырыс берушіге жеткізеді.

Есептерді басып шығаруды паспортқа қоса беруге жол беріледі.

Реконструкциялауға немесе жөндеуге арналған ыдыстардың элементтерін ( корпустар, тоғындар, түптер, қақпақтар, құбыр торлар, корпус фланецтері, ірілендірілген жинақтау бірліктері) паспорттың тиісті бөлімдерінің талаптарына сәйкес көлемдегі мәліметтерден тұратын шығару сапасы туралы куәлікпен бірге дайындаушы жеткізеді.

135. Әр ыдыс үшін паспортта пайдалану шарттары ескеріле отырып қызметінің есептік мерзімі көрсетіледі.

136. Әр ыдысқа көрсеткіш белгі белгіленеді. Сыртқы диаметрі 325 мм кем ыдыстар үшін көрсеткішті белгілеуге рұқсат етіледі. Бұл ретте барлық қажетті деректер ыдыс корпусына электрографикалық әдіспен түсіріледі.

137. Белгіге:

- 1) тауарлық белгі немесе дайындаушының атауы;
- 2) ыдыстың атауы немесе белгісі;
- 3) дайындаушының нөмірлеу жүйесі бойынша ыдыстың реттік нөмірі;
- 4) дайындалған жылы;
- 5) жұмыс қысымы, МПа;
- 6) есептік қысымы, МПа;
- 7) байқау қысымы, МПа;
- 8) қабырғаның рұқсат етілетін ең жоғарғы және (немесе) ең төменгі жұмыс температурасы, °С;
- 9) ыдыс салмағы, кг жазылады.

Есептік және байқау қысымдары, қабырға температурасы әртүрлі жеке қуысты ыдыстар үшін осы деректер әр қуыс үшін көрсетеді.

138. Ыдыстарды сыртқы және ішкі тексеруге кедергі келтіретін қондырғылар (араластырғыштар, ирек құбыр, қаптамалар, тәрелкелер, қалқалар және өзге де аспаптар) алмалы-салмалы болып табылады.

Балқытып біріктіру қондырғыларын қолданғанда сыртқы және ішкі тексерулерді жүргізу үшін оларды орындарынан алу және кейіннен қайтадан орнату көзделеді. Осы қондырғыларды алып-салу және орнату тәртібі ыдысты пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетіледі.

139. Автомобиль баллондарының толтыруға жарамдылығы жүргізушінің жолдама (маршруттық) парағында баллондардың техникалық жай-күйін және олардың пайдаланылуын қадағалау бойынша қол қоюмен куәландырылған " Баллондар тексерілді" деген мөртабанмен расталады.

140. Автоцистерналарды толтыру және автомобильдерге май құю кезінде СМГ-ның атмосфераға шығарылуына жол бермеу керек.

141. АГҚС-ға Автомобильде пайдалануға арналған баллондарды толтыруға жол берілмейді.

142. Резервуарлардың ең жоғарғы толтыру деңгейі резервуардың геометриялық сыйымдылығының 85 %-на сәйкес келеді.

143. Газ толтырылғаннан кейін баллондардың толтырылу дәрежесі соңғы тексеруден өтеді.

144. Өлшеу әдісімен толтыру дәрежесін соңғы тексеру үшін баллондарды өлшеу дәлдігінің сыйымдылығы 1 литрде – 10 г аспайтын, 5 және 12 литрде – 20 г аспайтын; 27 және 50 литрде – 100 г аспайтын ауытқуды қамтамасыз ететін таразы қолданылады. Жұмыс ауысымы басталар алдында шебер бақылау таразысын эталон-гірдің көмегімен тексереді.

145. Газдың артығы төгіледі. Газдың атмосферада шығарылуына жол берілмейді.

146. Толтырылған баллондардың вентильдері (клапандары) бекітпенің герметикалылығы тұрғысынан бұрандалы қосылыстар мен штоқты нығыздау арқылы тексеріледі. Тексеру тәсілдері персоналдың жаракаттануына жол бермейді.

Баллон толтырылғаннан кейін вентиль штуцері бітеледі.

147. Автомобильдің газ жабдығында тығыз емес тұстар анықталса, газ автомобиль баллондарынан резервуарларға төгіледі.

148. СМГ мен ГТП толтыру цехында бір уақытта болған баллондардың саны толтыру қондырғыларының жиынтық сағаттық өнімділігінің жартысынан аспайды, бұл ретте баллондарды өтпелерге қоюға жол берілмейді.

149. Баллондардың орнын ауыстырғанда және тиеу-түсіру жұмыстарында олардың құлауының алдын алу шаралары қабылданады.

150. Тиеу-түсіру алаңдарында орналастырылған толтырылған және бос баллондардың саны толтыру бөлімшесінің тәуліктік өнімділігінен аспайды.

151. Ішкі тексеру, гидравликалық сынау, жөндеу алдында резервуарлар мен баллондар газдан, ұшып кетпеген қалдықтардан босатылып, мұқият өңделеді.

152. ГТЖ резервуарлары мен баллондарын өңдеу оларды инертті газбен булау немесе үрлеу және кейіннен жуу жолымен жүргізілуі тиіс. Ыдыстарды өңдеу уақыты жылу таратқыш температурасына байланысты өндірістік нұсқаулықта белгіленеді.

Резервуарларды өңдеу оларды газ құбырларынан және сұйық фазасынан ажыратқаннан кейін тығындармен бітеу арқылы жүргізіледі.

153. Жергілікті сорғылармен қамтамасыз етілетін, арнайы жабдықталған посттарда "А" санатты үй-жайларда жұмыс істеген жағдайда өңдеуден өтпеген баллондардағы бекіту қондырғыларын ауыстыруға рұқсат етіледі. Ауыстыру операциясы 5 минут ішінде аяқталады.

154. Резервуарлар мен баллондарды, олардағы қысымды алдын ала атмосфералыққа дейін төмендетпей, сондай-ақ ауаны газдан тазартпай, герметикалылығын бұзу үшін қолдануға рұқсат етілмейді.

155. Газдан тазартудың сапасы ыдыстың төменгі бөлігінен іріктеп алынған ауа сынамаларын талдау арқылы тексеріледі. Газдан тазартқаннан кейін сынамада сұйытылған газдың шоғырлануы газдың тұтанғыштық шегінің 20 %-нан асырылмайды.

Баллондарды газдан тазартудың қорытындысы арнайы журналда көрсетіледі.

156. Резервуарлар куәландырылғаннан немесе жөнделгеннен кейін ГТС, ГТП, АГҚС басшысының жазбаша рұқсатының негізінде жұмыста пайдаланылады.

157. Резервуарлардан алынған шөгінділер ылғалды күйде сақталып, дереу кәдеге жаратылады.

Газ құбырларының пирофорлық шөгінділері бар бөліктері олар ашылған күні жөнделеді және ұйым басшысының, ГТС, ГТП, АГҚС иесінің бұйрығымен белгіленген қауіпсіз аймақта қоймаға жиналады.

158. Резервуарлар мен баллондарды жуылғаннан және сыналғаннан кейін ғана ГТЖ-ның су кәрізге түсуін болдырмайтын тұндырғыштар арқылы ғана кәрізге жіберіледі. Тұндырғыш кезең-кезеңімен тазартылады және таза сумен жуылады.

Тұндырғыштардан алынған лас заттар санитариялық-эпидемиологиялық қызмет арнайы белгілеген жерлерге шығарылады.

159. Өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық нормативтік құқықтық актілердің қолданыстағы талаптарын орындау шартымен айрықша жағдайларда ғана ашық отты, ұшқын шығаруды қолдана отырып, жөндеу жұмыстарын (от жұмыстары) жүргізуге рұқсат етіледі.

160. Отпен жүргізілетін жұмыстар кәсіпорын басшысы бекіткен арнайы жоспар мен рұқсат наряд бойынша жүргізіледі.

АГҚС отпен жүргізілетін жұмыстардың жоспары өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

161. Автомашиналардың АГҚС-ға, ГТС мен ГТП өндірістік аймағына кіруіне, сондай-ақ отпен жүргізілетін жұмыстарды орындау кезінде ГТЖ-ны төгу мен құюға рұқсат етілмейді.

162. Үй-жайда отпен жұмыстар жүргізілген уақыт бойы механикалық желдеткіш жұмыс істейді.

163. Үй-жайда отпен жүргізілетін жұмыстар басталар алдында және жүргізіліп жатқанда, сондай-ақ аумақтағы жұмыс орнынан 20 метр аймақта ауа ортасында ГТЖ буларының болуына талдау жүргізіледі.

Ауада ГТЖ булары болғанда, шоғырлануына қарамастан, отпен жүргізілетін жұмыстарды тоқтату керек.

164. Станциялар мен пункттердің аумақтары, өндірістік үй-жайлары бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Әр телефон аппаратының жанына өрт сөндіру командасының нөмірі көрсетілген белгі ілінеді.

165. ГТС, ГТП және АГҚС аумағында темекі шегуге тыйым салу туралы ескертпе жазу ілінеді.

166. Таза және пайдаланылған ысқылау материалы тығыз жабылатын қақпақтары бар металл жәшіктерде сақталады. Ысқылау материалын жабдықтарда, баспалдақтар мен аландарда қалдыруға жол берілмейді.

167. Аумақтан бөгде заттар, жанармай материалдары және әртүрлі қоқыстар шығарылып тасталады. Жүретін және өтетін жолдардың бос болуы қамтамасыз етіледі.

Аумақта өндірістік процеске арналмаған материалдарды қоймаға жинауға және сақтауға рұқсат етілмейді.

168. Резервуарлық парк аумағында және жарылыс-өрт қауіпті үй-жайларда өндіріске қатысы жоқ адамдардың болуына рұқсат етілмейді.

Жолаушылар бар автомобильдердің аумаққа кіруіне және оларға отын құюға жол берілмейді.

169. ГТС, ГТП және АГҚС аумақтарында негізгі қызметке байланысты емес жұмыстарды орындауға жол берілмейді.

СМГ-ны тұтынушыларға беру тәртібі осы Талаптардың нормалары ескеріле отырып әзірленген нұсқаулықта белгіленеді.

170. Сұйытылған газды автомобильдермен тасымалдау кезінде автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдау, олардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту қағидалары және қауіпті жүктерді тасымалдайтын жүргізушілер мен автокөлік құралдарына қойылатын біліктілік талаптары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы № 316 қаулысымен бекітілген) орындалады.

171. Баллондар тиелген машиналар мен СМГ автоцистерналарының ашық от бар жерлер мен жұртшылық көп жиналатын жерлерде (базарлар, дүкендер, көпшілік баратын кәсіпорындар және т.с.с.) тоқтауына рұқсат берілмейді.

172. "Торша" үлгілі машина мен баллондары бар бортты машиналардың, қажет болған жағдайда, 1 сағаттан аспайтын уақытқа тұрғын үйлерден кемінде 10 метр және қоғамдық ғимараттардан 25 метр арақашықтықта тоқтауына рұқсат етіледі.

Автоцистерналарды, қажет болған жағдайда, бір сағаттан аспайтын уақытқа тұрғын үйлерден кемінде 20 метр және қоғамдық ғимараттардан 40 метр радиуста қоюға рұқсат етіледі.

Сұйытылған газдарға арналған машиналар тұрған жерлерден қазылған орларға дейін, жерқоймалар мен жерасты коммуникациялары құдықтарының қақпақтарына дейінгі арақашықтық 5 метр және одан да артық болады.

### **Резервуарлық, буланатын және топтық баллонды қондырғылар**

173. Резервуарлық және топтық баллонды қондырғылардың реттегішінен кейінгі ГТЖ ең жоғарғы жұмыс қысымы 400 даПа (400 мм су. бағ.) аспайды.

Қондырғылардың сақтандырғыш бекіту және бекіту клапандары тиісінше 1,15 және 1,25 ең жоғарғы жұмыс қысымына реттеледі.

174. Резервуар қондырғысының құрамында сақтандырғыш бекіту және сақтандырғыш-айыру клапандарының (СБК және САК) газ қысымын еттегіштер, қолданыстағы стандарттарға сәйкес зауыттық жағдайда дайындалған резервуардағы СМГ қысымы мен деңгейін бақылау үшін бақылау-өлшеу аспаптары, сондай-ақ сұйық және бу фазалардың құбыржолдарын көздеген жөн.

Техникалық қажеттілік болған жағдайда, резервуар қондырғысы құрамында қолданыстағы стандарттарға сәйкес зауыттық жағдайларда дайындалған СМГ-ның буландыру қондырғылары көзделеді.

175. Қондырғыдағы резервуарлардың саны екіге тең. Егер газды тұтыну режимдері технологиясы мен ерекшелігінің шарттары бойынша газды тұтытуда үзілістерге рұқсат етілсе, бір резервуар орнатуға рұқсат етіледі.

Резервуарлардың саны екіден астам болса, қондырғы топтарға бөлінуі тиіс, бұл ретте әр топтың резервуарларын сұйық және бу фазалары бойынша өзара құбыржолдарымен қосқан жөн, оларда ажырату құрылғыларын орнатуды қарастыру қажет.

Резервуарлардың жекелеген топтарын қосып жұмыс істету үшін оларды өзара бу фазасының құбыржолдарымен қосқан жөн, оларда ажырату құрылғыларын орнатуды қарастыру қажет.

176. Резервуарлық қондырғының жалпы сыйымдылығын және бір резервуардың сыйымдылығын 2-кестеде көрсетілгеннен асырмай қабылдаған жөн.

2-кесте

--	--	--

Резервуарлық қондырғының қолданылуы	Резервуарлық қондырғының жалпы сыйымдылығы, м <sup>3</sup>		Бір резервуардың барынша сыйымдылығы, м <sup>3</sup>	
	жерүсті	жерасты	жерүсті	жерасты
Тұрғын үй, әкімшілік және қоғамдық ғимараттарды газбен жабдықтау	5	300	5	50
Өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірістік ғимараттарын, тұрмыстық ғимараттарын және қазандықтарды газбен жабдықтау	20	300	10	100

177. Жерасты резервуарларды топырағы маусымдық қататын аудандарда жер үстінен резервуардың жоғары беткі жағына дейін кемінде 0,6 м және топырағы қатпайтын аудандарда – 0,2 м тереңдікке орнатқан жөн.

Резервуарды орнату кезінде олардың орнықтылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қарастыру керек.

178. Жерасты резервуарларының арасындағы арақашықтық жарықта кемінде 1 м, ал жерүсті резервуарлар – аралас резервуарлардың диаметріне тең, бірақ 1 м кем емес.

Жалпы сыйымдылығы 50 м<sup>3</sup> дейінгі резервуарлық қондырғылардан, ең шеткі резервуардан әртүрлі мақсаттағы ғимараттарға, құрылыстарға және коммуникацияларға дейінгі арақашықтықтарды осы Талаптарға 2-қосымшада көрсетілгеннен кемітпей қабылдаған жөн.

Жалпы сыйымдылығы 50 м<sup>3</sup> астам резервуарлық қондырғылардан арақашықтықтар осы Талаптарға 3-қосымша бойынша қабылданады.

Қолданыстағы объектілерді қайта жаңарту кезінде, сондай-ақ тығыз орналасқан жағдайларда (жаңадан жобалау кезінде) тиісті негіздеме болғанда және пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету іс-шаралары жүзеге асырылғанда осы Талаптарға 2-қосымшада көрсетілген арақашықтықты 50 %-ға дейін (су құбырынан және басқа да арнасыз коммуникациялардан, сондай-ақ жалпы желідегі темір жолдардан арақашықтықтарды қоспағанда) азайтуға рұқсат етіледі.

ГТЖ резервуарлық қондырғысының қоршауынан 3 метрден жақын жерде автомобиль тұрағының, парктерінің болуына тыйым салынады.

179. Резервуарлық қондырғылар биіктігі кемінде 1,6 м, жанбайтын материалдардан жасалған, желдетілетін қоршаумен жабдықталады. Резервуарлардан қоршауға дейінгі арақашықтық кемінде 1 м деп қабылдау керек, бұл ретте қоршаудан тұтас үйменің сыртқы жиегіне немесе жанбайтын материалдардан жасалған қоршау қабырғаларына (резервуарлар жер бетінде орнатылғанда) дейінгі арақашықтық кемінде 0,7 м деп қабылдаған жөн.

180. Буланатын қондырғыларды ашық алаңдарға немесе еден деңгейі жердегі жоспарлы белгісінен жоғары, резервуарлық қондырғы қоршауынан кемінде 10 м арақашықтықта орналасқан жеке тұрған ғимараттарға, үй-жайларға (өндірістік ғимаратқа жапсарлас немесе оның ішіне салынған) орнатқан жөн.

Өнімділігі 100 м<sup>3</sup>/сағ. (200 кг/сағ.) дейін буланатын қондырғыларды тікелей резервуар қылталарының шатырына немесе жерасты не жерүсті резервуарларынан кемінде 1 м арақашықтықта, сондай-ақ газ тұтынатын агрегаттардың, егер олар жеке тұрған үй-жайларда немесе ашық алаңдарда орналасса, олардың тікелей жанына орнатуға рұқсат етіледі.

Буландырғыштар топтық орнатылғанда олардың арасында арақашықтық кемінде 1 м деп қабылдаған жөн.

181. Топтық баллонды қондырғылардың құрамында ГТЖ үшін баллондарды, бекіту арматурасын, газ қысымын реттегішті, ІҚК, көрсететін манометр мен жоғарғы және төменгі қысымды құбыржолдарды қарастырған жөн. Топтық қондырғыдағы баллондардың санын есеппен белгілеу керек.

182. Топтық қондырғының барынша жалпы сыйымдылығын 3-кесте бойынша қабылдаған жөн.

### 3-кесте

Топтық баллонды қондырғының қолданылуы	Топтық баллонды қондырғыдағы барлық баллондардың сыйымдылығы, л (м <sup>3</sup> ), төмендегідей орнатылғанда	
	ғимарат қабырғасының жанында	ғимараттан қашықта
Тұрғын үй, әкімшілік, қоғамдық және тұрмыстық ғимараттардың газбен жабдықтауы	600 (0,6)	1000 (1)
Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары	1000 (1)	1500 (1,5)

183. Баллонды пайдаланудың нормативтік мерзімін шығарушы зауыт белгілейді, алайда 30 жылдан астам болмауы тиіс.

184. Баллондардың сыртқы бөлігі осы Талаптарға 26-қосымшаға сәйкес боялады.

185. Баллондарға жазу оны айналдыра жазылады, ұзындығы шеңбердің кемінде  $\frac{1}{3}$ -іне, ал жолақтар – шеңбердің өн бойына түсіріледі, бұл ретте сыйымдылығы 12 литрден астам баллондардағы әріптердің ұзындығы 60 мм, ал жолақтар ені 25 мм тең. Сыйымдылығы 12 литрлік баллондардағы жазулар мен жолақтардың көлемі баллондардың бүйір жағы шетінің шамасына байланысты белгіленеді.

186. Топтық баллонды қондырғыларды орнатуды ғимараттар мен құрылыстардан кемінде осы Талаптарға 2-қосымшада көрсетілген арақашықтықта немесе газдалатын ғимараттың отқа төзімділігінің III

дәрежесінен төмен емес С0 сыныпты қабырғалары тұсынан, терезе және есік ойықтарынан кемінде осы Талаптарға 2-қосымшада көрсетілген арақашықтықта қарастырған жөн.

Қоғамдық немесе өндірістік ғимараттың төңірегінде бір ғана топтық қондырғыларды қарастыруға болады. Тұрғын үй жанында бір-бірінен кемінде 15 м арақашықтықта, үштен артық емес баллонды орнатуды қарастыруға жол беріледі.

187. Жеке баллонды қондырғыларды ғимараттың ішінде, сол сияқты сыртында да орнатуды қарастырған жөн. Қабаты екіден аспайтын тұрғын үй ғимаратының пәтерлерінде баллондар (бір пәтерге бір ғана баллон) орнатуға рұқсат етіледі. Бұл ретте баллондар міндетті түрде өз мақсатына (қолданылуы саласына) сәйкес болады.

Қауіпсіздігі жоғары бекіту-реттеу арматурасы бар газ баллонды қондырғыларды қабаттарының биіктігі 5-тен аспайтын тұрғын үй ғимараттарында орнатуға рұқсат етіледі.

Жеке баллонды қондырғыларды бірінші қабаттың жарық түсетін терезе ойығынан кемінде 0,5 м және есік ойығынан 1,0 м, іргелік және жертөле қабаттардың есік және терезе ойықтарынан, сондай-ақ кәріздік құдықтардан кемінде 3,0 м арақашықтықта орнатқан дұрыс.

188. Газды баллондар үй-жайларда, сол сияқты ашық ауада сақталады, соңғы жағдайда, олар атмосфералық жауын-шашыннан және күн сәулесінен қорғалады.

Оттегі бар және жанғыш газды баллондарды бір үй-жайда қоймада сақтауға рұқсат етілмейді.

189. Әр баллонның үстіңгі салалық бөлігінде жеңіл оқылатын мына деректер көрсетіледі:

1) дайындаушының тауар белгісі;

2) баллонның нөмірі;

3) бос баллонның нақты салмағы (кг): сыйымдылығы қоса алғанда 12 литрге дейінгі баллондар үшін – 0,1 кг дейінгі нақтылықпен; 12 литрден астам және қоса алғанда 55 л дейінгі – 0,2 литрге дейінгі нақтылықпен; сыйымдылығы 55 литрден астам баллондардың салмағы МемСТ немесе оларды дайындаудың ТШ сәйкес көрсетіледі;

4) дайындалған күні (айы, жылы) және келесі куәландыру жылы;

5) жұмыс қысымы Р, МПа (кгс/см<sup>2</sup>);

6) гидравликалық байқау қысымы Р<sub>пр</sub>, МПа (кгс/см<sup>2</sup>);

7) баллондардың сыйымдылығы, литр: сыйымдылығы қоса алғанда 12 литрге дейінгі баллондар үшін – номиналды; 12 литрден астам және қоса алғанда 55



литрге дейінгі баллондар үшін – 0,3 литрге дейін дәл алғандағы нақтылықпен; сыйымдылығы 55 литрден астам баллондар үшін – оларды дайындаудың НҚ сәйкес;

8) дайындаушының диаметрі 10 мм ОТК деген таңбасы (сыйымдылығы 55 л астам стандартты баллондардан басқа);

9) сыйымдылығы 55 литрден астам баллондар үшін стандарт нөмірі.

Баллондардағы белгілердің үлкендігі кемінде 6 мм, ал сыйымдылығы 55 литрден астам баллондарда – кемінде 8 мм болып жазылады. Ацетиленге арналған баллондардан басқа баллондардың салмағы жағылған бояуының, егер конструкциясында көзделсе, қалпағы мен табандығына арналған сақинасының салмағы, бірақ вентиль мен қалпағының салмағынсыз көрсетіледі. Сыйымдылығы 5 литрге дейінгі немесе қабырғасының қалыңдығы кемінде 5 мм баллондарда паспорт деректері баллонға дәнекерленген пластинаға таңбаланып басылуы немесе эмальді не майлы бояумен түсірілуі мүмкін.

190. Баллондарға жазу оны айналдыра жазылады, ұзындығы шеңбердің кемінде  $\frac{1}{3}$ -іне, ал жолақтар – шеңбердің өн бойына түсіріледі, бұл ретте сыйымдылығы 12 литрден астам баллондардағы әріптердің ұзындығы 60 мм, ал жолақтар ені 25 мм тең. Сыйымдылығы 12 литрлік баллондардағы жазулар мен жолақтардың көлемі баллондардың бүйір жағы шетінің шамасына байланысты белгіленеді.

191. Үй-жайларға орнатылатын газды баллондар жылу радиаторларынан және басқа да жылу аспаптары мен пештерден кемінде 1 м және ашық отты жылу көздерінен кемінде 5 м арақашықтықта болады. Газды плиталардан (іш жағынан салынғаннан басқа) ГТЖ баллонын жылу аспаптарынан кемінде 0,5 м және 1 м арақашықтықта орнату керек. Экранды баллон мен жылу аспабының арасына орнатқанда арақашықтықты 0,5 м дейін азайтуға рұқсат етіледі. Экран жанбайтын материалдардан жасалуы және баллонның жылу аспабының жылу әсерінен қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс. ГТЖ баллонын үй-жайдан тысқары жерге орнатқанда оны көлікпен зақымдалудан және  $45^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары қызудан қорғаған жөн. ГТЖ баллондарын өндірістік үй-жайларда орнатуды цехішілік көлікпен және металл шашырандыларынан зақымдалудан, коррозиялық-агрессивті сұйықтық пен газдардың әсерінен, сондай-ақ  $45^{\circ}\text{C}$ -дан жоғары қызудан қорғалған орындарда қарастырған жөн.

192. ГТЖ баллондарын:

- 1) тұрғын үй бөлмелері мен дәліздерде;
- 2) іргелік және жертөле үй-жайлар мен шатырларда;
- 3) қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының асханалық және сауда залдарының ; аудиториялар мен оқу сыныптарының; ғимараттардың көрермен (акт)

залдарының; аурухана палаталарының; басқа да осыған ұқсас үй-жайлардың астында және үстінде орналасқан үй-жайларда;

- 4) табиғи жарықсыз үй-жайларда;
- 5) авариялық шығатын жерлерде;
- 6) ғимараттың басты қасбеттері жағынан орнатуға рұқсат етілмейді.

193. Арнайы құрылыстарда немесе ғимаратқа арнайы жапсарлас не қосымша салынған құрылыстарда орналастырылған баллон қондырғыларын пайдалануды, олардағы баллондарды ауыстыруды кемінде екі жұмысшы жүргізеді.

194. Баллондарды сығылған, сұйытылған және ерітілетін газдармен толтыруды жүргізетін толтыру станциялары осы Талаптарға 23-қосымшаға сәйкес баллондарды толтыру журналын жүргізеді.

Егер станциялардың бірінде баллондарды әртүрлі газдармен толтыру жүргізілсе, онда әрбір газ бойынша жеке-жеке толтыру журналы жүргізіледі.

195. Баллондарды газдармен толтыру газдың қасиетін, жергілікті жағдайларды ескере отырып, технологиялық регламенттер бойынша жүргізіледі.

Баллондарды сұйытылған газдармен толтыру төмендегі 4-кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес келеді.

#### 4-кесте

Газдың атауы	Сыйымдылығы 1 л баллондағы газдың салмағы, кг, аспайтын	1 кг газға баллонның сыйымдылығы, л, кемінде
Аммиак	0,570	1,76
Бутан	0,488	2,05
Бутилен, изобутилен	0,526	1,90
Этилен тотығы	0,716	1,40
Пропан	0,425	2,35
Пропилен	0,445	2,25
Күкіртсутегі, фосген, хлор	1,250	0,80
Көмір қышқылы	0,720	1,34
Фреон-11	1,200	0,83
Фреон-12	1,100	0,90
Фреон-13	0,600	1,67
Фреон-22	1,800	1,00
Хлорлы метил, хлорлы этил	0,800	1,25
Этилен	0,286	3,50

Осы кестеде көрсетілмеген газдар үшін толтыру нормасы толтыру станцияларының өндірістік нұсқаулықтарында белгіленеді.

196. Мынадай:

- 1) белгіленген куәландыру мерзімі өтіп кеткен;

- 2) кеуекті салмағын тексеру мерзімі өтіп кеткен;
- 3) баллон корпусы зақымдалған;
- 4) вентильдері жарамсыз;
- 5) тиесілі бояуы немесе жазуы жоқ;
- 6) атмосфераның кемінде 0,5 газ қалдық қысымы жоқ;
- 7) белгіленген таңбасы болмағанда баллондарға газ толтыруға жол берілмейді

Артық газ қысымы жоқ баллондарды толтыру оларды толтыруды жүзеге асыратын ұйымның (толтыру станциясының) нұсқаулығына сәйкес алдын ала тексеруден кейін жүргізіледі.

197. Қалпақтарға арналған табандықтар мен сақиналарды қайта кіргізу, вентильдерді ауыстыру баллондарды куәландыру пункттерінде жүргізіледі.

Вентиль оны бөлшектеуге байланысты жөндеуден кейін жұмыс қысымымен тығыз орнығуы тұрғысынан тексеріледі.

198. Табандықтарды баллондарға кіргізуді газды шығарғаннан, вентильдерді желдеткеннен және баллондарды тиісінше газдан тазартқаннан кейін жүргізуге рұқсат етіледі.

Газбен толтырылған баллондарды тазартуға және бояуға, олардың қылталарында сақиналарды нығайтуға рұқсат етілмейді.

199. Пайдаланудағы баллондар кемінде әр 5 жыл сайын кезеңділікпен куәландырылуы тиіс. Коррозияны туындататын газдармен (хлор, хлорлы металл, фосген, күкірт сутегі, күкірт ангидридi, хлорлы сутегі және басқалар) толтыруға, автомобильдер мен басқа да көлік құралдарының отыны ретінде қолданылатын сығылған және сұйытылған газдарға арналған баллондар кемінде 2 жыл сайын кезеңділікпен куәландыруға жатады.

Стационарлық орнатылған, сондай-ақ  $150 \text{ кгс/см}^2$  және одан жоғары қысым болған кезде өлшенген, шық нүктесінің температурасы  $35^{\circ}\text{C}$  және одан төмен, жылжымалы құралдарға тұрақты орнатылған баллондар мен сығылған ауа, оттегі, аргон, азот пен гелий сақталатын баллон-ыдыстар, сондай-ақ сусыздандырылған көмір қышқылы бар баллондар кемінде 10 жыл сайын техникалық куәландыруға жатады.

Коррозиялы емес ортасы бар, үнемі қысыммен тұратын, алайда қысымы  $0,7 \text{ кгс/см}^2$  болғанда кезеңділікпен босатылатын баллондар мен баллон-ыдыстар 10 жылда кемінде бір рет техникалық куәландыруға жатады. Баллондарды кезеңділікпен куәландыруды толтырушы зауыттарда немесе толтыру станцияларында (сынақ пункттерінде) осы зауыттардың (толтыру станцияларының) кәсіпорын бойынша бұйрықпен тағайындалған қызметкерлері жүргізеді.

200. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган мыналарды:

1) өндірістік үй-жайлардың, сондай-ақ куәландырудың сапалы өткізілу мүмкіндігін қамтамасыз ететін техникалық құралдардың болуын;

2) тиісті дайындықтан өткен инженерлік-техникалық қызметкерлердің қатарынан куәландыруды өткізу үшін жауапты тұлғалардың кәсіпорын бойынша бұйрықпен арнайы тағайындалуын;

3) баллондарды техникалық куәландыруды өткізу жөніндегі нұсқаулықтың болуын тексергеннен кейін толтырушы зауыттарды, толтыру станцияларын және сынақ пункттерін баллондарға техникалық қызмет көрсету және техникалық куәландыру жүргізу құқығына аттестаттайды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық басқарма тиісті шифрге таңбаны тіркейді, ол бойынша баллонға техникалық куәландыру жүргізген ұйым сәйкестендіреді. Көрсетілген таңба бедері жоқ баллондарды қолдануға жол берілмейді.

201. Сыртқы және ішкі бөлігін тексергенде жарықтар, майысулар, дөңестер, қабырғаның номиналды қалыңдығынан 10 % артық ойықтар, айырылып кеткен жерлер мен жарықшалар, қылта бұрандасының тозуы анықталған, сондай-ақ кейбір паспорт мәліметтері болмаған баллондар ақауға шығарылады. Баллонның қылтасындағы сақинаның босауы соңғысын ақауға шығаруға себеп болмайды. Бұл жағдайда баллон сақинаны бекіткеннен немесе оны жаңасына ауыстырғаннан кейін одан әрі куәландыруға жіберілуі мүмкін. Табандығының қисық немесе әлсіз орнатылуы анықталған баллонды табандығын қайта орнатқанға дейін одан әрі куәландыруға жол берілмейді.

202. Ацетиленге арналған баллондардан басқа, барлық баллондар кезеңдік куәландыру кезінде жартылай жұмыс қысымына тең байқау қысымымен гидравликалық сынақтан өткізілуге жатады.

203. Куәландырудың қанағаттанарлық қорытындысынан кейін әр баллонға мынадай таңба басылады: 1) баллонды (диаметрі 12 мм дөңгелек нысанда) куәландыруды жүргізілген толтырушы зауыттың таңбасы; 2) жүргізілген және келесі куәландыру күндері (толтырушы зауыт таңбасымен бір жолда).

204. Ацетиленге арналған баллондардан басқа, баллондарды куәландырудың қорытындыларын баллондарды куәландыратын адам осы Талаптарға 24-қосымшаға сәйкес сынақтан өткізу журналына жазады.

205. Ацетиленге арналған баллондарды куәландыру ацетиленді толтырушы кәсіпорында кемінде 5 жыл сайын жүргізіледі, ол мыналарды қамтиды:

- 1) сыртқы бөлігін тексеру;
- 2) кеуекті массасын тексеру;
- 3) пневматикалық сынақтан өткізу.

206. Ацетиленге арналған баллондардағы кеуекті массаның жай-күйі толтырушы зауытта кемінде 12 ай сайын тексеріледі. Кеуекті массаны тексергеннен кейін мынадай таңба басылуы тиіс:

- 1) кеуекті массаның тексерілген күні мен айы;
- 2) толтырушы зауыттың таңбасы;
- 3) кеуекті массаның тексерілуін куәландыратын таңба (диаметрі 12 мм "ПМ" әріптерімен).

207. Кеуекті массамен толтырылған ацетиленге арналған баллондарды куәландыру кезінде  $35 \text{ кгс/см}^2$  қысыммен азот қосып сынақтан өткізеді; бұл ретте баллондар суға кемінде 1 м тереңдікке батырылады. Баллондарды сынақтан өткізу үшін көлемі бойынша 97 % таза азот қолданылады.

Ацетиленге арналған баллондарды куәландырудың қорытындылары сынақтан өткізу журналына енгізіледі.

208. Жарамаған баллондар қолданылу мақсатына қарамастан, олардың одан әрі пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын (қылтасының бұрандасына белгі қою немесе корпусын бұрғылап тесу арқылы) жарамсыз күйге келтіріледі.

209. Баллондарды куәландыру жекелеген арнайы жабдықталған үй-жайларда жүргізіледі. Бұл үй-жайларда ең төмен ауа температурасының  $12^{\circ}\text{C}$  болуына жол беріледі.

210. Ұзақ уақыт қоймада сақтауда тұрған, газ толтырылған баллондарды кезекті кезеңдік куәландыру мерзімдері басталғанда 100 баллонға дейінгі партиядан кемінде 5 дана, 500 баллонға дейінгі партиядан 10 дана және 500-ден астам баллонға дейінгі партиядан 20 дана мөлшерде іріктеу тәртібімен куәландыру әкімшілігінің өкілі куәландыруға тиіс.

Куәландыру қорытындылары қанағаттанарлық болғанда баллондарды сақтау мерзімін куәландыруды жүргізген тұлға белгілейді, алайда ол 2 жылдан астам болмауы тиіс. Іріктей отырып куәландырудың қорытындылары тиісті актімен ресімделеді. Куәландыру қорытындылары қанағаттанарлықсыз болғанда сондай мөлшерде баллондарды қайта куәландыру жүргізіледі.

Қайта куәландыру кезіндегі қорытындылар қанағаттанарлықсыз болғанда баллондардың барлық партиясын одан әрі сақтауға рұқсат етілмейді; куәландыруды жүргізген тұлға (әкімшілік өкілі) көрсеткен мерзімде баллондардан газ шығарылуы тиіс, одан кейін баллондар әрқайсысы жеке-жеке техникалық куәландырылады.

211. Орнатылған табандықтары бар толтырылған баллондар тік қалпында сақталады. Баллондарды құлаудан сақтандыру үшін олар жабдықталған ұяларға, торшаларға қойылады немесе бөгетпен қоршалады.

212. Табандықтары жоқ баллондар көлденеңінен ағаш жиектемелерде немесе сөрелерде көлденең қалпында сақталады. Ашық алаңдарда сақтағанда табандықтары бар баллондарды көлденең қатарлар арасына арқаннан, қырлы бөренелерден немесе резеңкеден жасалған төсеммен қатар-қатар қоюға рұқсат етіледі.

Баллондарды қатар-қатар қойған кезде соңғыларының биіктігі 1,5 м астам болмауы тиіс. Баллондардың вентильдері бір бағытқа қаралуы тиіс.

213. Газ толтырылған баллондарды сақтауға арналған қоймалар жеңіл үлгідегі жабындары бар бір қабатты болып табылады және олардың шатыр үй-жайлары болмайды. Газдарды сақтауға арналған қоймалардың қабырғалары, аралықтары, жабындары отқа төзімділіктің II дәрежесінен төмен емес, жанбайтын материалдардан жасалады; терезелері мен есіктері сыртқа қарай ашылады. Терезе және есік шынылары күңгірт немесе ақ түсті сырмен боялады. Баллондарға арналған қойма үй-жайларының биіктігі еденнен төбе жабындыларының астыңғы көрінетін бөліктеріне дейін кемінде 3,25 м-ге тең болады.

Қоймалардың едендері беткі бөлігі сырғанамайтындай тегіс, ал жанғыш газдары бар баллондарға арналған қоймалардың едендері оларға қандай да бір заттар соғылғанда ұшқынның шығуын болдырмайтын материалдардан жасалады.

214. Жанғыш газдары бар баллондарға арналған қоймалар жарылыстарға қатысты қауіпті үй-жайларға арналған нормаларға сәйкес жарақталады.

215. Қоймаларда олардағы баллондарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, ережелер мен плакаттар ілінеді.

216. Газ толтырылған баллондарға арналған қоймалардың санитариялық жобалау нормаларының талаптарына сәйкес табиғи немесе жасанды желдеткіші болады.

217. Жарылыс және өрт қауіпті газдары бар баллондарға арналған қоймалар найзағайдан қорғау жүйесімен жарақталады.

218. Баллондарды сақтауға арналған қойма үй-жайы жанбайтын қабырғалары бар бөліктерге бөлінеді, олардың әрбіреуінде жанғыш немесе улы газдары бар 500-ден аспайтын баллондар (40 л) және жанбайтын немесе улы емес газдары бар 1000-нан аспайтын баллондар (40 л) сақталады.

Жанбайтын немесе улы емес газдары бар баллондарды сақтауға арналған бөліктер адамдар өтетін ашық жерлері және механикаландыру құралдарына арналған жерлері бар, биіктігі кемінде 2,5 м, жанбайтын қалқалармен бөлінеді. Әрбір бөліктің жеке сыртқа шығатын жерлері болады.

219. Пропан мөлшері төмен сұйылтылған газдар резервуар қондырғыларында тек сұйықтықтың булануы және ауа мен топырақ температурасы төмен болған

жағдайда сыртқы газ құбырларына СМГ буларының мүмкін болатын конденсациясы тоқтатылуы қамтамасыз етілгенде ғана пайдаланылады.

220. Ыдыстық буландырғыштарға жылу тасымалдағыш оларға сұйытылған газдар толтырылғаннан кейін ғана беріледі.

221. СМГ-ның резервуарларға төгер алдында қондырғылардың, автоцистерналардың жабдығы және резеңке маталы түтіктері тексеріледі.

Ақаулар анықталғанда, резервуарларды қуәландырудың кезекті мерзімі өтіп кеткенде, оларда қалдық қысым 0,05 МПа (0,5 кгс/шаршы см.) төмен болғанда және қондырғыларда бастапқы өрт сөндіру құралдары болмағанда СМГ-ны төгуге тыйым салынады.

222. СМГ автоцистерналары мен резервуарлар төгу-қю кезеңінде сұйық және бу фазасы бойынша резеңке маталы түтіктермен біріктіріледі. Автоцистерналар мен түтіктер төгер алдында жерге тұйықталады. Автоцистерналарды жерге тұйықтау қондырғыларынан ағытуға тек вентильдер жабылып, штуцерлер ағытылғанда ғана рұқсат етіледі.

223. Төгу-қю операциялары жүргізілетін жерлерде бөтен адамдардың болуына және ашық отты пайдалануға жол берілмейді.

224. СМГ артығын, буланған қалған қалдықтар мен суды резервуардан төгу сұйытылған газдар автоцистерналарына жүргізіледі.

225. Резервуарлар толтырылғаннан кейін немесе баллондар алмастырылғаннан кейін қосылыстардың герметикалылығы және қысым реттегіштердің ретке келтірілуі тексеріледі. Анықталған СМГ-ның шығуы авариялық тәртіппен қалпына келтіріледі.

226. Сұйытылған газ қондырғылары мынадай алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі: резервуарлық және буландыру қондырғылары алаңы – сыйымдылығы 0,5 текше м (1 дана) құм салынған жәшік.

227. Шкафтар және топтық баллон қондырғыларының үй-жайлары, резервуар және буландыру қондырғыларының қоршаулары "ОТ ҚАУІПТІ – ГАЗ" деген ескерту жазбалармен қамтамасыз етіледі.

228. Баллондар арнайы жабдықталған автокөліктерде (мысалы, "торша" үлгісіндегі) немесе ағаш ложементтермен жабдықталған немесе жеткілікті мөлшерде резеңке (арқан) сақиналары мен баллондарды бекітуге арналған құрылғысы бар газ шығару құбырында ұшқынды сөндіргіш орнатылған жүк автомашиналарымен тасымалданады. Тасымалдау кезінде барлық баллондардың вентильдері бір жаққа қаратып қойылады.

Әр машинада әрбіреуінің сыйымдылығы кемінде 5 литр 2 от сөндіргіш және жүктің қауіптілігі туралы айыру белгілері болады.

Тұтынушыға жеке көлікпен баллонды соққыдан және орнын ауыстырудан сақтандыратын қондырғыларды пайдалана отырып, тек бір ғана баллонды өз бетімен тасымалдауға рұқсат етіледі.

Сыйымдылығы 50 литр баллондарда тасымалдау кезінде вентиль штуцерінің металл тығыны мен қылтасына бұралатын металл қалпағы болуы тиіс.

229. Тиеу-түсіру жұмыстары және баллондарды орнату кезінде олардың құлауын, зақымдалуын, ластануын болдырмайтын шаралар қабылданады.

Баллондарды автомобильден қалпақтарын төмен қаратып алуға рұқсат етілмейді.

230. Егер баллондарды тасымалдау немесе орнату кезінде газдың шығуы байқалса немесе баллонның жарамсыздығы анықталса, тұтынушыларда мұндай баллонды орнатуға тыйым салынады.

231. Сұйытылған газдың топтық баллондық қондырғыларын пайдалану баллондарды ауыстыруды, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қамтиды.

232. Топтық баллонды қондырғыларға техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

- 1) жалғанған жерлер мен арматурада газдың шығуын анықтау және жою;
- 2) қысымды реттегіштер мен сақтандыру клапандарының жарамдылығын және реттеу параметрлерін тексеру;
- 3) газ құбырларының, қаптамалардың, шкафтар мен қоршаулардың жай-күйін және бояуын қадағалау; баллондар салынған шкафтардың мықтылығын тексеру және оларды бекіту, қаптамалардың, шкафтар мен қоршаулар есіктеріндегі бекітулердің жарамдылығын, ескертпе жазулардың болуын тексеру; ғимараттар мен шкафтардың қабырғалары арқылы өтетін газ құбырларының бекітілуін тексеру;
- 4) манометрлердің жай-күйі мен жұмысқа қабілетін тексеру.

Топтық баллондық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу кестелер бойынша мынадай мерзімдерде жүргізіледі (егер дайындаушы зауыттың паспортына сәйкес жабдыққа осы жұмыстарды неғұрлым қысқа мерзімдерде жүргізу талап етілмесе):

- 1) техникалық қызмет көрсету – үш айда кемінде бір рет;
- 2) реттейтін, сақтандыру және бекіту арматурасын бөлшектеуге байланысты ағымдағы жөндеу – жылына кемінде бір рет.

Техникалық қызмет көрсету белгіленген тәртіппен пайдаланушы ұйымның техникалық басшылығы бекітетін нұсқаулықтарға сәйкес жүргізіледі.

233. Жүргізілген жөндеу жұмыстары туралы мәліметтер топтық баллондық қондырғының паспортына енгізіледі.



Техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу жөніндегі барлық жұмыстар туралы топтық баллондық қондырғыларды пайдалану журналына жазу жазылады.

234. Редукторда немесе вентильде тығыздықтың болмауы сабын көпіршігімен тексеріледі. Осы мақсат үшін отты қолдануға қатаң тыйым салынады. Редуктор кез келген түрде жарамсыз болған жағдайда дереу баллон вентилін жауып, редуктордан газды шығару және жарамсыздықты жою керек. Егер редукторда газ болса, тетіктерін тартуға немесе қандай да бір жөндеу жүргізуге рұқсат етілмейді.

235. Сұйытылған газ құйылған баллондар күннен немесе өзге де жылудың әсерінен қорғалады.

236. Сұйытылған газ құйылған баллондарды ашық алаңдарда және тұрғын үйлердің, саяжайлар мен бақша кенттерінің, өндірістік емес мақсаттағы қоғамдық ғимараттардың аумақтарындағы аулаларда қалдыруға рұқсат етілмейді.

237. Сұйытылған газ құйылған баллондарды жертөле үй-жайларында сақтауға тыйым салынады. Ғимараттардан тыс арнайы шкафтарда немесе қосалқы үй-жайларда артық, толтырылған және босаған баллондарды сақтауға рұқсат етіледі.

238. Жеке баллонды қондырғыларға техникалық қызмет көрсету ды тұтынушылардың өтінімдері бойынша пайдаланушы ұйым персоналының жүзеге асыруына болады.

## **Тұрғын үй ғимараттары**

239. Тұрғын үй ғимараттарындағы газ құбырлары болат құбырлардан жасалады.

Баллондар үй-жайларда орналастырылғанда сұйытылған газ қондырғыларында газ құбырлары ретінде 4.03-01-2003 ХСН-ға сәйкес резеңке маталы түтіктерді, сондай-ақ ұзындығы 3 метрден аспайтын металл пластикті гофрланған жалғастырушы түтіктерді қолдануға рұқсат етіледі.

240. Газ құбырларын ғимаратқа енгізуді тікелей газ пайдалану жабдығы орнатылатын үй-жайда немесе онымен ашық ойықтармен біріктірілген жанама үй-жайда қарастырған жөн.

Бір пәтерлі және қоршалған үйлерге табиғи газдың газ құбырларын енгізуден басқа, ғимараттардың жертөлелері мен жертөле қабаттарына газ құбырын енгізуге жол берілмейді.

241. Газ құбырындағы ажырату құрылғыларының мынадай жерлерде болуын көздеу қажет:

- 1) бөлек тұрған немесе қоршалған ғимараттардың алдында;
- 2) бес қабаттан жоғары тұрғын ғимараттардың тіреуіштерін ажырату үшін;
- 3) сыртқы газ қолдану жабдықтарының алдында;
- 4) ГРП-дан 100 метрден аз қашықтықта ажырату құрылғысы бар газ құбырының тармақталуындағы кәсіпорындардың ГРП қоспағанда, газ реттеу пункттерінің алдында;
- 5) газ құбырымен түйістірілген, газ реттеу пункттерінен шығу орындарында;
- 6) газ құбырларынан бастап, қоныстар, жеке шағын аудандар, кварталдар, тұрғын үй топтарына, ал пәтерлер саны 400-ден астам болған кезде және жеке тұрғын үйге дейінгі тармақталуларда, сондай-ақ өндірістік тұтынушылар мен қазандықтарға тармақталуларда;
- 7) су бөгеттерінің екі және одан көп желімен қиылысуы кезінде, сондай-ақ межеленген жиек 75 м және одан көп кезде су бөгетінің ені кезінде бір желімен қиылысуы кезінде.
- 8) өтпе учаскесіндегі газ берілуінің тоқтауын қамтамасыз ететін ажырату қондырғысы жолдан 1000 м астам қашықтықта орналасқанда жалпы желідегі темір жолдардың және I-II санаттағы автомобиль жолдарының қиылысуы кезінде

Ғимараттардың қабырғалары мен тіреулері бойынша жүргізілген жер үстіндегі газ құбырларындағы ажырату құрылғыларын есік ойығымен ашылатын терезе ойығынан бастап, төмендегідей қашықтықта (радиуста) орналастырған жөн:

- төмен қысымды газ құбырлары үшін – 0,5 м; орташа қысымды газ құбырлары үшін – 1 м;
- II санатты жоғары қысымды газ құбырлары үшін – 3 м;
- I санатты жоғары қысымды газ құбырлары үшін – 5 м.

Газ құбырлары транзитпен өткізілетін учаскелерде ғимарат қабырғалары бойынша ажырату құрылғыларын орнатуға жол берілмейді.

242. Газ құбырларын ашық немесе жабық төсеуді көздеу қажет. Газ құбырлары жабық төселген кезде коррозиядан қорғау бойынша қосымша шараларды қарастыру, оларды тексеру мен қорғаныш жабынын жөндеу мүмкіндігінің болуын қамтамасыз ету қажет.

Жерге кіретін және жерден шығатын жерлерде, сондай-ақ газ құбырлары ғимаратқа енгізілетін жерлерде газ құбырларын футлярға салу қажет. Қабырға мен футляр арасындағы кеңістікті кесіп өтетін құрылымның бүкіл қалыңдығына бітеп тастау қажет. Футлярдың шеткі жақтарын иілгіш материалмен тығыздау қажет.

Сұйытылған көмірсутек газының газ құбырларын жабық төсеуге жол берілмейді.

243. Газдың тік бағанын тұрғын және ванна бөлмелері, санитариялық тораптар арқылы өткізуге рұқсат етілмейді.

Ішкі газ құбырлары мен тік бағандарында тығындарды орнатуға рұқсат етілмейді. Газ құбырлары іргемен енгізгенде тығындарды ғимараттың сыртына орнатуға рұқсат етіледі.

244. Тұрғын бөлмелер арқылы қысымы төмен газ құбырлары транзиттік төсеуге басқа төсеу мүмкін болмағанда ғана рұқсат етіледі. Бұл ретте тұрғын үй-жайлар шегіндегі газ құбырын бұрандалы қосылыстар мен арматураларсыз төселеді.

245. Тұрғын үй ғимараттарында төселген газ құбырларын, жабдықтарды ағыту үшін ғимараттарға енгізілетін тұстарда (бір енгізуден екі және одан астам тұрақтар орнатылғанда бұдан басқа 4 қабаттан астам тұрғын үй секциясына қызмет көрсететін сөндіру құрылғыны орнатады) және әрбір газ аспабының немесе пештің алдында сөндіргіш құрылғылар орнатылады.

246. Тұрғын үй ғимараттарында плитаны биіктігі кемінде 2,2 м, желкөзі (фрамуғасы) бар терезесі немесе ашылатын жақтауы мен желдеткіш арнасы бар ас бөлмелерде орнатқан жөн. Ас бөлме көлемі 4 конфорлы плита үшін – кемінде 15 текше м, 3 конфорлы плита үшін – кемінде 12 текше м, 2 конфорлы плита үшін – кемінде 8 текше м орнатылады.

Пайдаланудағы тұрғын үй-жайларда ас бөлменің биіктігі 2,2 м және нормаларға сәйкес көлемде болғанда плиталарды бұдан басқа мынадай жағдайларда орнатуға рұқсат етіледі:

1) желдеткіш арналары жоқ ас бөлмелерде: мұндай жағдайларда желкөздер немесе фрамугалар терезенің жоғары бөлігінде;

2) ас бөлмелерінен шығатын есіктері бар жапсарлас үй-жайларда терезелері жоқ ас бөлмелерде оларда желдеткіш арналары және желкөздері мен фрамугалары бар терезелер болғанда;

3) жеке пайдаланылатын дәліздерде олардың жоғары бөлігінде желкөздері мен фрамугалары бар терезелер болған жағдайда; плита мен қарсы қабырғаның арасында ені кемінде бір метр өтпе болады; қабырғалар мен төбелері сылануы, ал тұрғын үй-жайлар дәлізден тығыз аралықтармен және есіктермен бөлінеді.

247. Ауылдық үлгідегі (ауылдық елді мекендегі) пайдаланудағы үйлерде плиталар ас бөлме биіктігі кемінде 2,2 м, алайда 2 м төмен емес үй-жайда, оларда желкөздері мен фрамугалары бар терезелер болғанда орнатылуы мүмкін; егер мұндай үйлерде ас бөлмеге бөлінген үй-жай болмағанда, газ плитасы орнатылатын үй-жайдың желкөзі мен фрамугасы бар терезесі болады, оның көлемі жоғарыда көрсетілген нормалардан екі есе артық болады.

Ескертпе: Басқа жұмыс істеп тұрған түтіндік арналармен байланысты емес, бұрынғы ас бөлме ошақтарынан, пештерден және т.с.с. тартылған, ас бөлмелерде бар түтіндік арналар желдеткіш арналар ретінде пайдаланылуы мүмкін.

248. Газ аспаптарын мынадай жерлерде:

1) ас үйлерде, жуынатын бөлмелерде, санитариялық тораптарда немесе табиғи жарықтандырусыз ас бөлме ретінде жасалған ас үйлерде;

2) жалпы пайдалану дәліздерінде орнатуға жол берілмейді.

249. Тұрмыстық газ плиталарын тұрғын үй-жайлардан тыс жазғы ас бөлмелерде немесе қалқа астында орналастыруға болады. Жазғы ас бөлменің биіктігі мен көлемі, желкөзі бар терезесінің болуы осы Талаптардың 246 және 247-тармақтарының талаптарына сәйкес болады. Плитаны қалқаның астына орнатқанда қыздырғыш желдің соғуынан сақтандырылады.

250. Плиталар орнатылатын жерлердегі сыланбаған, ағаштан жасалған қабырғалар асбофанерамен немесе жабынды болатпен оқшаулануы тиіс.

Стационарлық плитаны орнатқанда қабырғаларды оқшаулау еденнен бастап, ал жылжымалы плитаны орнатқанда – іргесінен бастап әр қабырғаның тұсынан плита габаритінен 10 см және үстіңгі жағынан кемінде 80 см шығарылып жүргізілуі тиіс.

Жылжымалы плиталар орнатылатын ағаш негіздер асбест табағының немесе балшық ерітінді сіңірілген талшықтың үстіне жабын болатпен не тұтануы қиын басқа материалдармен оқшауландырылады.

251. Газды су жылытқыштарды асбөлме үй-жайларында орнатқан жөн. Су жылытқыш орнатылатын үй-жайда, сондай-ақ су жылытқыш бұрын орнатылған ванна бөлмелерінде желдеткіш арна мен торлар немесе бөлмеге ауа кіру үшін кемінде 0,02 шаршы мм қолмен жасалған, есік пен еденнің арасында саңылау болады. Жуынатын бөлмелердің есіктері сыртқа қарай ашылады.

252. Жуынатын бөлмеге ағынды су жылытқыштар орнатылған кезде оның көлемі  $7,5 \text{ м}^3$  және ыдыстағы су жылытқыштар орнатылған кезде  $6 \text{ м}^3$  кем болмауы керек.

253. Газды ағынды су жылытқыштарды үй-жайдың жанбайтын қабырғасынан кемінде 2 см арақашықтықта орнатқан жөн.

Қиын жанатын қабырғалардың тұсына газды су жылытқыштарды орнатқанда олардың арасындағы арақашықтық кемінде 8 см болуы тиіс. Қабырғалардың беткі бөлігін қалыңдығы 3 мм асбест табағы бойынша жабынды болатпен немесе балшықты қоспамен қосылған қалыңдығы 15 мм кем емес талшықпен немесе өзге де жанбайтын материалдармен оқшаулау қажет. Су қыздырғыш корпусының габаритінен 10 см шығарылады. Жылтыратылған плиталармен қапталған қабырғалар оқшауланбайды.

254. Жылытуға арналған газды шағын көлемді қазандықтарды немесе ыдыстарды, газды су жылытқыштарды табиғи және жасанды жарықтандырылған және бөлмеге ауа кіргізу үшін 0,03 шаршы метр кем емес нақты аралығымен есік пен еденнің арасында саңылауы бар биіктігі 2,2 метр кем емес тұрғын емес үй-жайларда орнатуға рұқсат беріледі, бұл ретте есік желдеткіш арнасы мен торы бар тұрғын емес үй-жайларда сыртқа қарай ашылады.

255. Бір үй-жайда 2-ден артық емес ыдысты су жылытқыш немесе екі шағын көлемді жылу қазандықтарын орнатуға рұқсат етіледі.

Бір аспапты орнатқанда үй-жайдың көлемі кемінде 7 текше м, екі аспапты орнатқанда – кемінде 12 текше м құрауы тиіс.

2-ден астам қазандық немесе су жылытқыш орнатылған үй-жайға қазандыққа қойылатындай талаптар қолданылады.

256. Ағынды және ыдысты су жылытқыштар, кез келген жүйелі шағын көлемді жылыту қазандықтары, сондай-ақ жылыту және жылыту-пісіру пештері газдың берілуін тоқтату, жалынды сөндіру және түгін шығарылатын құбырда тиісті кесінділер болмаған кезде қыздырғыштардың сөндірілуін қамтамасыз ететін автоматты қондырғылармен жарақталады.

257. Газды ыдысты су жылытқыштар мен шағын көлемді жылу қазандықтары жанбайтын қабырғалардың тұсында кемінде 15 см арақашықтықта орналастырылады.

Егер қазандық немесе су жылытқыш қиын жанатын қабырға тұсында орнатылса, оның беткі бөлігін қалыңдығы 3 мм асбест табағының немесе балшық ерітіндімен сіңірілген талшықпен үстіне жабынды болатпен не тұтануы қиын басқа материалдармен оқшауландырады. Оқшаулау корпус габаритінен 10 см шығып тұрады. Жылумен оқшауландыру болғанда қазандық қабырғасы оқшауландырылмайды.

Шағын көлемді қазандықты немесе ыдысты су жылытқышты жағатын жердің алдында ені кемінде 1 метр өтпе болады.

Қазандықты немесе ыдысты су жылытқышты орнатқан кезде ағаш еден қалыңдығы 3 мм асбест табағының үстінен жабынды болатпен немесе жобада көзделген басқа материалмен оқшаулануы тиіс. Еденді оқшаулау қазандық не су жылытқыш корпусының габаритінен 10 см шығып тұрады.

258. Мынадай жағдайларда жылыту және жылыту-пісіру пештерін газ отынына ауыстыруға болады:

1) пештің іргесі ғимараттың кірпіштен жасалған қабырғасына мықтап жасалған жеке іргетаста немесе консольдарда (рельстер, металл швеллерлер, екі таврлы арқалықтар) орналастырылғанда;

2) пештер қалануында және үймесінде жарықтары жоқ, жарамды болғанда;

3) жылыту пештерінде тамақ дайындауға арналған пісіру шкафтары және ашық конфоркалар болмағанда (пісіру шкафтары және ашық конфоркалары бар жылыту пештері кірпішпен қаланады);

4) жылыту-пісіру пешінің жылыту қалқанындағы түтін айналымының мөлшері үштен аспайды;

5) шиберлері болмағанда;

6) пештің тұмшаланған отын жағу және үрлеу есігі, жеткілікті "тазалық" көлемі болғанда.

Көлденең орналасқан арналары бар пештер, сондай-ақ стационарлық емес үлгідегі пештер (уақытша) газбен жағуға ауыстыруға жатпайды.

259. Газдандырылған пештердің жағатын жерлері, әдетте, дәліздің немесе басқа да тұрғын емес үй-жайдың жағынан орналастырылады. Қазіргі тұрғын үйлерде тұрғын үй-жайлар жағынан от жағатын есік шығарылуы мүмкін. Мұндай жағдайда газдың пешке берілуі жеке тарамдары бойынша жүзеге асырылады. Жоғарыда көрсетілген үй-жайлардан тыс газ құбырына біріктірілетін жерде оларға бекіту кран орнатылады, пеш жағуды аяқтағаннан кейін оны жабу керек.

260. Газдандырылған пештерді жағатын жерлер шығарылатын үй-жайлардың желдеткіш арнасы немесе желкөзі бар терезесі мен сыртқа, ас бөлмеге не тамбурға шығатын есігі болады. Пештерді жағатын жерлердің алдында ені кемінде 1 м өтпе болады.

261. Газ баллонды тоңазытқыштар, әдетте, ас бөлмелерде немесе осы Талаптардың нормаларына жауап беретін ас бөлме ретінде жасалған үй-жайларда орнатылады.

Тұрмыстық газ тоңазытқыштарын тұрғын үй-жайлардан есіктермен немесе қозғалмалы қалқалармен оқшауландырылған желдетілетін дәліздерде орнатуға рұқсат етіледі.

Тоңазытқыштың артқы қабырғасы мен үй-жайдың қабырғасы арасындағы арақашықтық кемінде 5 см болуы тиіс.

262. Үй-жайларды жылытуға арналған газды каминдер мен калориферлер мына талаптарға сәйкес орнатылады:

1) желдеткіші бар немесе сорғы желдеткіш каналы бар үй-жайда;

2) каминдер мен калориферлер зауытта жасалады;

3) газ қыздырғыш құрылғылар қауіпсіздік автоматикасымен жабдықталады.

Газды каминдерді қабырғаларда және еденде орнатқанда осы Талаптардың 257-тармағының талаптарын сақтау қажет.

Газды каминнен үй жабдығы мен жиһазына дейін арақашықтық кемінде 0,75 м болады.

263. Салынып жатқан ғимараттарда әрбір аспаптан, агрегаттан немесе пештен газдың жану өнімдерінің оқшауланған мұржа арқылы шығуы көзделуге тиіс.

Қолданыстағы ғимараттарда бір-бірінен кемінде 50 см қашықтықта, әртүрлі деңгейлердегі түтін құбырын жанған өнімдер енген жағдайда бір немесе әртүрлі қабаттарда орналасқан екіден астам су жылытқыштардың немесе жылыту пештерінің бір түтін құбырына немесе түтін құбырындағы құрылғыны сондай биіктіктегі қашықтықта қосуға рұқсат етіледі.

Жекелеген жағдайларда, қолданыстағы ғимараттарда түтін құбырлары болмағанда қосымша түтіндік құбырларды орнатуға рұқсат етіледі, оларды жылуды оқшаулауға жобалау сатысында рұқсат етіледі.

264. Түтін құбырының қиылысу алаңы түтін құбырын қосылатын газ аспабының, пештің және т.с.с. келте құбыры алаңынан кем болмайды.

265. Түтін құбырлары кертпелерсіз тігінен болады, жылытылады. Қажет болған жағдайда тігінен 8 градус бұрышпен, бір жаққа 1 м аспайтын ауытқумен түтін арналарын қарастыруға рұқсат етіледі. Бұл ретте түтін арналарының көлбеу учаскелерінің қиылысу алаңы олардың тігінен келетін учаскелерінің қиылысу алаңынан кем болмайды.

266. Газ аспаптарын түтін құбырларын қосу металл құбырлармен жүргізіледі. Біріктіретін құбырдың тігінен келетін бөлігінің ұзындығы газ аспабының түтін шығаратын келтеқұбырының төменінен бастап құбырдың көлденең бөлігінің осіне дейін есептеліп, кемінде 0,5 м болады. Тарту тұрақтандырғышы бар аспаптарға арналған биіктігі 2,7 м дейінгі үй-жайларда тігінен келетін бөлігінің ұзындығын 0,25 м дейін, тарту тұрақтандырғышы болмағанда – 0,15 м төмендетуге рұқсат етіледі. Салынып жатқан ғимараттардағы біріктіретін құбырдың көлденең бөліктерінің жиынтық ұзындығы 3 м аспайды, қолданыстағыларының ұзындығы – 6 м аспайды.

Газ аспабының бір жаққа иілуі кемінде 0,01 болған жөн.

Біріктіру құбырларын ілістіру және бекіту олардың бүгілуін болдырмауы тиіс

Біріктіру құбырларының буындары тығыз, саңылаусыз, құбыр диаметрінен кемінде 0,5 газдың өтуі бойынша бірінен екіншісіне өтуі тиіс.

Біріктіру құбыры түтін арнасына тығыздалып қосылады. Оның соңы арнаның қабырғасынан шығып тұрады, ол үшін шектемейтін құрылғылар (шайбалар немесе гофралар) пайдаланылады.

Мейрамхана плиталары мен тамақ пісіретін қазандықтарының біріктіру құбырлары жылу оқшаулағышпен жабылады. Қара табақты болаттан жасалған біріктіру құбырлары отқа төзімді лакпен боялады.

267. Газ аспабынан біріктіру құбырын түтін құбырына қосу түтін құбырында құбырды енгізуден төмен қарай тазарту люгі бар кемінде 25 см тереңдікпен " қалта" қалатындай түрде жүзеге асырылады.

Ескертпе: Панельден салынатын, биіктігі бір қабат немесе арнасы бар жарты қабатты блокты үйлерде, сондай-ақ болаттан жасалған түтін құбыры бар бір қабатты үйлерде панельдер қабырғаларына люк орнату талап етілмейді.

268. Түтін құбырлары:

1) олар шатыр биіктігінен 1,5 м аспайтын арақашықтықта орналасқанда (көлденеңінен есептегенде) шатыр биіктігінен 0,5 м жоғары;

2) егер олар шатыр биіктігінен 1,5-3 м арақашықтықта тұрса, шатыр биіктігімен бір деңгейде;

3) шатыр биіктігінен 3 м аспайтын арақашықтықта орналасқанда шатыр биіктігінен төмен, алайда шатыр биіктігінен төмен көлденеңіне 10 градус бұрышпен өткізілген сызықтықтан төмендетпей шығарылады.

Барлық жағдайларда шатырдың жапсарлас бөлігінің үстіндегі құбырдың биіктігі кемінде 0,5 м болады.

Егер түтін құбырының жанында ғимараттың, құрылыстың одан да биік бөліктері немесе ағаштар тұрса, газ аспаптарынан және агрегаттардан түтін құбырлары жел өтетін аймақ шекарасынан жоғары шығарылады.

Түтін құбырларының бастары атмосфералық жауын-шашынның әсерінен қорғалған болады.

Ескертпе: Ғимараттың, құрылыстың ең биік бөлігінен немесе ағаштан көкжиекке 45 градус бұрышпен жүргізілген сызықтан төмен орналасқан кеңістік жел өтетін аймақ болып табылады.

269. Түтін құбырлары газ аспаптарының оларға қосылу мүмкіндігін анықтау үшін немесе пештерді газ отынына ауыстыру кезінде олардың орнатылуы және қолданылған материалдардың осы Талаптарға сәйкестігі; түтіннің қалыпты тартылуы және бітелмеуі; тығыздығы мен оқшаулануы (егер одан шыққан түтін үй-жайға немесе желдеткіш арналарына кірмесе, түтін құбыры тығыз деп есептеледі); құрылымының жануынан сақтандыратын бөліктерінің болуы және жарамдылығы; түтін құбырларының жел соғу аймағынан тыс орналасуын анықтау үшін жақын жерде орналасқан құрылыстардың шатыры мен ағаштарға қатысты түтін құбыры басының дұрыс орнатылуы және жарамдығы тексеріледі.

Пайдаланудағы ғимараттарда түтін құбырларын тексеруді осы ғимаратты пайдаланатын ұйымның инженерлік-техникалық қызметкерінің қатысуымен мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

Құрылысы аяқталған жаңа ғимараттарда түтін құбырларын тексеруді жұмыстарды жүргізушілер, өнімді дайындаушының өкілдері (өндірістік қадағалауды жүзеге асыратын адамдар) және мамандандырылған ұйымдардың өкілдері жүргізеді.

Тексеру нәтижелері актімен ресімделеді.



270. Пайдаланудағы ғимараттарда бір пәтердегі жылыту пешінің түтін құбырына ол үшін түтіндік құбыр қиылысының алаңы жеткілікті болған жағдайда бір автоматты газды су жылытқышты немесе өзге де газ аспабын қосуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда пеш пен газ аспабын пайдалану уақыты әртүрлі болғаны жөн.

271. Тұрғын бөлмелер арқылы біріктіру құбырлары мен пештерді түтін құбырларын қосуға рұқсат етілмейді. Жылытылмайтын үй-жайлар арқылы өткізілетін біріктіру құбырлары жылытылады.

Біріктіру құбырларының бұрылысы үштен аспайды, оларды дөңгелектеу радиусы құбыр диаметрінен кем болмайды.

### **Өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындардың ішкі газ құбырлары және газ пайдалану қондырғылары**

272. Газ құбырлары өткізілген және газ пайдалану агрегаттары мен арматура орнатылған үй-жайлар қызмет көрсететін персонал үшін қолжетімді болуы тиіс. Оларды қоймалар, шеберханалар және т.б. ретінде пайдалануға жол етілмейді.

273. Газ құбырларын жүктеуге және оларды тірек пен жерге тұйықтау конструкциялары ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді.

274. Бақылау және қорғау аспаптарын қоспай, газ тұтыну қондырғыларын іске қосуға жол берілмейді.

275. Егер қыздырғышты жандырғанда немесе реттеу процесінде жалын үзілгенде, шарпығанда немесе сөнгенде газдың қыздырғышқа және күйдіру құрылғысына берілуі дереу тоқтатылады.

Қайта жандыруға от жағатын жерді және газ құбырларын желдеткеннен кейін, өндірістік нұсқаулықта көрсетілген уақыт ішінде, сондай-ақ ақаулардың себебі жойылғаннан кейін кірісуге рұқсат етіледі.

276. Жұмыс істеп тұрған газ пайдалану қондырғысын қызмет көрсететін персоналдың тарапынан үнемі қадағалаусыз қалдыруға рұқсат берілмейді.

277. Қондырғыларды газ жабдығының авариясыз жұмыс істеуін және ақаулар мен жарамсыздықтар пайда болғанда апатқа қарсы қорғанысты қамтамасыз ететін автоматтандыру жүйесімен жабдықтағанда қондырғыларды олардың жұмысын үнемі қадағалаусыз пайдалануға рұқсат етіледі. Үй-жайдың газдалуы және жабдықтың жарамсыздығы туралы белгі диспетчерлік пунктке немесе жұмыс істейтін персонал үнемі болатын үй-жайға беріледі.

278. Қондырғылардың ішкі газ құбырлары мен газ жабдығына екі жылда кемінде 1 рет техникалық күтім жасалады, ал оларды жөндеу – тұтынушылардың өтінімдері бойынша жүргізіледі. Газ жабдығының апатсыз жұмыс істеуін және апатқа қарсы қорғанысын қамтамасыз ететін автоматтандыру жүйесімен

жабдықталған қондырғыларға 3 айда кемінде 1 рет техникалық қызмет көрсетіледі, ал оларды ағымдағы жөндеу – жылына 1 рет жүргізіледі.

Қоғамдық мақсаттағы және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының газ жабдығы мен газ құбырларына 3 айда кемінде 1 рет техникалық қызмет көрсетіледі.

Егер дайындаушы ұйымның пайдалану құжаттарында ұзақ мерзімді сенімді жұмыс істеуіне тиісті кепілдіктер болса және кепілдік мерзімі өтіп кеткеннен кейін қызмет көрсету режимі туралы түсініктеме берілсе, газ жабдығын ағымдағы жөндеу жыл сайын жүргізілмеуі мүмкін.

Газ құбырларын тексеру және тазалау пештерді, қазандықтар мен басқа да жабдықтарды жөндеуді орындағанда, сондай-ақ тартуы бұзылғанда жүргізіледі.

279. Газдың қондырғыға берілуі мынадай жағдайларда:

- 1) қыздырғыштың бақылаудағы жалыны сөніп қалғанда;
- 2) газ қысымының рұқсат етілмейтін жоғарылауында немесе төмендеуінде;
- 3) үрлеу желдеткіштері сөнгенде немесе ауаны мәжбүрлеп бере отырып, қыздырғыштарға газды жағу үшін беруде рұқсат етілмеген ауытқулар болғанда;
- 4) түтін тартқыштар ажырап кеткенде немесе от жағатын жердегі кеңістікте қысымның рұқсат етілмеген төмендеуінде;
- 5) қаптамасында, газ құбырлары мен сақтандыру-жарылыс клапандарында тығыздық болмағанда;
- 6) қашықтықтан, автоматты басқару құрылғыларында және өлшеу құралдарында электр энергиясының берілуі тоқтатылғанда немесе кернеу болмағанда;
- 7) БӨА, автоматтандыру және сигнал беру құралдарының жарамсыздығында;
- 8) сақтандыру блоктау қондырғылары істен шыққанда және бекітпе арматурасы ысырмасының герметикалылығы жойылғанда;
- 9) қыздырғыштардың, оның ішінде оттан сақтандырғыштардың жарамсыздығында;
- 10) газдалу пайда болғанда, газ жабдығы мен ішкі газ құбырларында газдың шығуы байқалғанда;
- 11) персоналға немесе жабдыққа, сондай-ақ дистанциялық арматураны қашықтықтан басқару тізбектеріне қауіп төнетін өрт болғанда қорғаныштың және қызмет көрсететін персоналдың іс-әрекетімен дереу тоқтатылады.

280. Үрлеу газ құбырындағы бекіту арматурасы қондырғыны сөндіргеннен кейін үнемі ашық күйде болады.

281. Цехта немесе қазандықта жарылыс пен өрт болғанда газ құбырын енгізудегі сөндіру құрылғылары дереу жабылады.

282. Газ пайдалану қондырғысын іске қосу тәртібі (тоқтатылғаннан кейін) өндірістік нұсқаулықта айқындалады, бұл ретте газ жіберу тек жарамсыздықтарды жойғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

283. Газ жабдығын жөндеудің, тексерудің және от жағатын жерлерді немесе газ жолдарын жөндеудің алдында, сондай-ақ маусымдық қолданылатын қондырғылар істен шыққанда газ жабдығы мен қыздыру құбыржолдары бекіту арматурасынан кейін тығындарды бекіту арқылы газ құбырларынан ағытылады.

284. Кәсіпорын әкімшілігі маусымдық мақсаттағы қондырғыларды, оның ішінде жылыту қазандықтарын іске қосқанға дейін мыналарды:

- 1) қызмет көрсететін персоналдың еңбекті қорғау мәселесі бойынша нұсқаулықтарды және осы Талаптарды білуін сәйкес тексеруді;
- 2) газ жабдығы мен автоматтандыру жүйесін ағымдағы жөндеуді;
- 3) газ құбырларын тазартуды, олардың жарамдылығын, сондай-ақ желдеткіш жүйелерін тексеруді қамтамасыз етеді.

Тек көрсетілген жұмыстардың орындалуын растайтын құжаттар болғанда ғана тығындарды алып тастауға және газды жіберуге рұқсат етіледі.

285. Түтін шығаратын құрылғыларды бастапқы тексеруді мамандандырылған ұйым жүргізеді. Пайдалану барысында кейіннен тексерулерді дайындықтан өткен персоналы бар иеленушілердің күшімен жүргізуге жол беріледі. Тексерулердің нәтижелері актімен ресімделеді.

286. Жөндеуге шығарылған қазандықтардың, пештер мен басқа да агрегаттардың газ құбыржолдары бітеу шиберлердің немесе бөліктердің көмегімен ортақ жабдықтан ажыратылады.

287. От жағатын жерлер мен газ құбыржолдары қазандықтарды, пештер мен басқа да агрегаттарды іске қосардың алдында тексеріледі. Желдету уақыты нұсқаулықта белгіленеді, аяқталуы газ индикаторлардың көмегімен анықталады.

288. Газ құбырындағы бекіту арматурасын қыздырғыш алдында тек қана күйдіру құрылғысын қосқаннан кейін немесе оған жанып тұрған оттықты жақындатып әкелгенде ғана ашуға рұқсат етіледі.

289. Моншалардың бу бөлімшелеріндегі тастар монша жұмыс істемей тұрған кезде жағылады.

## **Қоғамдық және тұрғын үй ғимараттарының газ құбырлары мен газ жабдығы**

290. Газбен қамтамасыз ету кәсіпорындары белгіленген тұрмыстық газ аспаптарын және аппараттарын қауіпсіз пайдалану қағидалары бойынша тұрғын

үй және (немесе) тұрғын емес үй-жайлардың иелері мен жалдап тұрушыларға, жеке тұрғын үйлердің иелеріне нұсқаулықтың жүргізілуін осы Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес қамтамасыз етеді.

291. Газ жабдығы орнатылған үй-жайларда газды қауіпсіз пайдалану және сөндіру құрылғылары көрсетілген газ құбырларының схемасы бойынша нұсқаулық ілініп тұрады.

292. Тұрғын үй ғимараттарында газ жабдығына, аспаптар мен аппараттарға техникалық қызмет көрсету Қазақстан Республикасы газ шаруашылығы ұйымдары әзірлейтін басшылыққа алынатын құжаттармен белгіленеді.

293. Маусымдық жұмыс істейтін газ пайдалану қондырғылары жылыту кезеңі аяқталғаннан кейін меншік иелерінің және (немесе) оған уәкілетті адамдардың өтініштері бойынша газбен жабдықтау ұйымдарының тығындарын немесе пломбасын қойып ажыратылады.

294. Жеке баллон қондырғыларындағы баллондарды ауыстыруды тұтынушылар немесе тұтынушының өтінімі бойынша пайдаланушы ұйымның персоналы жүргізеді.

295. Газ баллонды қондырғылардың герметикалылығын газ индикаторын немесе сабын эмульсиясын қолдану арқылы газдың жұмыс қысымымен тексеруге жол беріледі.

296. Ағынды және ыдыстық газды су жылытқыштарына, шағын метражды жылыту қазандықтарында, сондай-ақ жылыту және жылыту-пісіру пештерінде орнатылған автоматика газ беру тоқтатылғанда және жалын сөнгенде, мұржада қажетті сейілту болмағанда қыздырғыштардың сөнуін қамтамасыз етеді.

297. Газ шығып тұрғанда пайдаланылатын қауіпсіздік автоматикасының, мұржаларының, желдету арналарының ақауы бар, түтін құбырларының бастары қираған, сондай-ақ өздігінен қосып алынған газ пайдалану қондырғылары қолданыстағы газ құбырынан тығын қоя отырып ажыратылуға тиіс.

298. Газ құбырынан қоғамдық ғимараттағы ақаулы және маусымдық жұмыс істейтін жабдықты ажырату актімен ресімделеді.

299. Жылыту пештері мен жүйелердің түтін және желдету арналары мен басқа да элементтері:

1) жылыту пештері, жылыту аппараттары, ағынды және ыдыстық типті аппараттар үшін – үш айда кемінде бір рет;

2) үздіксіз жұмыс істейтін пештер мен ошақтар үшін – екі айда кемінде бір рет;

3) кірпішті және аралас (кірпіш және асбестоцементті) түтін жолдары тікелей жылыту кезеңі басталар алдында, сондай-ақ жылыту кезеңі ішінде күйеден тазартылады.

Ас бөлме плиталары мен үздіксіз (ұзақ уақыт бойы) жағылатын басқа да пештер айына кемінде бір рет тазартылады.

300. Түтін және желдету арналарын алғаш рет тексергенде және тазартқанда мыналар: қолданылған материалдардың орнатылуы және сәйкестігі; бітелмеуі; олардың тығыздығы мен оқшаулануы; конструкциялардың жануынан сақтандыратын бөліктерінің болуы және жарамдылығы; шатырға және жақын жерде орналасқан құрылыстарға қатысты түтін құбыры басының дұрыс орнатылуы және жарамдылығы; қалыпты тартылудың болуы тексеріледі.

Мыналар: мұржа және желдеткіш арналардың бітелмеуі, олардың тығыздығы мен оқшаулануы, мұржа басының жарамдылығы және қалыпты тартылудың болуы қайтадан тексеріледі.

301. Мұржа және желдеткіш арналарын алғаш рет, сондай-ақ жөндеуден кейін тексеруді тұрғын үй-пайдалану ұйымы (кондоминимумды басқару органдары) өкілінің және дайындықтан өткен персоналы бар басқа кәсіпорындардың қатысуымен мамандандырылған ұйым жүргізеді. Бастапқы және қайта тексеру туралы мәліметтер актімен ресімделеді және арнайы журналға енгізіледі.

302. Мұржа және желдеткіш арналарының бұдан әрі пайдалануға жарамсыздығы анықталған жағдайда, оларды тексеруші ұйымның өкілі абонентке газ аспаптары мен аппараттарын пайдалану қауіптілігі туралы ескертіп, қолын қойғызып алуға міндетті.

Тексеру актілері газ аспаптарын сөндіру жөніндегі шараларды қабылдау үшін газ шаруашылығы кәсіпорнына және тұрғын үй-пайдалану ұйымына (кондоминимумды басқару органдары) дереу ұсынылады.

303. Жұмысқа газ пайдаланушы, оның ішінде маусымдық қолданыстағы қондырғыларды қосқанға дейін, сондай-ақ мұржа және желдету арналарын жөндегеннен кейін пайдаланушы ұйымдар желдеткіш және түтін шығаратын жүйелердің дұрыстығына тексеру жүргізуді ұйымдастырады.

304. Меншік иелері және (немесе) олар уәкілетті еткен тұлғалар, тұрғын үй қорын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар (кондоминимумды басқару органдары):

1) газ тұтынушы ұйымдарға, олар газ тұтыну объектілеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу кезінде жан-жақты көмек көрсетеді, сондай-ақ халық арасында газды қауіпсіз пайдалану қағидаларын насихаттайды;

2) газ құбырларын, жертөлелерді, техникалық дәліздер мен еден астын тиісті жағдайда ұстауды, электр жарықтандыру мен желдетудің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді; ғимараттардың жертөлелеріндегі жер асты коммуникация

желілерінің, сондай-ақ ғимараттардың құрылыс элементтерінен газ құбырларының өту орындарының тығыз жүргізілуін қадағалайды; газ құбырларын бояйды;

3) газ тұтынушы кәсіпорындар жұмыскерлерінің барлық жертөлелерге, техникалық дәліздер мен еден астына, сондай-ақ үй-жайдың ластануын тексеру үшін олардың бірінші қабатына тәуліктің кез келген уақытында кедергісіз кіруін қамтамасыз етеді;

4) түтін және желдету арналарының, мұржа бастарының жай-күйін уақтылы тексеруге және арнайы журналда акт ресімдей және нәтижелерін тіркей отырып, аталған жұмыстардың орындалу сапасын бақылайды;

5) газ аспаптарының ақаулығын немесе өздігінен орнатылғанын анықтаған жағдайда, газ құралдарын сөндіру қажеттілігі туралы газбен жабдықтау немесе қызмет көрсету ұйымына дереу хабарлайды;

б) ғимараттардың меншік иелері ауысқан кезде газбен жабдықтау ұйымының бақылауымен газ пайдалану қондырғыларының газ тарату жүйесінен ажыратылуын қамтамасыз етеді.

305. Газ пайдалану қондырғыларын бөлшектеумен байланысты жөндеу кезінде, сондай-ақ үй-жайлар мен ғимараттарды күрделі жөндеу кезінде газ құбырлары мен газ жабдығы тығын орнатыла отырып және/немесе аспап алдындағы түсіргішке кранды пломбалау арқылы ажыратылады.

Тұрақты түрде газ пайдалануды тоқтатумен байланысты тұрғын ғимаратты қайта жаңарту, қайта жоспарлау кезінде газ құбырлары және газ жабдықтары дәнекерлеуді қолдана отырып ажыратылады. Газ пайдалану жабдығын газбен жабдықтауға қоса отырып пайдалануға қайта енгізу газбен жабдықтау және/немесе қызмет көрсететін газ ұйымдарын тарта отырып жүргізіледі.

## **Металдарды газ-жалынмен өңдеуге арналған жабдық**

306. Осы тарау газбен кесу, дәнекерлеу жұмыстарына және металды газ-жалынмен өңдеуге арналған стационарлық қондырғылардағы өзге де жұмыс түрлеріне қойылатын арнайы талаптарды белгілейді.

Газбен кесу, дәнекерлеу және металдарды газ-жалынмен өңдеудің басқа да түрлері бойынша жұмыстарға мына қашықтықта (көлденеңінен) жол беріледі:

- 1) топтық газ баллонды қондырғылардан – 10 м;
- 2) оттегі мен жанғыш газдары бар жеке баллондардан – 5 м;
- 3) газ құбырларынан және резеңке маталы түтіктерден, сондай-ақ газ тарату бекеттерінен қол жұмыстары кезінде – 3 м және механикалық жұмыстар кезінде – 1,5 м.

307. Жылжымалы газ тарату бекеттерінің жұмысы кезінде жанғыш газды баллондардың арнайы конструкциясы мен оттегі бар баллонды бір арбаға орнатуға рұқсат етіледі, бұл ретте баллондар бір-біріне соқтығыспайтын немесе құламайтын жағдайларды болдырмау үшін бекітіледі.

Жұмыс кезінде сұйытылған газды баллондар тік қалпында тұрады.

308. Тасымалданатын қыздырғыштар мен жылжымалы агрегаттарды резеңке маталы түтіктердің көмегімен газ құбырларына (оның ішінде сығылған газға) қосуға рұқсат етіледі.

Түтік ұзындығы 30 м аспайды. Ол өзара екі жақты арнайы ниппельдермен қосылған жеке-жеке үш кесектен кем болмауға тиіс. Түтіктердің ұшы газ құбырында және қыздырғышта қамыттармен берік бекітіледі. Қыздырғышта немесе жылжымалы агрегатта бар краннан басқа, ажыратқыш кран түтікке дейін орналастырылады.

Жарылған, қажалған, жыртылған, үрленген резеңке маталы түтіктерді қолдануға жол берілмейді.

Пайдаланылатын резеңке маталы түтіктер берілген қысым және температура кезінде тасымалданатын газға тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

309. Барлық газ бөлшектеу бекеттерге кіру еркін болады.

310. Газбен дәнекерлеу, газбен кесу және металдарды газ-жалынмен өңдеудің басқа да түрлері бойынша жұмыстар жүргізілетін жерлерде қыздырғышқа, кескіштерге және басқа да аппаратураға жөндеу жүргізуге жол берілмейді.

311. Қыздырғышпен (кескішпен) жұмыс істеген кезде жалын газбен қамтамасыз ету көздеріне қарама-қарсы жаққа бағытталады. Аталған талапты орындау мүмкін болмаған жағдайда, газбен жабдықтау көзі металл қалқандармен немесе жанбайтын материалдардан жасалған перделермен қоршалады.

312. Жанғыш газдарға арналған түтіктерді оттегімен және оттегі түтігін газбен үрлеуге, сондай-ақ жұмыс кезінде түтіктерді өзара ауыстыруға жол берілмейді.

313. Металдарды жанғыш газбен өңдеу процестерін автоматтандыру кезінде арақашықтықты басқару көзделеді.

### **Жер асты газ құбырларын коррозиядан және құрылыстарды коррозиядан электр химиялық қорғау қондырғылары**

314. Электр химиялық қорғау қондырғыларын пайдаланатын ұйым қорғау қондырғыларына, тірек (бақылау-өлшеу пункттері) және газ құбырының мүмкіндіктерін басқа да өлшеу нүктелеріне техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүргізеді, олардың орналасқан жерлерінің схемалары, коррозиялық агрессивті топырақтар мен шашыраңқы ток көздері туралы деректері болады.

315. Газ құбырларындағы электр әлеуетін өзгерту мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

1) қорғану құралдарын пайдалану аймағында және шашыраңқы ток көздерінің әсер ету аймағында – 6 айда кемінде 1 рет, сондай-ақ электр фиринді көлікті электрмен жабдықтау жүйесінің жұмыс режимінің өзгеруіне, жылыстау ток көздері желісінің, газ құбырлары мен басқа жер асты металл қосындылардың дамуына байланысты коррозиялық жай-күйінің әрбір өзгеруінен кейін;

2) қалған жағдайларда – жылына кемінде 1 рет.

316. Газ құдықтардағы электр әлеуетін өлшеуге жол берілмейді. Аталған өлшеулерді орындау қажет болған жағдайда, өлшеу өткізгіштерін газ құбырына жалғауды газ құбыры иесінің персоналы жүзеге асырады, бұл ретте өлшеу аспабы құдыңтың сыртына шығарылады.

317. Электр химиялық қорғау қондырғыларын пайдаланушы кәсіпорын қорғау қондырғыларының жұмысында бұзушылықтың алдын алуға бағытталған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесін әзірлейді және жүзеге асырады.

Қорғау қондырғыларының жұмысындағы бұзушылық жедел тәртіппен жойылады.

318. Электр қорғау қондырғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу мерзімдерін дайындаушы зауыт регламенттейді. Бұл ретте телемеханикалық бақылау құралдарымен жабдықталмаған электр қорғау қондырғыларын техникалық байқау:

дренаждық қорғаныш қондырғыларында – айына 4 рет;

катодты қорғаныш қондырғыларында – айына 2 рет;

бақыланатын протекторлы қондырғыларда – айына 1 рет жүргізіледі.

319. Электр химиялық қорғау қондырғылары жұмысының тиімділігі 6 айда кемінде 1 рет, сондай-ақ қондырғылардың жұмыс режимін әрбір өзгерткен кезде және жерасты металл газ құбырлары мен шашыраңқы ток көздерінің желісін дамытуға байланысты өзгерткенде тексеріледі.

320. Қолданыстағы газ құбырларын қорғау бойынша жұмыстарды орындайтын ұйымдарда электр химиялық қорғау қондырғыларының орналасқан жері және бақылау-өлшеу пункттері белгілеген газ құбырларының карта-схемалары, топырақтың коррозиялығы және шашыраңқы ток көздері туралы жинақталған деректер болады, сондай-ақ газ құбырларының коррозиялық жағдайына және қорғау жұмыстарының тиімділігіне жыл сайын талдау жүргізеді.

321. Егер техникалық байқау кезінде катодты қондырғының жұмыс істемейтіні, ал оның жұмысына телеметриялық бақылау жүзеге асырылмағаны анықталса, оның жұмысында 14 тәулікті құрайтын үзіліс болды деп қабылдаған жөн (бір техникалық байқаудан екіншісіне дейін).



322. Электр окшаулағыш қосындылардың ақаулығы газ құбырын пайдалануға қабылдау және электр қорғау қондырғыларының әрбір жұмыс параметрлерінің өздігінен өзгеруі (нашарлауы) кезінде, бірақ 12 айда 1 реттен сиретпей тексеріледі.

323. Бұрын қорғауды талап етпеген газ құбыры учаскелерінде шашыраңқы тоқтың қауіпті әсерін айқындау үшін әлеуетті өлшеуді жылына кемінде 1 рет, сондай-ақ әрбір коррозиялық жағдайды өлшеу кезінде өлшеу нүктелері арасында қоныстарда 200 м аспайтын және кентаралық газ құбырларында 500 м аспайтын аралықпен жүргізген жөн.

324. Газ құбырының меншік иесі немесе газбен жабдықтау ұйымы болаттан жасалған жер асты газ құбырларының, бақылау-өлшеу пункттеріндегі кілемдерді және фланецті жалғамдарды окшаулағыштарды қорғау жабындарын жөндеу бойынша шараларды уақтылы қабылдайды.

325. Иеленуші кәсіпорындар газ құбырларының коррозиялық зақымдану себептерін анықтауды қамтамасыз етеді. Газ құбырларының толассыз коррозиялық зақымдануының әрбір жағдайы комиссияның тексеруіне жатады, оның құрамына қаланың газ құбырларын қорғау бойынша жұмыстарды орындайтын ұйымдардың өкілі кіреді. Егер коррозиялық қауіпті аймақтарды жою бойынша жұмыстар белгіленген мерзімдерде орындалмаса, онда газ құбырлары қолданыстағы газ желілерінен ажыратылады.

Газ құбырының иесі комиссияның жұмыс күні мен орны туралы жергілікті мемлекеттік бақылау органын алдын ала хабардар етеді.

Анодты және белгілердің орны ауыстырылатын аймақтар жойылғанға дейін иеленуші газ құбырларының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады.

### **Әлеуетті жарылыс қауіпті орталардың электр жабдығы**

326. Электр жабдығы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына, осы Талаптарға және дайындаушы ұйымдардың нұсқаулықтарына сәйкес пайдаланылады.

327. Жарылыстан қорғау жабдығы кезең-кезеңмен тексеріледі, сыналады, техникалық қызмет көрсетіледі және жөнделеді.

328. Электр жабдығын және электр өткізгіштерін тексеруді:

1) әрбір жұмыс ауысымының басында – қызмет көрсетуші персонал, кезекші электр дәнекерлеуші;

2) ай сайын – кәсіпорынның электр шаруашылығына жауапты адам жүргізеді.

Пайдалану кезінде анықталған жарылыстан қорғалған жабдықтардың ақауы бірден жойылады.

329. Жарылыстан қорғалған электр жабдығын сынау техникалық нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес дайындаушы зауыттың пайдаланушы құжаттамасында белгіленген шамадан төмен емес шамада жүргізіледі.

330. Оның көмегімен жарылыс қауіпті аймақтарда электрлік сынақ жүргізілетін аспаптар жарылыстан қорғалған күйде орындалады. Қорғау деңгейі және түрі жарылыс қауіпті аймақ санатына сәйкес келеді.

Сынақты аталған жұмыстардың авариясыз өтуін және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды қабылдаған жағдайда, қалыпты түрде орындалған аспаптардың көмегімен, газ қауіпті жұмыстарға рұқсат нарядын бере отырып, осы Талаптарға 17-қосымшаға сәйкес жүргізуге жол беріледі.

331. Іске қосқыштар мен автоматты ажыратқыштардың ең жоғары ток қорғанышын тексеру 6 айда кемінде 1 рет өткізіледі.

332. Болаттан жасалған құбырларда орнатылған электр өткізгіштерін және бөлуші тығыздағыштарды сынау кезінде сынақ қысымының мерзімі, көлемі мен нормалары нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келеді.

333. Жарылыстан қорғайтын жабдыққа техникалық қызмет көрсету дайындаушы ұйым белгілеген мерзімде, бірақ 6 айда кемінде 1 рет жүргізіледі. Жұмыстар техникалық және ұйымдастыру іс-шараларын сақтай отырып жүргізіледі. Атқарылған жұмыс туралы мәліметтер пайдалану құжаттамасына енгізіледі.

334. Кәбілді оқшаулау таспасымен, дымқыл резеңкемен, иілгіш резеңке құбырларының қиқымдарымен нығыздауға жол берілмейді.

335. Жарылыстан қорғалатын электр жабдығына жөндеуді ұйымдастыру тәртібі, бұл ретте орындалатын жұмыстардың көлемі мен мерзімділігі нормативтік актілердің талаптарына сәйкес келеді.

336. Статистикалық электрден және найзағайдың қайталама көріністерінен, оның ішінде контактілердің, қосылыс сымдарының, шиналардың бастарын қорғаудың жарамдылығы 6 айда кемінде 1 рет тексеріледі.

### **Бақылау-өлшеу аспаптары, автоматтандыру және сигнализация жүйелері**

337. Иеленуші кәсіпорын, пайдаланушы ұйымдар газ құбырлары мен агрегаттарда орнатылған бақылау, автоматтандыру және сигнализация аспаптары мен құралдарына тұрақты техникалық қадағалауды, күтім жасауды және күрделі жөндеуді қамтамасыз етеді.

338. Аспаптар мен құралдардың жұмысын қадағалау, импульсті газ құбыры желілерінің және бекіту арматурасының герметикалылығын тексеру газ жабдықтарын тексеру және техникалық қызмет көрсету кезінде жүргізіледі.

339. Өлшеу құралдарына, автоматтандыру және сигнализация жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстардың көлемі мен кезеңділігі дайындаушы зауыттың пайдалану жөніндегі стандарттарында немесе нұсқаулықтарында белгіленеді.

340. Бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштерінің жарамдылығы мен дұрыстығы қысқа мерзімді ажырату және көрсеткіш тілін бақылау мәніне қайтару арқылы тексеріледі:

1) ГТС, ГТП, АГҚС, қазандықтарда, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы және басқа да ұйымдардың ішкі газ құбырларында бір ауысымда кемінде 1 рет;

2) жылу механикаландырылған ГРП 2 айда кемінде 1 рет;

3) ШРП, ГТЖ-ның резервуарлық және топтық баллонды қондырғыларында, автоматтандырылған қазандықтарда айына кемінде 1 рет.

341. Міндетті мемлекеттік мерзімді тексеруге мынадай жұмыс өлшеу құралдары жатады:

1) тарту-тегеурін өлшегіштер, манометрлер (көрсетуші, өздігінен жазатын, қашықтықтан) – жылына кемінде бір рет;

2) ГТЖ-ның баллондарды бақылап өлшеу үшін пайдаланылатын салмақ өлшеу аспаптары, эталлон-гірлер – жылына кемінде 1 рет;

3) өздігінен жазатын термометрлер – жылына кемінде 1 рет;

4) көрсетуші термометрлер – 4 айда кемінде 1 рет;

5) қысым, температура, қысымның ауытқуын түрлендіргіштер – 2 жылда кемінде 1 рет.

Өлшеу құралдарын тексеруді Қазақстан Республикасының Мемстандарты аккредиттеген зертханалары жүргізеді.

Жоғарыда келтірілген бақылау-өлшеу аспаптары күрделі жөнделгеннен кейін де мемлекеттік тіркеледі.

342. Пломбасы немесе таңбасы жоқ, тексеру мерзімі өтіп кеткен, зақымданған, ажыратқан кезде тілі көлемі бойынша шкаланың нөлдік бөлігіне қайтып келмейтін, осы аспаптар үшін жіберуге болатын қателіктердің жартысынан асып түскен өлшеу құралдарын қолдануға жол берілмейді.

343. Көрсетіп тұратын монометрлердің циферблатында немесе корпусында бояумен ең жоғары жұмыс қысымына сәйкес келетін шкала мәні көрсетіледі.

344. Қауіпсіздік автоматикасының және сигнализация құралдарының іске қосылу параметрлерінің мәні дайындаушы зауыттың техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген параметрлерге сәйкес келуге тиіс. Бұл ретте ауа ортасының жағдайын бақылаушы сигнализаторлар үй-жайда газдың қауіпті шоғырлануы пайда болған кезде іске қосылады.

345. Қорғау, блоктау және сигнализация қондырғыларының іске қосылуын тексеру айына кемінде 1 рет, сондай-ақ егер дайындаушы ұйымның пайдалану

құжаттамасында басқа да мерзімдер көзделмесе, жабдықты жөндеу аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

346. Сигнализатор газдылығының белгіленген параметрлерге сәйкестігін тексеру бақылау газ-ауа қоспаларын пайдалана отырып орындалуға тиіс. Үй-жайларда сигнализатордың жұмысын әдейі газдандыру жолымен тексеруге рұқсат берілмейді.

347. Жобада, блоктауда және сигнализацияда көзделген ажыратылған бақылау-өлшеу аспаптары бар газ жабдығын пайдалануға жол берілмейді.

348. Жөндеуге немесе тексеруге алынған аспаптар барабар құралдарға, оның ішінде пайдалану шарттарында бірден ауыстырылады.

349. Кәсіпорын басшысының жазбаша рұқсаты бойынша, жұмыстың қауіпсіздігін және авариясыз өтуін қамтамасыз ететін қосымша шараларды қамтамасыз ету шарттарында қорғанышты ажырата отырып, қондырғылар мен агрегаттардың қысқа мерзімді жұмыс істеуіне жол беріледі (ерекше жағдайларда)

350. Үздіксіз жұмыс істейтін газдану сигнализаторын ауыстырғанға дейін өндірістік үй-жайлар ауасындағы газдың шоғырлануы әрбір жұмыс ауысымында 30 минут сайын тасымалданатын құралдармен бақыланады.

351. Өлшеу құралдарына, автоматтандыру және сигнализация жүйелеріне техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді осы Талаптарды білуі тексеруден өткен арнайы оқытылған персонал жоспарлы тексеру жүргізу жолымен орындайды.

Жоспарлы тексерулер 3 жылда кемінде бір рет (жабдықты дайындаушы зауыттың нұсқаулығы және ТП АБЖ бұдан да жиі тексеруді талап етпесе) мынадай көлемде жүргізіледі:

- оқшаулануын сынау;
- аппаратуралар мен коммутациялық элементтердің жағдайын тексеру;
- жұмыстың негізгі параметрлерін тексеру;
- құрылғыларды жұмыста байқау.

Ішінара тексерулер пайдалану қызметінің жергілікті жағдайларын және техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылған және ГТЖ техникалық басшылығы белгіленген тәртіппен бекіткен кесте бойынша мынадай көлемде 3 айда кемінде бір рет жүргізіледі:

- оқшаулау кедергілерін өлшеу;
- аппаратуралар мен қайталама тізбектердің жағдайын тексеру;
- құрылғыларды жұмыста байқау.

Жекелеген жоспарлы тексерістердің мерзімділігі ТП АБЖ құралдарын пайдалану тәжірибесінен шыға отырып, ұйымның техникалық басшылығының

шешімі бойынша тексеру арасындағы интервалдарды ұлғайту жағына қарай өзгертілуі мүмкін.

Жоспардан тыс тексерулер жөндеудің барлық түрі жүргізілгеннен кейін, сондай-ақ жүйенің жұмысы қанағаттанғысыз болғанда немесе жекелеген құрылғылар істен шыққан жағдайда жүргізіледі.

Тексерулер газ тарату жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтірмеуі тиіс, оларды жүргізуді негізгі технологиялық жабдықтағы жөндеу жұмыстарымен біріктіру ұсынылады.

352. Газданған жағдайларда автоматтандыру, аварияға қарсы қорғаныш және сигнализация жүйелерін реттеу және жөндеу бойынша жұмыс істеуге жол берілмейді.

### **3. Ерекше табиғи және климаттық жағдайларда газбен қамтамасыз ету жүйелерін пайдалану кезіндегі қосымша талаптар**

353. Ерекше жағдайдағы аумақтардағы газ құбырларын жобалау, салу және пайдалану газ құбырларының болуы және олардың әсерінің маңызымен байланысты жердің рельефімен, топырақтың геологиялық құрамына, гидрогеологиялық тәртібіне, газ құбырларын салу аумағының әзірлемесіне, климаттық және сейсмологиялық жағдайларға, сондай-ақ өзге де әсерлер мен олардың уақыт бойынша өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, жүзеге асырылады.

354. Болаттан жасалған су газ құбырларын, сондай-ақ жер асты газ құбырларын салу үшін қайнаған болаттан жасалған құбырларды қолдануға жол берілмейді.

355. Әртүрлі мақсаттағы жер асты коммуникация коллекторларымен және каналдарымен газ құбырларының қиылысқан жеріндегі, сондай-ақ газ құдықтарының қабырғалары арқылы газ құбырын жүргізу орындарындағы газ құбырларын футлярда салып қою қажет.

Футлярдың ұштары қиылысқан құрылғылар мен коммуникациялардың сыртқы қабырғаларының екі жағынан кемінде 2 м қашықтықта, газ құдықтарының қабырғалары қиылысқан кезде – кемінде 2 см қашықтықта шығарылады. Футлярдың ұштары гидроизоляциялық материалмен жабылады.

Еңістің жоғарғы бөлігіндегі футлярдың (құдықтардың қабырғаларының қиылысқан жерлерін қоспағанда) бір бөлігінің ұшында қорғаныш құрылғысына шығатын бақылау телефонын көздеген жөн.

Футляр мен газ құбырының құбыраралық кеңістігінде газ тарату жүйелеріне қызмет көрсетуге арналған пайдаланудың 60 В дейінгі кернеулі кәбілін (байланыс, телемеханика және электр қорғау) салуға рұқсат беріледі.

356. Электр өткізгіші немесе электр кәбілінің газ құбырына беку конструкциясы трубалар қозғалған жағдайда қосылыс мықтылығын қамтамасыз етеді.

357. Құбырларды қосу электрмен доғалап дәнекерлеу әдісімен жүргізіледі. Диаметрі 100 мм аспайтын, қысымы 0,3 МПа (3 кгс/шаршы см) жабыны бар жер бетіндегі газ құбырын ғана газбен дәнекерлеуге жол беріледі.

Жер астындағы газ құбырларындағы дәнекерленген қосылыстар физикалық әдіспен 100% бақылауға тартылады. Дәнекерлеу қосылыстарының кез келген ұзындықта және тереңдікте бірікпей қалуына жол берілмейді.

358. Жақын дәнекерлеу жапсарының ғимараттың іргетасынан арақашықтығы кемінде 2 м болады.

359. Газ құбыры қалыңдығы кемінде 200 мм қысылмаған топырақтың негізінде төселеді және кемінде 300 мм биіктікке осы топырақ төселеді.

360. Жер бетіндегі және жер үстіндегі төселімдерді табиғи және жасанды бөлгіштер арқылы газ құбырларының өтпе учаскелерінде, сондай-ақ жер астына төсеген кезде рұқсат етілгеннен асып кеткен газ құбырларының кернеуімен оймалар, жарылулар пайда болуы ықтимал учаскелерде көздеген жөн.

361. Жобада көзделген компенсаторлар аумақты өңдеуді бастағанға дейін орнатылады.

362. Топырақтың ысырылуының белсенді дәрежесі аяқталған соң газ құбыры бойлық тарту кернеуін алып тастау үшін болат қондырманы, не топырақтың болжанатын деформациясын орнатудан кейін компенсаторды орнатқан жөн.

Газ құбырларында құдықтарда орнатылатын резеңке кордонды компенсаторлар жер бетіндегі деформация аяқталғаннан кейін қайта өңдеу көзделмесе, тікелей үстемемен ауыстырылады, ал құдықтарға (ойықтарға) топырақ төселеді.

Жер бетінде деформациялаудың аяқталуы жұмыс істеген газ құбырының маркашайдерлік тау-кен кәсіпорны қызметінің қорытындысымен расталады.

363. Газ құбырларында ажыратқыш қондырғы ретінде гидроқакпақтарды қолдануға жол берілмейді.

364. Газ құбырының топырақта жылжымалылығын арттыру үшін оны топырақтың көшуі әсерінен қорғау жөніндегі конструктивті шаралар ретінде кескіндерді қосу орнын өтпелі емес арналарда орындаған жөн.

365. Әзірленетін аумақтар аудандарында газ құбырларын пайдаланушы ұйымдар қызметінің міндетіне:

1) құрылыс кезеңінде, сол сияқты газ құбырларына күрделі жөндеу жүргізу кезінде техникалық іс-шаралардың орындалуын бақылау;

2) газ құбырларына кері әсер ететін, жүргізілетін және жоспарланатын тау жыныстары туралы мәліметтерді зерделеу және талдау;

3) тау жыныстары кезінде газ құбырларының қысымды деформацияланған жай-күйінің өзгерістерін қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ аспаптық қадағалау деректері бойынша жер беті қозғалысындағы ондай өзгерістерді болжамдау;

4) кезекті тау жұмыстарының басында және жер бетінің қарқынды қозғалысы процесінде газ құбырларының кепілдігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдық-техникалық мәселелерді шешу;

5) тау-кен кәсіпорындарымен және жобалау ұйымдарымен бірге пайдаланылатын газ құбырларының тау-кен әзірлемелерінің кері әсерінен қорғау шараларын, сондай-ақ газдың биік коммуникацияларға және тұрғын үй ғимараттарына, өнеркәсіптік және коммуналдық объектілерге кіруінің алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу кіреді.

366. Жер бетінің белсенді қозғалысы кезеңінде жер асты газ құбырларын, газ құбырларындағы қысымды жойғанға дейін аралап шығу күн сайын кесу жолымен жүргізіледі. Кентаралық және тарату газ құбырларының трассасын өңдеу кезінде тау жыныстарының әсер ету шекарасының бөлініп жатқан аумақтарында жоғарылық белгілері мен трассаның пикетажына байламы бар тұрақты белгілер бекітіледі.

367. Ерекше табиғи және климаттық жағдайларда газ тарату жүйелері мен газ тұтыну объектілерін салу кезінде нормативтік актілер талаптарына қосымша мынадай шаралар қолданылады:

1) сейсмикалығы 7 балдан жоғары аудандарда газ құдықтарын салу кезінде темір бетон құдықтарының плита негіздері және кірпіш қабырғалары бар құдықтардың монолитті темірбетон негіздері қалыңдығы 100 мм тығыз топырақ төсеміне төселеді;

2) жылым топыраққа салынған газ құдықтары жинақталған, темір бетонды және монолитті болуы тиіс, темір аралас сылақпен сыланады. Қабырғалар мен қатып қалған топырақ арасындағы ілінісуді азайту үшін шайыр материалдардан жабын немесе қиыршық құмның үстіне қайта төсем немесе құм шиыршықты топырақты төсеу ұсынылады. Құдықты жабу үшін барлық жағдайларда құм топырақ және басқа да жылым емес топырақ төселеді;

3) отырғызылатын барынша ұсақ топыраққа салу кезінде құдықтардың негізі астындағы топырақ тығыздалады.

#### **4. Жылу электр станцияларының (ЖЭС) және қазандықтың газ тарату жүйесі мен газ тұтыну объектілерін пайдалану кезінде қойылатын жарылыс қауіптілік талаптары**

Бөлімнің талабы бу шығаруы 35 т/сағат және одан да жоғары қазандық қондырғыларына және жылу шығару өнімділігі 50 Гкал/сағат және одан жоғары су жылытқыш қазандық қондырғыларына қолданылады.

368. ЖЭС газбен жабдықтау жүйелерінде және аудандық қазандықтарда газ құбырларын ашық тарату қондырғылары мен трансформаторлы кіші станциялар аумағында, отын қоймаларында, сондай-ақ газ өткізгіштерінде, отын жіберу, ауа жіберу галереяларында, лифт және желдеткіш шахталарында төсеуге жол берілмейді.

Енгізілетін газ құбырлары мен ішкі газ құбырларын ғимараттың нөлдік белгісінен төмен төсеуге жол берілмейді.

Ішкі газ құбырларын төсеу ашық жүргізіледі. Газ құбырының өн бойына оны үнемі бақылау және тексеру үшін қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Бекітпе және реттеуші арматураның орнатылған орнына жасанды жарық беріледі.

369. Газ құбырын қазандыққа келетін әрбір тарамына таратушы газ құбырынан электр жетегі бар бекіту құрылғысын орнату көзделеді.

Пайдалануға жаңадан енгізілген қазандық қондырғыларында газ құбырынан қазандыққа баратын тарамда екі бекіту құрылғысы орнатылады, бұл кезде газ жүрісі бойынша бірінші бекіту құрылғысы қолмен қысқартылатын жетекпен жасалады. Құрылғылар араларында үрлеу газ құбыры көзделеді.

370. Отынның әр түрлерін жағуға арналған қазандықтарда газ құбырының қазандыққа баратын тарамындағы бекіту құрылғысының алдында тұтандыру құрылғысына (бұдан әрі – ТК) және қыздырғыштардың қорғаныс-тұтандыру құрылғыларына (бұдан әрі – ҚТК) газ өткізгіш үшін штуцер көзделеді.

371. Қазандық қондырғыларының ішкі газ құбырларында газ жүрісі бойынша енгізілетін газ құбырында бекіту құрылғысынан кейін мыналар көзделеді: тығын орнату үшін оны ашу құралы және тоқ өткізгіш қосқышы бар фланецті қосылыстар, үрлеу агентінің магистралімен қосуға арналған штуцер, сақтандыру-бекіту клапаны (бұдан әрі – СБК), қыздырғыш және тұтандыру газ құбыры (газды қазандықтар үшін) үшін штуцер, шығын өлшеуіш құрылғы, электр жетегі бар бекіту құрылғысы, негізгі және жағушы реттеу клапандары.

Оттық реттеу клапаны газды аз пайдалану тізбегінде негізгіге параллель орнатылады. Клапан алдында электр жетектері бар сақтау қондырғысы орнатылады.

372. Қазандықтың әрбір қыздырғышының алдында газ өткізгіште электр жетегі бар екі бекіту құрылғысы орнатылады.

Бекіту құрылғыларын басқару қызмет көрсету алаңынан қолмен және басқарудың блокты немесе топтық, сонымен қатар орны бойынша дистанциялық қалқанынан қамтамасыз етіледі.



373. Пайдалануға жаңадан енгізілген қазандық қондырғыларына газ жүрісі бойынша әрбір қыздырғыштың алдында сақтандыру-бекіту клапанын және электр жетегі бар бекіту құрылғысын орнату көзделеді.

374. Жұмыс істеп тұрған қазандық қондырғыларында қазандықтың қопарылудан қауіпсіз тұтануын қамтамасыз ету үшін тұтандыру қыздырғыштарының тобы анықталады.

375. Қазандықтың тұтандыру қыздырғыштары, сонымен қатар СБК жарақталған қыздырғыштар сақтандыру-тұтандыру құрылғысымен жабдықталады. Қалған қыздырғыштар тұтандыру құрылғысымен жабдықталады.

Тұтандыру және тұтандыру-қорғаныш құрылғылары басқарудың блокты немесе топтық қалқанынан, сонымен қатар орны бойынша басқарылады.

Су қыздыру қазандықтарында тасымалданғыш тұтандырғышты қолдану арқылы қыздырғыштарды қолмен тұтандыру мүмкінділігі көзделеді.

376. СБК электр магнитін қоректендіру аккумулятор батареясынан немесе алдын ала зарядталған конденсаторлар батареяларынан іске асырылады.

СБК электр магнитін басқару схемасы тізбектің оңтайлылығын үздіксіз бақылау құрылғысымен жарақталады.

377. Газ құбырында соңғысының алдында газ жүрісі бойынша бекіту құрылғыларына әрбір қыздырғышта электр жетегі бар бекіту құрылғысымен жарақталған диаметрі кемінде 20 мм қауіпсіздік құбырлы өткізгіші көзделеді.

378. Қазандықтың газ құбырларында бекіту құрылғыларымен және сынама алу үшін штуцерлермен, оның ішінде, қажет болғанда, тұтандырушы үрлеу газ құбырлары бар үрлеу газ құбыры жүйесі болады.

Арматурасы технологиялық үрдістерді автоматты басқару жүйелері (бұдан әрі – ТҮАБЖ) немесе функционалдық басқару топтары (бұдан әрі – ФБТ) схемасына тартылған әрбір үрлеу газ құбырында, сонымен қатар қазандықты бұғаттау немесе ЖЭС газбен жарақтау жүйелерінің және қорғау схемаларында электр жетегі бар бекіту құрылғысы орнатылады.

Үрлеу газ құбырлары газ өткізгіштің әрбір тұйық учаскесінің соңында немесе қыздырғыштың газ жүрісі бойынша соңғы бекіту құрылғысының алдында (газ өткізгіштерде тұйық учаскелер болмаған кезде); бірінші бекіту құрылғысына дейін газ өткізгіште әрбір қыздырғыш алдында, оның бірінші бекіту құрылғысына дейінгі ұзындығы 2 м астам болғанда көзделеді.

Үрлеу газ құбырларының диаметрі газ өткізгіштің үрлеу учаскесінің 1 сағатта 15 дәрежелік көлемде қамтамасыз етілу есебімен айқындалды, бұл ретте оның диаметрі 20 мм-ден кем болмау керек.

379. Үрлеу газ құбырларын қауіпсіздік құбыр жолдарымен, сондай-ақ мақсаттары бір газдың әртүрлі қысымдарымен газ құбырларының қосылуына жол берілмейді.

380. ЖЭС газбен жарақтау жүйесінде қолданылатын барлық арматура болаттан жасалады.

Газ қысымы 0,3 МПа (3 кгс/шаршы см) артық емес су қыздыру қазандықтарына газбен қамтамасыз ету жүйелері үшін түсті металдардан жасалған бекіту арматурасын қолдануға рұқсат етіледі.

Арматураны жалғау тәсілі (дәнекерлеумен немесе фланецтерде) жобамен айқындалады.

381. Қазандық оттығының конструкциясы және қыздыру құрылғыларының тұтастығы жану процесінің тұрақтылығын, оны бақылауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар нашар желдетілетін аймақтардың түзілуіне жол берілмейді.

382. Қазандық қондырғыларының жану өнімдерін шығару үшін газ жолдарында және оттықтағы жану өнімдерінің циркуляциялау жүйесінің газ жолдарында, сондай-ақ коллекторлар орнатылатын жабық қуыстарда газдың тұрып қалуы және жиналуы мүмкін желдетілмейтін учаскелер болмайды.

383. Қазандықтарда қолданылуға рұқсат берілген және дайындаушы зауыттың паспорты бар газ қыздырғыштары қолданылады.

384. Газ қыздырғыштары үздіксіз тұрақты және жалынның үзілуінсіз қазандықтың жылу жүктемесін реттеу диапазонында жанады.

385. Газдандырылған қазандық қондырғыларында келесі параметрлердің өлшенуі қамтамасыз етіледі:

1) қазандықтың газ құбырындағы реттеуші клапанға дейін және одан кейінгі газ қысымы;

2) шатырдағы ауа мен газ тығызды қазандықтарға арналған оттықтың түтінді газы арасындағы қысымның түсуі;

3) қазандықтың айналасында жалпы қорапта және ауа жібергіштегі ауа қысымы (үрленіп жұмыс істейтін қазандықтардан басқа);

4) үрленіп жұмыс істейтін қазандықтар үшін оттықтың жоғарғы жағында қазандық пен түтінді газдардың айналысы бойынша жалпы қораптағы және ауа жібергіштердегі ауа қысымының түсуі;

5) шатырдағы ауа қысымы;

386. Газдалған қазандық қондырғылары келесі технологиялық қорғаныспен жарақталады:

1) қазандыққа газдың берілуін ажырата отырып, қазандықты тоқтату үшін жұмыс істейтіндермен:

оттықтағы факелді сөндірген кезде;

барлық түтін сорғыштарды ажыратқан кезде (салмақты ауырлығы бар қазандықтар үшін);

барлық үрлеу желдеткіштерін ажыратқан кезде;

реттеуші клапаннан кейін газ қысымын берілген мәннен төмен түсірген кезде;

2) жарақтанған СТҚ және СБК қыздырғышқа газдың жіберілуін ажыратуда, осы оттықтың факелін тұтандыру немесе сөндіру кезінде жұмыс істейтіндермен;

3) қазандыққа газдың берілуін ажырату үшін жұмыс істейтіндермен:

қазандықты жағу процесінде тұтандыру қыздырғыш факелінің жалындамауы немесе сөнбеуі кезінде;

реттеуші клапаннан кейін газ қысымының берілген мәнінен төмендеуі кезінде (қосымша отын ретінде газды бір уақытта басқа отын түрлерімен жаққан кезде);

4) қазандықтың жүктемесін ажырату кезінде 50%-ға дейін азайту үшін жұмыс істейтіндермен:

екі түтін сорғының бірі;

екі үрлеу желдеткішінің бірі;

екі регенерациялық ауа жылытқыштың бірі.

387. Газдалған қазандық қондырғысы:

1) газ құбырындағы әрбір қыздырғыштың алдында тек бір бекітпе құрылғысы ашық болған кезде газ құбырындағы қазандық қондырғысында бекітпе құрылғысын ашуға;

2) ҚТҚ ажырату және 10 минут ішінде қазандық оттығын алдын ала желдетпей қыздырғышқа газды жіберуге;

3) барлық тұтанған қыздырғыштар жұмысқа толық қосылмайынша, СБК жабдықталмаған қыздырғыштарды тұтатуға;

4) қыздырғыш алдында ауа шиберінің (клапанының) жабық күйінде газды жіберуге және осы қыздырғышта жұмыс істеп тұрған желдеткішті ажыратуға;

5) тұтанған қыздырғышқа және ҚТҚ жабдықталған қыздырғышқа, оның ҚТҚ-сында тұтандырғыш факелі болмаған кезде газды жіберуге;

6) ҚТҚ жабдықталған қыздырғышқа, тұтату құрылғысындағы тұтату факелі болмаған кезде газды жіберуге;

7) қыздырғыш алдында (қайта енгізілген қазандықтар үшін) екі бекіту құрылғысы ашық (жабық) болған кезде қауіпсіз құбыр жолының бекіту құрылғысын ашуға (жабуға) тыйым салатын оқшаулағышпен жабдықталады.

388. Қазандық қондырғыларында:

1) реттеуші қазандық клапанынан кейін берілген мәніне қатысты газ қысымын азайту немесе арттыру туралы;

2) жалпы қорапта немесе ауа жібергіште берілген мәніне қатысты ауа қысымын азайту туралы (үрленіп жұмыс істейтін қазандықтардан басқа);

3) ҚТҚ жабдықталған қазандық қыздырғыштарында факелдің болуы туралы;

4) ҚТҚ тұтанған факелінің болуы туралы;

5) қазандық оттығындағы факелді сөндіру туралы;

6) осы Талаптардың 388-тармағында көзделген қорғанудың іске қосылуы туралы хабардар ететін дабыл көзделеді.

389. Қазандықтарды тоқтату және оны төмен жүктемеге ауыстыру үшін оқшаулағыш пен қорғанысты орындау қазандық қондырғысын дайындаушы зауытпен келісілген техникалық шарттар немесе нормативтік-техникалық құжаттама бойынша жүзеге асырылады.

390. Қазандықты қосуға немесе тоқтатуға бөгет болатын қорғанулар мен бұғаттауларды енгізу және шығару: жалпы факел мен тұтандыру қыздырғышының факелін сөндіру бойынша қорғану үшін автоматты, қалған қорғаныстар үшін – енгізу-шығару құралдарымен жүргізіледі.

Жұмыс істеп тұрған құрал-жабдықтардың технологиялық қорғану, бұғаттау және сигнализация құрылғысының жұмыстан шығуына тек:

- 1) өндірістік нұсқаулықпен негізделген оларды ажырату қажеттілігі;
- 2) болуы мүмкін жарамсыздықтар немесе істемей қалу жағдайларында ғана рұқсат етіледі.

Ажырату ауысым бастығының рұқсатымен және бас инженерді немесе қазандық бастығын міндетті түрде хабардар ете отырып, орындалады.

Қорғану, бұғаттау және сигнализацияны қосу мақсатында жөндеу және реттеу жұмыстарын рұқсатсыз жүргізуге жол берілмейді.

391. Газ құбырларындағы тығындарды алып тастау газ қауіпті жұмыстардың өндірісінде рұқсат наряды бойынша орындалады, онда 0,01 МПа (1000 мм су. бағ.) қысымы кезінде ауадағы қазандық газ құбырының бақылап нығыздалуын жүргізу көзделеді.

Қысымның түсу жылдамдығы сағатына 60 даПа (6 мм су.бағ.) аспайды.

Консервациялау режимінен шығарылатын қазандық газ құбырларына газды жіберу, оларда жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету жүргізілгеннен кейін орындалады.

392. Ұзақтығы 3 тәуліктен артық тоқтап тұрғаннан кейін қазандықты іске қосар алдында қазандықтың тарту үрлеу механизмдерінің, оның көмекші жабдықтарының, өлшеу құралдары мен оның арматура мен механизмдерді дистанциондық басқаруының, автореттеуіштердің оңтайлылығы мен қосуға дайындығы тексеріледі, сондай-ақ қорғаныш, оқшаулау, жедел байланыс құралдары және СБК іске қосылуын тексеру жүзеге асырылады.

Ұзақтығы 3 тәуліктен кем тоқтап тұру кезінде мыналар тексеруге жатқызылады: жабдықтар, жөндеу жүргізілген қорғаныш құрылғыларының, бұғаттау, өлшеу құралдарының механизмдері.

Анықталған ақаулықтар газ жібергенге дейін жойылады.

393. Суық күйден қазандықты жағу алдында қыздырғыштар және сақтандырғыш бекіту клапандары алдында бекіту қондырғысы ысырмасының

герметикалылығына қосу алдында тексеру жүргізіледі. Қосу алдын ала тексеру жүргізу тәртібі, нормалары және әдістері қазандық қондырғысын пайдалану жөніндегі өндірістік нұсқаулықпен белгіленеді.

394. Қазандықтың газ құбырларын газбен толтыру жұмысқа қосылған түтін сорғылар, үрлеу желдеткіштері, рециркуляция түтін сорғылары қазандық қондырғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген тәртіппен қосылған кезде жүргізіледі.

395. Қазандықтың газ құбырларын қауіпсіздік құбырлы өткізгіштері мен қазандықтың қыздыру қондырғылары арқылы үрлеуге рұқсат берілмейді.

396. Қазандықты жағу алдында оттық, газ жолдары (оның ішінде рециркуляциялық) "жылы жәшік", сонымен қатар ауа өткізгіштер 10 минуттан кем емес уақыт бойы газ ауа трактының ашық шиберлері кезінде және номиналды ауа қысымының шығыны 25% кем болмағанда желдетіледі.

397. Үрлеумен жұмыс істейтін қазандықтарды, сонымен қатар түтін сорғылар болмаған кезде су қыздыру қазандықтарын желдету үрлеу желдеткіштерімен және рециркуляция түтін сорғыларымен жүзеге асырылады.

398. Теңестірілмеген тартқышы бар қазандықты жағу түтін сорғылар мен үрлеу желдеткіштері қосылған кезде, ал үрлеумен жұмыс жасайтын қазандықтарды жағу-үрлеу желдеткіштері қосылған кезде жүргізіледі.

399. Барлық қыздырғыштары СТҚ және СБК жарақталған қазандықтарды тұтату қазандық қондырғысын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген тәртіппен кез келген қыздырғышты тұтату арқылы басталуы мүмкін.

Бірінші жағу қыздырғышының жалыны жанбағанда (бықсығанда) қазандыққа және қыздырғышқа газ беру тоқтатылады, СТҚ сөндіріліп және қыздырғыштар, оттық пен газ жолдары осы Талаптарға сәйкес желдетіледі, одан кейін қазандықты жағу басқа қыздырғышта іске асырылуы мүмкін. Бірінші тұтатылған қыздырғышты қайта тұтату оның жалынының тұтанбай қалу себебін жойғаннан кейін мүмкін болады.

Екінші (немесе кезекті) тұтатылған қыздырғыш жалыны жанбай (бықсып) қалған жағдайда бұл қыздырғышқа газ беру тоқтатылады, оның СТҚ сөндіріледі және осы қыздырғыштың ауа жолындағы толықтай ашық запорлы құрылғыға желдету жүргізіледі. Қыздырғышты қайтадан тұтату оның жалынының сөніп қалуына (бықсып) алып келген себептерді жойғаннан кейін жүргізіледі.

400. Жалынның тұтату кезінде ойламаған жерден немесе қазандықтың бір немесе бірнеше қосылған (жұмыс істеп тұрған) қыздырғышпен жұмысы кезінде сөніп қалғанда қазандыққа және қазандықтың барлық қыздырғышына газ беру тез арада тоқтатылады, СТҚ газбен жабдықтау тоқтатылады және осы Талаптарға сәйкес қыздырғыштарға, тұтатқыштарға, газ жолдарына желдету жүргізіледі.

Қыздырғыштар жалынының сөну себебін жойғаннан кейін қазандықты қайтадан тұтатуға болады.

401. Көмір тозаңды немесе сұйық отыннан қазандықты СМГ ауыстыру тәртібі ұйымның техникалық басшысы бекіткен қазандықты пайдаланудың өндірістік нұсқаулығымен анықталады.

402. Қыздырғыштар көп қабатты топтастырылғанда бірінші болып төменгі бөліктегі қабаттар газға алмастырылады.

403. Қазандықты газ жағуға жоспарлы алмастыру алдында СБК іске қосылуына, газ бойынша орындаушы механизмдерге немесе қазандық жұмысына бөгет жасамайтын көлемде дабылға әсер ететін технологиялық қорғаныштар мен бұғаттаулардың жұмысқа қабілеттілігіне тексеру жүргізіледі.

404. Қазандық тоқтағанда қазандықтың ішкі газ құбырларына және қыздырғыштарға газ беру тоқтатылады; үрлеу құбырлы өткізгіштері мен қауіпсіздік құбырлы өткізгіштеріндегі бекіту құрылғылары ашылады; қыздырғыштардың СТҚ және ТК, 10 минут бойы оттықтың, газ жолдарының, " жылы жәшіктің" желдетілуі орындалады. Қазандықтың тарту үрлеу механизмдері тоқтатылады.

405. Қазандықтың газ құбырына газды жіберу мына жағдайларда дереу тоқтатылады:

- 1) технологиялық қорғаныш іске қосылмағанда;
- 2) қазандық газ құбыры жарылғанда;
- 3) оттықтағы жарылыс, газ өткізгіштеріндегі газ қалдықтарының жарылысы немесе тұтануы, қазандық қаңқасының салмақ түсетін арқалығы қатты қызып кеткенде;
- 4) қалануының бұзылуында, сондай-ақ персоналға немесе жабдықтарға қауіп төндіретін басқа да зақымдануларда;
- 5) қашықтан және автоматты басқару қондырғыларында қысым жоғалып кеткенде;
- 6) персонал мен жабдықтарға қауіп төндіретін, сондай-ақ қазандықты қорғау схемасына кіретін ажыратқыш арматураның қашықтықтан басқару шынжырындағы өрт.

406. Қазандық авариялы тоқтаған жағдайда қорғаныш және бұғаттау іс-әрекетімен немесе персоналмен ішкі газ құбырларына және қазандық қыздырғыштарына газдың жіберілуін тоқтату, қауіпсіз құбыр өткізгіштерінде бекіту құрылғыларын ашу, ТК және ҚТҚ ажырату қажет.

407. Қазандық қондырғысын резервке шығарған кезде қазандық газ құбырларында:

- 1) қазандықтың газ құбырының бекіту құрылғысы (электр жетегімен);

2) әрбір қыздыру алдындағы газ құбырларындағы бекіту құрылғысы жабылады.

Әрбір қыздырғыштың алдында қазандыққа жалпы ішкі газ құбырында және газ өткізгішінде САК жабылады.

Одан кейін газ құбырларында және қауіпсіз құбыр өткізгіштерінде үрлегіш бекіту құрылғыларын ашу қажет. Операция аяқталғаннан кейін қазандықтарда газ өткізгіштің торабындағы бекіту құрылғысына тығын орнатылмайды.

Қазандықтағы газ құбырының резервте болу ұзақтығы қазандық қондырғысы резервте болған уақытпен айқындалады.

Қазандық қондырғысы басқа отын түрімен (сұйық немесе қатты) жұмыс істеген кезде қазандық газ құбырларында артық газ қысымының болуына жол беріледі.

408. Газ арматурасын әзірлеумен, ішкі газ құбырларын қосумен және жөндеумен байланысты жұмыстарды жүргізу алдында, қазандық ішіндегі жұмыстарда, сондай-ақ қазандық газ құбырлары консервация режиміне шыққан кезде газ өткізгіштің қазандыққа баратын тармағындағы алғашқы газ жүрісі бойынша бекіту құрылғысы оларға орнатылған тығынмен жабылуға тиіс. Қазандықтың газ құбырлары газдан босатылуға және инертті газбен және сығылған ауамен үрленеді.

409. Қазандықтарды сырттан тексеру, тазалау және жөндеу тек рұқсат наряды бойынша жүргізіледі. Жұмыстарды бастар алдында 10 минут бойы оттықтың, газ жолдарының, "жылы жәшіктің" желдетілуі орындалады.

Оттықтың жоғарғы жағында және "жылу жәшігінде" газ сезілген жағдайда жұмысқа кірісуге рұқсат берілмейді.

## **5. Газ қауіпті жұмыстар**

410. Газдалған немесе газ шығуы мүмкін ортада орындалатын жұмыстар газ қауіпті болып есептеледі. Газ қауіпті жұмыстарға:

- 1) қайта салынған газ құбырларының жұмыс істеуші газ желілеріне қосылуы;
- 2) газбен қамтамасыз ету жүйелерін пайдалану, жөндеуден кейін және оларды консервациялағаннан кейін, сондай-ақ жіберу жөнге келтіру жұмыстарынан соң газ құбырларына және басқа да объектілерге газ жіберу;
- 3) газ құбырларына, ГРП жабдықтарына (газ реттейтін қондырғы), газ пайдаланушы агрегаттарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу, сондай-ақ жарылыстан қорғалған электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

4) бітеуіштерді алып тастау, тығындарды орнату және алып тастау, жұмыс істеп тұрған газ жабдықтарынан, құралдар мен аппараттардан газ құбырларын ажырату;

5) газ құбырларын ажырату, үрлеу және демонтаждау;

6) резервуарлы қондырғыларда, ГТС, ГТП, АТҚС, СМГ, сондай-ақ СМГ төгу-күю операцияларын орындау, ақаулы және толып кеткен баллондардан төгу ;

7) құдықтарды жөндеу, қарау және желдету, сыртқы газ құбырларындағы суды және конденсатты тексеру және жою, түзелмеген қалдықтарды сору және төгу;

8) резервуарларды дайындау және техникалық куәландыру жүргізу;

9) газ кеміп қалған жерде топырақты толық жою үшін оларды жағу;

10) ГРП, ГТС, ГТП, АТҚС отпен жұмыстар жүргізу;

11) баллондарды және газ баллонды машиналарды толтыру жатады.

411. Дәнекерлеуді қолданбай жеке газ құралдарын және аппараттарын, жеке баллонды қондырғыларды пайдалануға енгізуден, диаметрі 50 мм аспайтын төмен қысымды газ құбырларында дәнекерлеуді және газбен кесуді қолданбай жөндеу жұмыстарын жүргізуден, диаметрі 50 мм аспайтын газ құбырларын демонтаждаудан, құдықтарды пайдалану, қарау, жөндеу және желдету процесінде резервуарлар мен баллондарды толтырудан, сыртқы газ құбырларында суды және конденсаторды тексеру мен жоюдан, ГТС, ГТП, АТҚС, газ құралдары мен аппараттарының жарамсыз қалдықтарын төгуден басқа, газ қауіпті жұмыстар басшының немесе маманның жетекшілігімен орындалады.

Аталған жұмыстар бойынша жетекшілікті аса білікті персоналға тапсыруға жол беріледі.

412. Газ қауіпті жұмыстарды құрамында кемінде екі жұмысшы бар бригада орындайды.

Ескертпе: Тереңдігі 1 м астам құдықтарда, траншеялар мен қазаншұңқырларда, коллекторларда және резервуарлардың ішінде жөндеу жұмыстарын кемінде 3 жұмысшыдан тұратын бригада жүргізеді.

Кәсіпорындардың жеке баллонды қондырғыларды пайдалануға беруді, газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуді, өндірістік емес сипаттағы және қоғамдық ғимараттың тұрғындарына, сондай-ақ тұрғын үйлерде жеке газ құралдарына және аппараттарға техникалық қызмет көрсетуді бір жұмысшы орындауы мүмкін.

413. Газ қауіпті жұмыстарды жүргізуге осы Талаптарға 17-қосымшаға сәйкес рұқсат наряды беріледі. Рұқсат нарядын қарындашпен толтыра отырып, мәтінге түзетулер енгізуге рұқсат берілмейді.



414. Нарядтарды беруге құқығы бар адамдар газбен жабдықтау жүйесінің кәсіпорыны немесе жеке газ қызметінің газбен жабдықтау жүйесіне пайдалануды жүзеге асырушы кәсіпорын бойынша бұйрықпен айқындалады. Бұл адамдар осы Талаптардың нормаларына сәйкес емтихан тапсырған басшы қызметкерлердің және мамандардың ішінен тағайындалады.

415. Осыған ұқсас жағдайларда, әдетте тұрақты жұмыс істейтін құрам орындайтын мерзімді қайталанатын газ қауіпті жұмыстар, өндірістік нұсқаулықтармен және қауіпсіз жұмыс тәсілі бойынша нұсқаулықтармен әрбір жұмыс түріне бекітілген рұқсат нарядын ресімдемей жүргізілуі мүмкін. Оған 412-тармақта аталған жұмыстар жатады: тиек арматурасына және конденсаторларға техникалық қызмет көрсету, теміржол және автомобиль цистерналардан қайта төгу, резервуарларды, баллондарды сұйылтылған газбен қайта толтыру; технологиялық процестің ажырамас бөлігі болып табылатын өнеркәсіптік пештер мен агрегаттардағы жұмыстар. Аталған жұмыстар арнайы газ қауіпті жұмыстарды есепке алу журналында тіркеледі. Журнал тігіледі және мөрмен бекітіледі, парақтары нөмірленеді.

416. Қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің газ желілеріне, жоғары қысымды газ құбырларына газ жіберуді, жоғары және орта қысымды газ құбырларын қосу бойынша жұмыстарды, ГРП, ГТС, ГТП, АТҚС дәнекерлеуді және газбен кесуді қолдана отырып, жөндеу жұмыстарын, орта және жоғары қысымды "газдың астында" дәнекерлеу мен газбен кесуді қолдана отырып, газ құбырларында жөндеу жұмыстарын, тұтынушыларды ажыратумен байланысты орта және жоғары қысымды газ құбырларындағы газ қысымын азайту мен қалпына келтіруді, кәсіпорындағы газды ажырату мен одан әрі жалпы қосуды, ГТС, АТҚС, ГТП сұйылтылған газы бар резервуарларды бастапқы толтыруды газ тарату жүйелерін пайдаланушы және газ тұтынушы ұйымдардың бас инженері, ал аталған жұмыстарды орындау кезінде кәсіпорынның газ қызметі күштерінде – осы кәсіпорынның бас маманы бекіткен арнайы жоспар бойынша жүргізеді.

417. Жұмыс жоспарында: жұмыстардың жүргізілу, адамдардың орналасу реттілігі, механизмдер мен саймандарға қажеттілігі; аталған жұмыстардың барынша қауіпсіз өтуін қамтамасыз ететін іс-шаралар; газ қауіпті жұмыстардың жүргізілуіне жауапты адамдар (жеке әрбір жұмыс учаскесінде), іс-әрекеттерге жалпы басшылық және оны үйлестіру көрсетіледі.

418. Әрбір жауапты адамға жұмыс жоспарына сәйкес газ қауіпті жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсат наряды беріледі.

419. Жұмыс жоспарына және рұқсат нарядына жүргізілетін жұмыстың орны мен сипаты көрсетілген орындау сызбасы немесе оның көшірме нұсқасы қоса

беріледі. Газ қауіпті жұмыстарды бастар алдында, оны жүргізуге жауапты адам орындау сызбасы мен оның көшірме нұсқасының объектінің іс жүзіндегі орналасу орнына сәйкестігін тексереді.

420. Аварияларды оқшаулау және жою бойынша жұмыстар адамдардың өміріне тікелей қауіпін жойғанға және материалдық құндылықтардың зақымдалуын анықтағанға дейін рұқсат нарядынсыз жүргізіледі. Қауіпті жойғаннан кейін газ құбырларын және газ жабдықтарын техникалық дұрыс жағдайға келтіру жұмыстары рұқсат наряды бойынша жүргізіледі.

Ескертпе: Егер аварияларды басынан аяғына дейін авариялық қызмет жойса, онда рұқсат нарядын жасау талап етілмейді.

421. Газ қауіпті жұмыстарға рұқсат нарядтары алдын ала, қажетті жұмыстарды жүргізу үшін беріледі. Рұқсат нарядында қолданылу мерзімі, жұмыстың басталу және аяқталу уақыты көрсетіледі. Жұмысты белгіленген мерзімде аяқтау мүмкін болмаса, газ қауіпті жұмыстарға рұқсат нарядын берген адам оны ұзарта алады.

Рұқсат нарядтар осы Талаптарға 18-қосымшаға сәйкес арнайы журналда тіркеледі.

Жауапты адам рұқсат нарядын алғанда және жұмыс аяқталғаннан кейін оны қайтарғанда журналға қол қоюға міндетті.

422. Рұқсат нарядтар кемінде 1 жыл сақталады. Бастапқы газ жіберуге, жұмыс істеп тұрған газ өткізгішіне енгізуге, дәнекерлеуді қолдана отырып, көтергіш газ құбырларында жөндеу жұмыстарын жүргізуге берілетін рұқсат нарядтар аталған объектіге арналған орындаушылық-техникалық құжаттамада сақталады.

423. Егер рұқсат наряды бойынша орындалатын газ қауіпті жұмыстар 1 күннен артық жүргізілсе, оларды орындауға жауапты адам осы жұмысқа рұқсат нарядын берген адамға жұмыстың барысы туралы күн сайын баяндауға міндетті.

424. Иссапарға жіберілген персоналға газ қауіпті жұмыстарға рұқсат наряды барлық іссапар мерзіміне беріледі. Жұмыс өндірісін жұмысты жүргізетін ұйым тағайындайтын адам бақылайды.

425. Газ қауіпті жұмыстар басталар алдында, оны жүргізуге жауапты адам барлық жұмысшылармен қажетті қауіпсіздік шаралары туралы нұсқама жасауға міндетті. Одан кейін нұсқама алған әрбір жұмысшы рұқсат нарядқа қол қояды.

426. Газ қауіпті жұмыстарды жүргізу процесінде барлық тапсырмаларды жұмысқа жауапты адам береді. Жұмыс жүргізу кезінде қатысатын басқа да лауазымды адамдар мен жетекшілер тек осы жұмысты жүргізуге жауапты адам арқылы ғана жұмысшыларға нұсқама беруі мүмкін.

427. Газ қауіпті жұмыстар әдетте күндізгі уақытта орындалады. Аварияларды жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстар кез келген уақытта маманның немесе басшының тікелей басшылығымен орындалады.

Ескертпе: Солтүстік климаттық аймақтағы қалаларда газ қауіпті жұмыстар түнгі уақытта жүргізіледі.

428. Қабылдау комиссиясы қабылдамаған қайта жаңадан салынған газ құбырларын және газ тұтыну объектілерін жұмыс істеп тұрғандарға қосуға жол берілмейді.

429. Комиссия қабылдаған, бірақ 6 ай ішінде пайдалануға берілмеген объектілерде газды жіберер алдында газ құбырларының қымталуына қайта сынау жүргізілуі, электр химиялық қорғау қондырғыларының жұмысы, түтінді бұратын желдету жүйесінің жағдайына, газ жабдықтарының, арматураның, өлшеу және автоматтандыру құралдарының жинағы және дұрыстығы тексеріледі.

430. Қайта салынған газ құбырларын және объектілерді жұмыс істеп тұрған газ құбырларына қосу тек осы газ құбырлары мен объектілеріне газ жіберу кезінде жүргізіледі.

431. Барлық газ құбырлары мен газ жабдығын жұмыс істеп тұрған газ құбырларына қосар алдында, сондай-ақ жөндеуден кейін оларды газ жіберетін бригада сыртынан қарап тексереді және бақылап нығыздайды.

432. Бақылап нығыздау ауамен немесе инертті газбен орындалады.

433. Барлық қысымдағы сыртқы газ құбырлары 0,2 Мпа (2000 мм су бағ.) қысыммен бақылап нығыздауға жатады. Қысымның түсуі 1 сағатта 10 даПа (10 мм су бағ.) аспайды.

Ескертпе: Егер сыртқы газ құбырының төмен қысымды учаскелері гидроқақпақтармен ажыратылса, онда ондай газ құбырларын бақылап нығыздау 400 даПа (400 мм су бағ.) қысыммен жүргізілуі мүмкін. Қысымның түсуі 10 минутта 5 даПа (5 мм су бағ.) аспайды.

434. Өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, қазандықтардың, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындардың ішкі газ құбырларының, сондай-ақ ГТҚ (газ тарату қондырғысы) ГТС, ГТП, АТҚС газ құбырларының бақылау сығымдалуы 0,01 Мпа (1000 мм су бағ.) қысыммен жүргізіледі. Қысымның түсуі сағатына 20 даПа (60 мм су бағ.) аспайды.

435. Коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындардың, тұрғын үйлердің және қоғамдық ғимараттардың ішкі газ құбырларын және газ жабдықтарын бақылап нығыздау 500 даПа (500 мм су бағ.) жүргізіледі. Қысымның түсуі 5 минутқа 20 даПа (20 мм су бағ.) аспайды.

436. Резервуарлар, резервуарлық және топтық баллонды қондырғылар орап байланған газ құбырлары 1 сағат ішінде 0,3 Мпа (3 кгс/шаршы см) қысыммен сыналады. Бақылап нығыздау нәтижелері манометр бойынша қысымның айтарлықтай түсуі және сабын эмульсиясының көмегімен айқындалатын кемуі болмаған кезде оң болып есептеледі.

437. Бақылап нығыздау нәтижелері газ қауіпті жұмыстарды орындауға арналған рұқсат нарядында жазылады.

438. Қосылатын өткізгіштердегі ауа қысымы оларды қосу немесе газды жіберу бойынша жұмыстар басталғанға дейін сақталады.

439. Егер қаралған және бақылап нығыздауға ұшыраған газ құбырлары газбен толтырылмаса, онда газ жіберу жөніндегі жұмыстарды қалпына келтірген кезде олар қайта қаралып, сығымдалады.

440. Газдалған ортадағы жөндеу жұмыстары кезінде ұшқын шығару мүмкіндігін болдырмайтын түсті металдан жасалған құрал-саймандар қолданылады. Құрал-саймандардың қара металдан жасалған жұмыс бөлігі солидолмен немесе басқа маймен үнемі майланады.

Газдалған ортада ұшқын шашатын электр және метрикалық құрал-саймандарды қолдануға жол берілмейді.

441. Құдықта, резервуарларда, ГРП, ГТС, ГТП, АЗС үй-жайларында газ қауіпті жұмыстарды орындайтын жұмысшылар мен мамандардың аяқ киімі болат тағалаусыз және шегесіз болады.

442. Газ қауіпті жұмыстарды орындау кезінде жарылыстан қорғалған тасымалданатын шамдар қолданылады.

443. Жабындары бар құдықтарда, үнгіжолдарда, коллекторларда, техникалық еден астарларында, ГРП және ГТС, АТҚС, ГТП аумағында жұмыс істеп тұрған газ құбырларында, ажыратпай және оны ауамен немесе инертті газбен желдетпей дәнекерлеуге және газбен кесуді жүргізуге жол берілмейді. Газ құбырларын ажыратқаннан соң тиек қондырғыларынан кейін тығын орнатылады.

444. Газ құдықтарында дәнекерлеуге және кесуге, сондай-ақ арматураны, компенсаторларды және оқшаулау фланецтерін ауыстыруға жабындарды толық жапқаннан кейін ғана жол беріледі.

445. Құдықтарда, шұңқыр ұраларда және коллекторларда дәнекерлеуді немесе газбен кесуді бастар алдында ауаның газдануын тексеру жүргізіледі. Ауадағы газдың көлемдік үлесі төменгі тұтану шегінен 20 %-дан аспайды. Сынамалар аса нашар желдетілетін орындарда іріктеледі.

Газ құбырларында дәнекерлеу жұмыстарын жүргізудің барлық уақыты ішінде ауаны желдеткішпен немесе компрессормен айдау жолымен құдықтар мен шұңқыр ұралар желдетіледі.

446. Жұмыс істеп тұрған газ құбырларында, оларға газ құбырларын қосу және жөндеу кезінде дәнекерлеу немесе газбен кесу газдың 40-150 даПа (150 мм су бағ.) қысымымен жүргізіледі. Аталған қысымның болуы барлық жұмыстардың орындалу уақыты ішінде тексерілуге тиіс. Қысым 40 даПа (40 мм су бағ.) төмен түскенде және 150 даПа (150 мм су бағ.) асқанда кесуді немесе дәнекерлеуді тоқтатқан жөн.

Жұмыстардың қауіпсіздігін және орындалу сапасын қамтамасыз ететін арнайы саймандарды қолдану кезінде қысымды төмендетпей газ құбырын қосуға жол беріледі.

Жұмыстардың жүргізілу орындарында қысымды бақылау үшін манометр орнатылады немесе жұмыс жүргізу орнында 100 м астам қашықтықта орналасқан манометр пайдаланылады.

447. Жұмыс істеп тұрған ішкі газ құбырларында қосымша жабдықтарды орнату бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде дәнекерлеу мен кесуді ауамен немесе инертті газбен үрленетін ажыратылған учаскелерде жүргізген жөн.

448. Жұмыс істеп тұрған газ құбырларына жаңа газ құбырларын қосу бойынша жұмыстарды орындау кезінде газ қысымының төмендеуі ажырату құралдарының немесе қысымды реттегіштердің көмегімен жүргізіледі.

Газ құбырының осы учаскесіндегі газ қысымының артуына жол бермеу үшін қолда бар конденсатор жинақтарын, гидроқақпақты пайдаланған, ал қажет болған жағдайда (қосу бойынша жұмыстардың басында) мүмкіндігінше жағу, газды шығаруға арналған ажыратқыш құралдармен шығару құбырын орнатқан жөн.

449. Газ құбырын жұмыс істеп тұрған газ құбырына қосу амалын газ тарату жүйесін пайдалану мен газ тұтынушы ұйым немесе осы функцияны орындайтын ұйым айқындайды.

450. "Газ астындағы" газ құбырын кесуді газ тарату жүйесін пайдаланушы және газ тұтынушы ұйым әзірлейтін арнайы нұсқаулық бойынша жүргізген жөн.

451. Газ құбырларының, арматураның және құралдардың герметикалануын отпен тексеруге жол берілмейді.

452. Газ қауіпті жұмыстарды жүргізу орындарында бөгде адамның болуына, сондай-ақ шылым шегуге және ашық от көздерін пайдалануға жол берілмейді.

Шұңқыр ұралар мен құдықтарда жұмыстар жүргізу кезінде олар қоршалыады. Жұмыс орнына жақын жерлерде ескерту белгілері ілінеді немесе қойылады.

453. Жұмыс істеп тұрған газ құбырларында газбен кесу немесе дәнекерлеу жұмыстары кезінде, сондай-ақ шойын газ құбырларының қоныштарына қорғасын құю кезінде газ шыққан орында үлкен жалынның түзілуіне жол бермеу үшін асбест қақпағымен шамотты саз балшық жағу қажет.

454. Тұтынушыларға тармақтарда, сондай-ақ жекелеген ғимараттарға кірер жерлерде орнатылған тығындарды жою осы Талаптардың 431-439-тармақтарына сәйкес газ құбырларын қарағаннан және нығыздау жүргізілгеннен кейін газ беру бойынша жұмыстарға жетекшілік ететін адамның нұсқауы бойынша жүргізіледі.

455. Егер оның дұрыстығы, газ жабдығының жарамдылығы қарау жолымен тексерілмесе және бақылап нығыздау жүргізілмесе, газ құбырына газды жіберуге жол берілмейді.

456. Жаңадан салынған тұрғын үйлердегі газ құбырларына және газ жабдығына газ жіберу, үйдегі пәтерлердің жалпы санының кемінде 80 %-ына тұрғындар орналасқанда, әдетте үй тұрғындары көшіп келгенге дейін жүргізіледі.

Газ жіберу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұйымдық және техникалық шараларды қабылдау тәртібі газ тарату жүйелерін пайдалану мен газ тұтынушы ұйымдардың нұсқаулығымен белгіленеді.

Жіберу жұмыстары аяқталғаннан кейін газ құралдары мен аппараттары тұрғын үй-пайдалану ұйымының өкіліне немесе жеке меншік құқығындағы пәтер иелеріне сақтау үшін тапсырылады.

457. Газ жіберген кезде газ құбырлары барлық ауаны шығарға дейін газбен үрленеді. Үрлеудің аяқталуы іріктелген сынамаларды талдау және тұтату жолымен айқындалады.

Газ сынамасындағы оттегінің көлемдік үлесі 1 %-дан аспайды, ал газдың жануы дыбыссыз баяу болады.

Газ құбырлары газдан босаған кезде ауамен немесе инертті газбен газ толық ығыстырылғанға дейін үрленеді. Үрлеудің аяқталуы талдаумен айқындалады. Үрленген ауадағы газдың көлемді қалған үлесі газдың төменгі тұтану шегінің 20 %-ынан аспайды.

Газ құбырларын үрлеу кезінде газ-ауа қосындысын үй-жайға, сатылы торларға, сондай-ақ мұржаларға, желдету арналарына және т.б. жіберуге рұқсат етілмейді. Газ құбырларын үрлеу жүргізілетін үй-жайларды желдету қажет.

Газ құбырларын үрлеу кезінде газ-ауа қосындысы, оның ғимаратқа құлауы, қандай да бір от көзінен тұтату ықтималдығы жойылған орындарда шығарылады.

458. Ғимараттарды бұзу немесе объектінің газ жабдықтарын демонтаждау кезінде газ құбырлары бұрылған жерлерінде кесіледі және тастай бекітіледі.

459. Газдалған құдықтарда, коллекторлар мен үй-жайларда, сондай-ақ үй-жайдан тыс газдалған атмосферада жөндеу жұмыстары ашық отты (дәнекерлеу, газбен кесу) қолданбай жүргізіледі.

460. Ішкі қарау және жөндеу кезінде, қазандықтар мен басқа да газдалған агрегаттар тығынның көмегімен газ құбырынан ажыратылады.

Қазандық және агрегат оттығындағы жұмыстарды, тек оны желдеткеннен және газдалуын тексергеннен кейін ғана жүргізуге рұқсат етіледі.

461. Тұтқасы жоқ құдықтарға, шұңқыр ұраларға, сондай-ақ резервуарларға жұмысшыларды түсіру үшін құдықтың, шұңқыр ұраның шетіне, резервуардың люгіне бекітілетін сайманы бар металл сатылар қолданылады.

462. Ажыратылмаған газ құбырлары бар құдықтар мен шұңқыр ұраларда бір уақытта екеуден аспайтын адамның болуына рұқсат етіледі, бұл ретте жұмыстарды олар құтқару белдіктерімен, газ шығатын жағдайларда газқағарлармен орындайды.

Жер бетінде жел жағынан, сондай-ақ резервуар люгінің жанында екі адам болады, олар жоғарыда аталған құрылыстардың ішіндегі жұмысшылардың құтқару белдіктеріндегі арқанның ұшын ұстап тұруға, оларға және шлангі газқағардың ауа жинаушы трубкаларына үнемі бақылау жүргізуге, жұмыс орнында бөгде адамдардың болуына жол бермеуге міндетті.

463. Сыртқы және ішкі газ құбырларында орнатылған жабдықтарды (арматура, фильтрлер, есептеуіштер және т.б.) ашу және ауыстыру газ құбырдың ажыратылған учаскесінде жүргізіледі. Ажыратылған қондырғыларда тығын орнатылады.

464. Газ құбырларында орнатылатын тығындар газ құбырындағы газдың ең жоғары қысымына сәйкес келеді. Оларда фланцтердің шегінен тыс тұратын ұштары болады. Тығындардың ұштарында газ қысымы және газ құбырының диаметрі көрсетілген таңба ойылып жазылады.

465. Тиек арматурасының сальниктерін толтыру, орта және жоғары қысымды сыртқы газ құбырларында конденсаторлар жинаушылардың бұранда қосылыстарын бөлшектеу газ қысымы 0,1 Мпа (1 кгс/шаршы см) артық болмаған жағдайда жол беріледі.

466. Кез келген қысымдағы ішкі газ құбырындағы фланецті, бұранда қосылыстарын және арматура жабындарын ауыстыру газ құбырының ажыратылған және тұйықталған учаскесінде жүргізіледі.

467. Кез келген қысымдағы ішкі газ құбырындағы фланецті, бұранда қосылыстарын және арматураны бөлшектеу газ құбырының ажыратылған және тұйықталған учаскесінде жүргізіледі.

468. Қажетті сақтандыру шараларын сақтаған кезде диаметрі 50 м дейінгі газ құбырларындағы үй ішіндегі газ жабдығының кранын майлау газ қысымы 300 даПа (300 мм су бағаны) аспаған жағдайда жол беріледі.

469. Газ құбырларында және жабдықтарда жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде газдалған үй-жайдың сыртында, жақын жерлерде от көздерінің болмауын қадағалауға міндетті адам болады. Газдалған үй-жайдың сыртқы есіктері үнемі ашық тұрады.

470. Жер асты газ құбырларында газ құбырларын ажыратумен (жапқыштарды ауыстыру, тығындарды, жабындарды алу және орнату және т.б.) байланысты жөндеу жұмыстарын бастар алдында бар электр қорғанысын ажырату және ұшқынның түзілуін болдырмау мақсатында ажыратқыш газ құбырларында тосқауыл (егер стационарлы орнатылған тосқауыл болмаса) орнату қажет.

471. Газ құбырларында тазалауға, (метал сүмбімен), еріткіштерді құюға немесе бу беру жолымен мұз, шайыр, нафталинді және басқа да тығындарды

орнатуға газ құбырындағы газ қысымы 50 даПа (500 мм су. бағ.) аспаған жағдайда рұқсат етіледі. Газ құбырын жылыту үшін ашық отты қолдануға жол берілмейді.

472. Газ құбырларында тығындарды орнатқан кезде, газ құбырынан газдың шығуын барынша азайтатын шаралар қолданылады. Жұмыстар шлангті және оттегі оқшаулағыш газқағарларымен жүргізіледі. Бөлмеге газдың кіруіне жол берілмейді.

473. Газ құбырларын тазалау кезінде тұтынушыларға газ құралдарын жұмыстар аяқталғанға дейін ажырату қажеттілігі туралы алдын ала ескертіледі.

474. Газ құбырындағы тығындарды жою үшін бөлшектелген бұранда және фланецті қосылыстар жинақталғаннан кейін герметикалылығы сабын эмульсиясымен немесе газталдағышпен тексеріледі.

475. Жұмысшыларды жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге және осы құралдардың дұрыстығына жауапты адам газ қауіпті жұмыстарға жетекшілік ететін маман, 413-тармаққа сәйкес жетекшіліксіз жүргізуі мүмкін жұмыстарды орындау кезінде – тапсырманы берген адам болып табылады.

Газ қауіпті жұмыстарға рұқсат нарядын берген кезде жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етілуі және оның дұрыстығы анықталады. Жұмыс орнын ұйымдастыру кезінде жұмыс жетекшісі жұмысшылардың қауіпсіз аймаққа жылдам өту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

476. Рұқсат наряды бойынша жұмыс істейтін әрбір жұмысшының шлангті немесе оттегі оқшаулағыш газқағары болады.

Сүзгі газқағарларды қолдануға жол берілмейді. Ішкі газ құбырларында жұмысшылардың жұмыстарды орындау кезінде газқағардың болу қажеттілігі осы жұмыстарға арналған рұқсат нарядпен айқындалады.

477. Оттегі оқшаулағыш газқағарларды пайдалануға рұқсатты әрбір жағдайда жұмыс жетекшісі медициналық куәландырудан және осындай газқағарларды пайдалану қағидасы туралы арнайы нұсқамадан өткен адамдарға береді.

478. Оттегі оқшаулағыш газқағармен жұмыс жүргізу кезінде газқағар баллонындағы қалған оттегі қысымы жұмысшының өндіріс орнына және газдалмаған аймаққа қайтуын қамтамасыз етуі қажет.

479. Газқағармен үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығы – 30 минут. Оттегі оқшаулағыш газқағармен жұмыс уақытын газқағар паспортында жазған жөн.

480. Шлангті газқағардың ауа жинаушы потрубкасы жұмыс жүргізу кезінде газ бөлінетін орыннан жел жағына орналастырылады және бекітіледі. Желдеткішпен ауаны мәжбүрлеп беру кезінде шлангтың рұқсат етілген ұзындығы – 15 м, шланг күрт бүгілмеуге және бір нәрсемен қысылып қалмауға тиіс.



481. Құтқару белдіктерінде арқанды бекітуге арналған, олардың қосылатын жағында шығыры бар иыққа салатын белбеуі болады. Белдік шығыры жауырынынан төмен орналаспайтындай етіп жасалуы керек. Иыққа салатын белбеусіз белдіктерді қолдануға жол берілмейді.

482. Әрбір қауіпті жұмысты жүргізер алдында газқағарлардың герметикалылығы тексеріледі. Киіліп тұрған газқағарда гофрланған түтіктің ұшы қолмен қысылады. Егер осындай жағдайда тыныс алу мүмкін болмаса, газқағар ақаулы, ал егер тыныс алуға болса, онда газқағар қолдануға жарамды.

483. Карабиндерге арналған шығыры бар құтқару белдіктері былайша сыналады: екі қаптырмасы тағылған белдік шығырына салмағы 200 кг жүк ілінеді, ол сондай ілінген жағдайда 5 минут тұрады. Жүкті алғаннан кейін белдікте зақымдану белгілері болмауы керек.

484. Белдік карабиндері салмағы 200 кг жүкпен сыналады. Ашық затворлы карабин жүкпен 5 минут тұрады. Жүкті алғаннан кейін босатылған тетігі дұрыс және еркін өз орнына келтіріледі.

485. Арнайы арқан 15 минут ішінде салмағы 200 кг жүкпен сыналады. Жүкті алғаннан кейін арқанда жалпы және жекелеген жіптерінде зақымдануларға жол берілмейді.

486. Құтқару белдіктерін, белдік карабиндерін және құтқару арқандарын сынау 6 айда кемінде 1 рет маманның немесе жетекшінің басшылығымен жүргізіледі. Сынау нәтижелері актімен немесе арнайы журналдағы жазбамен ресімделеді.

Белдіктерді, карабиндерді және арқандарды берер алдында оларды сыртынан қарап тексеру жүргізіледі. Әрбір белдік пен арқанның түгендеу нөмірі болады.

Динамикалы түрде жыртылған белдік пайдаланудан алынып тасталады.

## **6. Аварияларды оқшаулау және жою**

487. Газ тарату жүйелері мен газ тұтынушы объектілердегі инциденттер мен аварияларды оқшаулау мен жою үшін газбен жабдықтау ұйымдары демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, тәуліктік режимде жұмыс істейтін мамандандырылған бөлімшелер (авариялық-қалпына келтіру жұмыстары қызметтері, авариялық-диспетчерлік қызметтер, авариялық бекеттер) құрылады. Авариялық-диспетчерлік қызмет (бұдан әрі – АДҚ) пен олардың филиалдарының штатын, материалдық-техникалық жарақталуын, сондай-ақ техникалық және жедел-пайдалану құжаттамасымен жасақталуын техникалық және нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес газбен жабдықтау жүйесінің кәсіпорындары айқындайды.

488. Құрамында өздеріне қызмет көрсететін газ тарату жүйелерін пайдаланушы және газ тұтынушы ұйымдары жоқ пайдалану учаскелерінде газ құбырлары, АДҚ және оның филиалдары ұйымдастырылмауы мүмкін. Ондай учаскелер оларға қажетті көмек көрсету үшін газбен жабдықтау ұйымының аса жақын орналасқан АДҚ филиалына бекітіледі (газбен жабдықтау ұйымының бұйрығымен).

489. Авариялық бригадалары бар әрбір кәсіпорында персоналдың іс-қимылы бағаланатын оқу-жаттығу сабақтары өтеді:

әр тақырып бойынша, әр бригада үшін аварияларды оқшаулау және жою жоспары бойынша – 6 айда кемінде 1 рет;

ертүрлі мақсаттағы қызметтердің өзара іс-қимыл жоспарлары бойынша – жылына кемінде 1 рет.

Оқу-жаттығу сабақтары іс жүзіндегі жағдайларға барынша жақын жағдайларда арнайы жабдықталған полигондарда жүргізіледі.

Жүргізілген оқу-жаттығу сабақтары журналда тіркеледі.

490. АДҚ барлық өтінімдері арнайы журналдарда тіркеледі. Журналда: хабарламаның (өтінімнің) келіп түскен уақыты, авариялық бригадамен оқиға орнына шығу және келу уақыты, зақымдалу сипаты белгіленеді және орындалған жұмыстар аталып өтіледі.

Газбен жабдықтау ұйымдарындағы авариялық қызметтерге телефон өтінімдері автоматты түрде жазылады. Жазбаларды сақтау мерзімі 10 тәуліктен кем болмайды. Авариялық өтінімдердің және жұмыс көлемінің уақытында орындалуын газбен жабдықтау кәсіпорнының басшысы жүйелі түрде бақылайды. Барлық өтінімдерді талдау негізінде газ тарату жүйесі мен газ тұтынушы объектілерге техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды жақсарту бойынша іс-шаралар әзірленеді.

491. Газдың бар болуы туралы хабарлама (өтінім) алған кезде диспетчер өтініш берушіге қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдау туралы нұсқама береді.

492. Авариялық өтінімдерді орындау бойынша жұмыстардың ұйымдастырылуы негізінде АДҚ бригадасының (АДҚ және оның филиалдары ұйымдастырылмайтын пайдалану учаскесінің персоналы) АДҚ туралы қағидада белгіленген аса қысқа мерзімде, бірақ 40 минуттан кешікпей авариялық объектіге жетуі туралы талаптар көрсетіледі. Жарылыс, өрт, үй-жайдың газдануы туралы барлық хабарлама бойынша авариялық бригада авария орнына 5 минут ішінде шығады.

493. Авариялық бригада инциденттер мен аварияларды және олардың салдарын уақытында оқшаулау үшін арнайы авариялық машинамен,

жабдықталған радиостанциямен, дабылмен, көк түсті жылтылдайтын маякпен және жасақталған құрал-саймандармен, бақылау материалдарымен, құралдарымен, жабдықтарымен және аспаптармен шығады.

Жер бетіндегі және жер астындағы аварияларды оқшаулауға шыққан кезде авариялық бригаданың планшеттері (бағыттық карталары) және қажетті орындаушылық-техникалық құжаттамасы (газ құбырының жоспарлары, дәнекерлеу схемасы) болады.

494. Авариялық машиналарды өз мақсатынан тыс пайдалануға жол берілмейді.

495. Жертөлелерде, тоннельдерде, коллекторларда, кіре берістерде көлемді газ үлесі, ғимараттың 1 қабаттағы үй-жайларында 1 % немесе СМГ үшін 0,4 % табиғи газ анықталған жағдайда, газдалған объектінің, ғимараттың, бөлменің, газ тарату жүйесі объектілерінің қорғау аймақтарында өрт болған кезде, газ құбырларын газбен қамтамасыз ету жүйелерінен бірден ажырату және қауіпсіз аймақтан адамдарды эвакуациялау бойынша шаралар қабылданады.

496. Зақымдалған газ құбырына (газдың шығуын уақытша жою үшін) авариялық объектіні пайдаланушы қызметке бере отырып, бандаж немесе қамыт төсеуге рұқсат етіледі.

Жер астындағы газ құбырларына бандаждар және қамыттар төсеуге жол берілмейді.

497. АДҚ кейіннен авариялық объектіні бере отырып, аварияларды және инциденттерді оқшаулауға және жоюға пайдаланушы қызметті тартуға құқығы бар.

## **7. Газды бақылау объектілері**

- 1) газ құбырлары және олардағы жабдық;
- 2) газ отынымен жұмыс істейтін пеш, оттық;
- 3) металды кесу бекеті (жылжымалыдан басқа);
- 4) ГРС, газ реттеуші қондырғылар, ГРП;
- 5) сұйытылған газдың топтық резервуарлық және баллонды қондырғылары;
- 6) үй ішіндегі газ құбырлары (газ тұтыну жүйелері), тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың газ жабдығы;
- 7) төгу-құю эстакадасы;
- 8) газды сақтауға арналған резервуар;
- 9) сорғы-компрессорлық бөлім;
- 10) баллондарды толтыру бөлімі;
- 11) ауыр қалдықтарды төгу бөлімі;
- 12) автоотын құю колонкасы;

13) сұйытылған газды ауамен араластыру жөніндегі бөлім;

14) қоғамдық тамақтану кәсіпорындарындағы (мейрамханалар, дәмханалар, асханалар, буфеттер) мейрамханалық газ жабдығы (плиталар, су жылытқыштар, тамақ пісіру қазандары);

15) автоматиканы қоса алғанда, қазандықтардың газ жабдығы;

16) куәландыру бөлімшесі, пункті.

Газбен жабдықтау жүйелері  
объектілерінің қауіпсіздігі  
жөніндегі талаптарға  
1-қосымша

## **Газ пайдаланушы қондырғыларды қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы талаптар коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындардың, тұрғын үй қорын пайдаланушы ұйымдардың (кондоминимумды басқару органдары) лауазымды адамдарына, қоғамдық ғимараттарда газ жабдықтарының қауіпсіз пайдаланылуына жауапты адамдарға, сондай-ақ тұрмыстық тұтынушыларға қолданылады.

2. Газ жабдығының сақталуын және жарамдылығын, теңгерімінде олар тұрған ұйымдар, меншік құқығындағы үйлер мен пәтерлерде – олардың иелері қамтамасыз етеді.

3. Үйлерде, пәтерлерде тұрмыстық газ пайдаланушы қондырғыларды қауіпсіз пайдалануды және оларды тиісті жағдайда ұстауды тұрғын үй және тұрғын үй емес орынжайлардың меншік иелері немесе жазбаша жалға алу шарты негізінде тұрғын үйде тұратын адамдар қамтамасыз етеді.

Көп қабатты тұрғын үйлердегі мұржа және желдету арналарының сақталуы мен жарамды күйде болуын тұрғын үй-пайдаланушы ұйымдар, кондоминимумды басқару органдары, меншік құқығындағы үйлер мен пәтерлерде – олардың иелері қамтамасыз етеді.

